EPSON
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы

Multimedia Projector

EB-L1755U
EB-L1750U
EB-L1505UH
EB-L1500UH
EB-L1495U
EB-L1490U
EB-L1715S
EB-L1710S
EB-L1515S
EB-L1510S

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер

- **Қауіпсіздік көрсеткіштері**

Құжаттамада және проекторда проекторды қауіпсіз пайдалану жолын көрсету үшін графикалық таңбалар пайдаланылады. Белгілер мен олардың мағынасы төмендегідей. Нұсқаулықты оқымас бұрын оларды мұқият түсініп алыңыз.

⚠ **Ескерту**	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін ақпаратты көрсетеді.
⚠ **Абай болыңыз**	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты жарақат алуға немесе физикалық зақымдалуға әкелуі мүмкін екендігін көрсетеді.

- **Жалпы ақпарат көрсеткіштері**

Назар аударыңыз	Жеткілікті көңіл бөлінбесе, зақымға немесе жарақатқа әкелуі мүмкін процедураларды көрсетеді.
	Тақырыпқа байланысты пайдалы болуы мүмкін қосымша ақпарат пен нәрселерді көрсетеді.
☛	Тақырыпқа қатысты толық ақпаратты табуға болатын бетті көрсетеді.
»	Осы таңбаның алдындағы асты сызылған сөздің немесе сөздердің түсіндірмесі терминдер глоссарийінде бар екенін көрсетеді. Қосымшаның "Глоссарий" бөлімін қараңыз. ☛ «Глоссарий» 326-б
[Атауы]	Қашықтан басқару құралындағы немесе басқару тақтасындағы түймелердің атауларын көрсетеді. Мысалы: [Esc] түймесі
Menu Name	Конфигурация мәзірінің элементтерін көрсетеді. Мысалы: **Image** ішінен **Brightness** тармағын таңдаңыз. **Image** - **Brightness**

Проекторды пайдаланудан бұрын келесі нұсқауды оқып шығыңыз.
☛ *Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар*

Орнату бойынша ескерту және сақтық шаралары

Проекторды төбеге ілгенде қосымша Төбе бекіткіші қажет.
☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-6

⚠ Ескерту

- Дала, жуынатын бөлме, душ бөлмесі және т.с.с. су немесе жаңбыр, не жоғары ылғалдылыққа ұшырайтын жерде проекторды пайдаланбаңыз немесе орнатпаңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.
- Тұздың әсерінен зақымдалуы мүмкін болған орындарда немесе ыстық бұлақтағы күкірт газы сияқты коррозиялық газдар әсер ететін орындарда орнатпаңыз.
  Әйтпесе проектор коррозия себебінен құлауы мүмкін. Сонымен қатар бұл проекторға зақым келтіруі мүмкін.
- Проекторды төбеге ілу (төбеге бекіту) кезінде арнайы орнату әдісі қажет. Орнату дұрыс орындалмаса, проектор құлап түсуі мүмкін. Мұның нәтижесінде адамдар жарақат алуы не жазатайым оқиға орын алуы мүмкін. Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.
  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
- Бұрандалардың босауын болдырмау үшін төбе бекіткішін бекіту нүктелері желім жақсаңыз, немесе проекторға майлағыштар немесе майлар сияқты заттарды жақсаңыз, проектор корпусы сынып, төбе бекіткішінен құлауы мүмкін. Бұл оқыс жағдай тудыруы мүмкін немесе төбе бекіткішінің астында тұрған кез-келген адамды жарақаттауы мүмкін.
  Төбе бекіткішін орнату немесе реттеу кезінде, бұрандалардың босауын болдырмау үшін, желімдерді, майлағыштарды, майларды пайдаланбаңыз.

⚠ Ескерту

- Төбе бекіткіші мен проекторды орнатудағы сәтсіздік проектордың құлауына себеп болуы мүмкін.
  Преокторды тірейтін арнайы Epson бекіткішін орнатудан кейін проектор мен бекіткіштің салмағын көтере алатын сымның көмегімен оларды бекемдеңіз.
- Проектордың ауа кіріс саңылауы немесе ауа шығару саңылауы жаппаңыз. Тесіктердің біреуі жабылса, ішкі температура көтеріліп, өрт туындауы мүмкін.
- Объективтің алдына тұтанғыш заттарды қоймаңыз. Егер проектордағы жоспарлау функциясын автоматты түрде іске қоссаңыз, объективтің алдына қойылған тұтанғыш зат өрт шығуына себеп болуы мүмкін.
- Қуат сымын және басқа байланыс кабельдерін бірге байламаңыз. Әйтпесе өртке әкелуі мүмкін.
- Тек көрсетілген қуат кернеуін пайдаланыңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.
- Қуат сымын пайдаланған кезде абай болыңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін. Қуат сымын пайдаланған кезде, келесілерді ескеріңіз:
  - Бір электр розеткасына бірнеше қуат сымдарын қоспаңыз.
  - Қуат сымында жабысып қалған шаң сияқты бөгде заттар болса, оны розеткаға қоспаңыз.
  - Қуат сымын толықтай енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
  - Қуат сымын ылғал қолмен розеткаға қоспаңыз немесе одан ажыратпаңыз.
  - Қуат сымын ажыратқан кезде сымды тартпаңыз. Оны айырынан ұстайтыныңызға көз жеткізіңіз.

⚠ Ескерту

- Зақымдалған қуат сымын пайдаланбаңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін. Қуат сымын пайдаланған кезде, келесілерді ескеріңіз:
  - Қуат сымын өзгертпеңіз.
  - Қуат сымына ауыр заттарды қоймаңыз.
  - Қуат сымын күшпен бүкпеңіз, орамаңыз немесе тартпаңыз.
  - Қуат сымын қызу бөлетін құрылғының қасына орналастырмаңыз.

⚠ Абай болыңыз

Проекторды тұрақсыз үстел немесе еңісті бет сияқты тұрақсыз жерге қоймаңыз. Тігінен проекциялаған кезде, проекторды құлатып алмау үшін, дұрыс орнатыңыз.
Әйтпесе жарақат алу қаупі бар.

Назар аударыңыз

- Проекторды діріл немесе соғылуға ұшырайтын орынға орнатпаңыз.
- Проекторды жоғары кернеу желісі немесе магнетизм бөлетін нысанның жанына орнатпаңыз. Әйтпесе проектор дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Проекторды қалыпты шамадан тыс температураға ұшырайтын жерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Сондай-ақ, температураның кенет өзгерістерінен сақ болыңыз.

  Проекторды келесі жұмыс немесе сақтау температурасының ауқымында пайдаланатыныңызға немесе сақтайтыныңызға көз жеткізіңіз.
  - Жұмыс температурасының ауқымы

    0 бастап +50°C дейін (0 бастап 1500 м дейінгі биіктік, конденсатсыз)

    0 бастап +45°C дейін (1501 бастап 3048 м дейінгі биіктік, конденсатсыз)
  - Сақтау температурасының ауқымы: -10 бастап +60°C (конденсация жоқ)

- 1500 м асатын биіктікте пайдалансаңыз, **High Altitude Mode** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **High Altitude Mode** 168-б
- Проекторды кез келген бұрышқа орнатуға болады. Проекторды орнатқан кезде тігінен немесе көлденеңнен орнатуға қатысты ешқандай шектеу жоқ.





Назар аударыңыз

- Проекторды еңкейтіп, орнату үшін сізге арнайы орнатуға арналған бекіткіштер қажет болуы мүмкін. Кәсіби маманға хабарласып, бекіткішті дайындаңыз.
- Бекіткіш құламайтындай етіп жоспарлаңыз.
- Проектордың айналасындағы мына орындарды бекіту кезінде ауа шығару саңылауын және ауа кіргізу саңылауын бітеп алмаңыз.



- Бірнеше проекторды орнатқан кезде проекторлар арасында кемінде 50 см саңылау бар екеніне көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, ауа шығару саңылауы шыққан жылу ауа кіріс саңылауы кірмейтініне көз жеткізіңіз.



- Екі проекторды бірінің үстіне бірін қойған кезде, екі проекторды бірдей пайдаланбаңыз. Проектордың құлап кету қаупі төнбейтіндей орнатыңыз.

Назар аударыңыз

- Проектордың төбе бекіткішін бекіту нүктелері мен бекіткішті төрт нүктеге бекіту үшін сатып алуға болатын M6 бұрандаларын (тереңдігі 12 мм дейін) пайдаланыңыз.



- Проектордың ауа енгізу саңылауын төмен қаратып орнатқанда, проектор мен еденнің және т.с.с. арасы кемінде 10 см болуы керек. Ауа кіретін тесіктің бітелмеуі үшін, негізде 50 x 20 мм бос орын бар екенін тексеріңіз.



- Фокустауды, масштабтауды және объективті жылжыту мөлшерін проекциялауды бастағаннан 20 минуттан кейін орнатқан жөн, себебі проекторды қосқан кезде суреттер тұрақты болмайды.
  Кем дегенде 20 минут күтіңіз.
- Тік объективті жылжыту арқылы кескін биіктігін реттеу кезінде кескінді төменгі жақтан жоғарғы жаққа жылжыту арқылы реттеңіз. Егер ол жоғарғы жақтан төменге қарай реттелсе, реттеуден кейін кескін орны аздап жылжуы мүмкін.

Пайдалану бойынша ескерту және сақтық шаралары

⚠ Ескерту

- Проектордың ауа кіріс саңылауы немесе ауа шығару саңылауы жаппаңыз. Саңылаулардың біреуі жабылса, ішкі температура көтеріліп, өрт туындауы мүмкін.
- Проекциялау кезінде объективке қарамаңыз. Проектордан шығатын қуатты жарық көзді зақымдауы мүмкін. Әсіресе балаларға абай болыңыз. Проекторды пульттің көмегімен қашықтықтан қосқан кезде, оның объективіне ешкім қарап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты объектив қақпағымен (қозғалатын) немесе кітаппен және т.б. мен жаппаңыз.
  Проектордан шығатын жарық бұғатталса, жарық түсетін аймақ қызып, оның еруін, жануын тудырып, өртке себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, объектив шағылысатын жарықтың әсерінен қызуы мүмкін, бұл проектордың дұрыс жұмыс істемеуін тудырады. Проекциялауды тоқтату үшін A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.
- Проектордың корпусын ашпаңыз. Проекторды ешқашан бөлшектемеңіз немесе құрылысын ауыстырмаңыз. Проектордың ішінде өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе оқыс оқиғаға себеп болуы мүмкін жоғары кернеулі құрамдастар бар.
- Қате пайда болған жағдайда қуат сымын розеткадан ажыратыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. Егер проекторды сол күйінде пайдалана берсеңіз, ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе көздің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

⚠ Абай болыңыз

Ауа шығару саңылауы жанына жылу әсеріне ұшырауы мүмкін немесе деформациялануы мүмкін заттарды қоймаңыз және проекциялау барысында бетіңізді немесе қолдарыңызды саңылаудың қасына қоймаңыз.

Назар аударыңыз

- Объектив құрылғысын тек қажет болған кезде шешіп алыңыз. Проекторға шаң не кір кіріп кетсе, проекциялау сапасы төмендеуі және ақаулыққа себеп болуы мүмкін.
- Объектив бөлігіне қолыңызды не саусақтарыңызды тигізбеуге тырысыңыз. Объектив бетінде саусақ іздері не май қалып қойса, проекциялау сапасы төмендейді.
- Проекторды объектив құрылғысын орнатып сақтаңыз. Проекторды объектив құрылғысынсыз сақтасаңыз, проектордың ішіне шаң мен кір кіріп, ақаулыққа себеп болуы не проекциялау сапасын төмендетуі мүмкін.
- Сақтау кезінде, қашықтықтан басқару пультінен батареяларды алып тастаңыз. Қашықтан басқару пультінде батареялар ұзақ уақытқа қалса, олардан сұйықтық ағуы мүмкін.

- СКД панелі туралы
  - СКД панелі жоқ пиксельдерден тұруы мүмкін немесе барлық уақытта жарық болып тұрады. Ол қатенің белгісі емес.
  - Тіпті қолданылмай тұрғанның өзінде проекциялау объективінің беті арқылы өтетін қуатты лазер шыққанда, ол СКД панелінің ақаулығына себеп болуы мүмкін. Проекторды сақтау кезінде объектив қақпағын бекітіп қойыңыз.

- Жарық көзі туралы

  Проектор лазерді жарық көзі ретінде пайдаланады. Лазердің сипаттамалары төмендегідей.
  - Қоршаған ортаға байланысты, жарық көзінің жарықтығы нашарлауы мүмкін. Температура өте жоғары болғанда жарықтық қатты нашарлайды.
  - Жарық көзінің жарықтығы қолданылған сайын нашарлай береді. **Brightness Settings** параметрінде қолданыс уақыты мен жарықтықтағы нашарлау арасындағы қатынасты өзгерте аласыз.

    ☛ «Brightness Level және жарық көзінің жұмыс уақыты арасындағы қатынас» 87-б

- Жарық көзін калибрлеу
  - Қолдану уақыты 100 сағатқа жеткен кезде, проектор өшіп тұрған уақытта жарық көзі үшін калибрлеу процесі автоматты түрде басталады. Алайда, проектор 24 сағаттан артық үздіксіз жұмыс істеген жағдайда немесе әрдайым тікелей өшірілген жағдайда ол автоматты түрде басталмайды. Жоспарлау функциясында **Light Source Calibration** параметрін орнатыңыз.

    ☛ «Жоспарлау функциясы» 130-б
  - Жарық көзін калибрлеу кезінде ақ түстің балансы мен жарық көзіне арналған жарықтық деңгейінің айырмашылығы түзетіледі.

Лазердегі ескерту мен сақтандырулар

⚠ Ескерту

- Лазер туралы ескерту жапсырмалары проектордың ішіне және проектордың бүйіріне жапсырылған.

Іші

⚠ CAUTION / DANGER

CAUTION / DANGER:	CLASS 4 LASER RADIATION WHEN OPEN AVOID EYE OR SKIN EXPOSURE TO DIRECT OR SCATTERED RADIATION
ATTENTION / DANGER:	EN CAS D'OUVERTURE RAYONNEMENT LASER DE CLASSE 4 ÉVITER L'EXPOSITION DES YEUX OU DE LA PEAU AUX RAYONNEMENTS DIRECTS OU DIFFUÉS
PRECAUCIÓN / PELIGRO:	RADIACIÓN LÁSER DE CLASE 4 CUANDO ESTÁ ABIERTO EVITAR LA EXPOSICIÓN DE OJOS O PIEL A LA RADIACIÓN DIRECTA O DISPERSA
ACHTUNG / GEFAHR:	LASERSTRAHLUNG KLASSE 4 WENN GEÖFFNET BESTRAHLUNG VON AUGE ODER HAUT DURCH DIREKTE ODER STREUSTRAHLUNG VERMEIDEN
注意/危險:	**打开时有4类激光辐射 避免眼或皮肤受到直射或散射辐射的照射**
注意/危險:	打開時具有第4級(CLASS 4)雷射 避免眼睛或皮膚暴露於直射或散射的輻射
주의/위험:	개방시 4 등급 레이저 제품 직접 혹은 분사 방사에 대한 눈 또는 피부 노출을 피하시오
注意/危険：	ここを開くとクラス4のレーザ放射が出るビームや散乱光の目又は皮膚への被ばくを避けること

⚠ Ескерту

Бүйірі



⚠ Ескерту

- Проектордың корпусын ашпаңыз. Проекторда қуаты жоғары лазер бар.
- Проекциялау кезінде проекциялық линзадан шығатын лазер сәулесіне қарамаңыз. (RG2 IEC/EN 62471-5 стандартына негізделген: 2015)
- Проектордың экранға дейінгі қашықтықтың еніне қатынасы 2,5 (EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1715S/EB-L1710S) немесе 3,0 (EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U/EB-L1515S/EB-L1510S) шамасынан асатын өзара ауыспалы линза орнатылғанда, бұл проектор RG3 болуы мүмкін. Жұмыс алдында линза тізімі мен қауіпті қашықтық туралы ақпаратты нұсқаулықтан қараңыз. Проектор мен линзаның мұндай комбинациялары тұтынушының пайдалануына емес, кәсіби мақсатта пайдалануға арналған.

⚠ Абай болыңыз

- Бұл проектор - лазерлерге арналған IEC/EN60825-1: 2014 халықаралық стандартына сай келетін 1-класты лазерлік өнім.
- Проекторды жою барысында оны бөлшектемеңіз. Жергілікті немесе мемлекеттік заңдар мен ережелерге сәйкес жойыңыз.

Тасымалдау бойынша ескертпелер

Проектор ішінде көптеген шыны бөлшектер мен дәл өндірілген құрамдас бөліктер бар. Тасымалдау кезінде соққыдан зақымдалмауы үшін проекторды төмендегідей ұстаңыз.

⚠ Абай болыңыз

Проекторды жалғыз адам тасымауы керек. Проектордың орамасын ашу немесе оны көтеріп жүру үшін кемінде екі адам керек.

Назар аударыңыз

- Жақын жерге апару
  - Проектордың қуатын өшіріңіз және барлық кабельдерін ағытыңыз.
  - Объективке қақпағын бекітіңіз.

- Тасымалдаған кезде
  "Жақын жерге апару" азат жолында берілген жағдайларды тексергеннен кейін төмендегілерді дайындап, проекторды қаптаңыз.
  - Қосымша объектив орнатылған болса, объектив құрылғысын алып тастаңыз.
  - Проекторда объектив болмаса, проекторды сатып алған кезде объектив бекіткішінде болған қақпақты бекітіңіз.
  - Проекторда орнатылған объектив болса, объективті бекітіңіз. Сатып алған кезде, объектив құрылғысының айналасына бекітілген қорғағыш төсемді бекітіңіз.
  - Объективті бастапқы орнына жылжытыңыз.
    ☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-6
  - Соққылардан қорғау үшін проекторды орау материалына мықтап орап, берік контейнерге салыңыз. Тасымалдаушы компанияға бұл жабдық жоғары дәлдікті болып табылатынын және оны көлденең күйде тасымалдау керек екенін міндетті түрде ескертіңіз.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер 2

Кіріспе

Бөлік атаулары және функциялар 17

Алды/үсті 17
Арты 18
Интерфейс 19
Негіз 21
Басқару тақтасы 21
Қашықтықтан басқару пульті 23
Қашықтықтан басқару пультінің жұмыстары 26
Қашықтан басқару пультінің батареяларын ауыстыру 26
Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы 28
Кабельді қашықтан басқару пультіне жалғау 28

Проекторды дайындау

Проекторды орнату 30

Проектордың объектив құрылғысын шешіп алу және бекіту 30
Бекіту 30
Объективті калибрлеу 32
Шешіп алу 32
Орнату параметрлері 33
Кескіннің бағытын (проекциялау режимі) өзгерту 33
Экран параметрлері 34
Проекцияланған экранда кескіннің орнын реттеу 34
Сынақ үлгісін көрсету 35
Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту) 37
EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U 37
EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S 38
Кескін өлшемін реттеу 41
Фокусты түзету 42
Бұрмалануды (кескін деформациялануын) реттеу 42
Объективті реттеу мәндерін тіркеу және жүктеу 44
Проекцияланған кескіннің биіктігін реттеу (қалыпты орнату үшін) 46
Көлденең еңкейтуді реттеу (қалыпты орнату үшін) 46
Идентификатор параметрлері 47
Проектор идентификаторын орнату 47
Проектор идентификаторын тексеру 47
Қашықтан басқару құралының идентификаторын орнату 48
Уақытты орнату 49
Басқа параметрлер 50
Негізгі әрекеттерге қатысты параметрлер 50
Дисплейге қатысты параметрлер 51

Жабдықты қосу 53

Компьютерді қосу 53
Сурет көздерін қосу 55
Сыртқы жабдықты қосу 57
LAN кабелін жалғау 59
HDBaseT Transmitter қосу 60
Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату 61
Кабель қақпағын жалғау 62
Бекіту 62

Негізгі пайдалану

Проекторды қосу 65

Home Screen 66

Проекторды өшіру 67

Кескіндерді проекциялау 68

Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search) 68
Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу 69
Дыбыс деңгейін реттеу 70

Проекцияланған кескіндерді реттеу 71

Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету 71

H/V-Keystone 72
Quick Corner 73
Curved Surface 74
Corner Wall 79
Point Correction 82
Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау) 84
Жарықтықты орнату 85
Болжалды қалған қуат туралы нұсқаулық 86
Brightness Level және жарық көзінің жұмыс уақыты арасындағы қатынас 87
Проекцияланған кескін жарығының мөлшерін баптау 88
Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту 89
Әдістерді өзгерту 89
Кескінді реттеу 93
Hue, Saturation және Brightness параметрлерін реттеу 93
Gamma параметрін реттеу 93
Frame Interpolation 95
Кескін ажыратымдылығын реттеу (Image Enhancement) 96
4K Enhancement (тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U) 96
Image Preset Mode 98
Noise Reduction 99
MPEG Noise Reduction 99
Super-resolution 100
Detail Enhancement 100
3D кескіндерін проекциялау (тек EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U/EB-L1515S/EB-L1510S) 101

Пайдалы функциялар

Мульти проекция функциясы 103
Реттеу процедурасы 103
Автоматты түрде онлайн реттеу 103
Қолмен оффлайн режимде реттеу 104
Мозаика 104
Мозаиканы автоматты түрде орындау 105
Мозаика жұмысын қолмен орындау 107
Edge Blending 107
Black Level 110
Screen Matching 113
Автоматты реттеу функцияларына арналған жұмыс жағдайлары 114
Бірнеше проектор үшін жарықтық және реңк параметрлерін автоматты түрде түзету 114
Color Matching 116
Масштабталған кескінді көрсету 117

Проекциялау функциялары 119
Екі кескінді бір уақытта проекциялау (Split Screen) 119
Бөлінген экранды проекциялауға арналған кіріс көздері 119
Жұмыс процедуралары 120
Бөлінген экранды проекциялау кезіндегі шектеулер 123
Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute) 123
Кескінді қатыру (Freeze) 124
Кескіннің бір бөлігін үлкейту (E-Zoom) 125
Пайдаланушының логотипін сақтау 126

Жад функциясы 128
Жадты сақтау/жүктеу/жою/қалпына келтіру 128

Жоспарлау функциясы 130
Оқиғаны сақтау 130
Оқиғаны орнату 130
Оқиғаны тексеру 131
Оқиғаны өңдеу 132

Қауіпсіздік функциялары 134
Пайдаланушыларды басқару (Password Protection) 134
Password Protection түрлері 134
Password Protection орнату 135
Құпия сөзді енгізу 136
Операцияны шектеу 136
Control Panel Lock 137
Lens Lock 137
Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау 138
Ұрлауға қарсы қорғаныс 138
Сым құлпын орнату 139

Проекторды желіде пайдалану

Сымды желілік проекциясы 141
Сымды желі параметрлерін таңдау 141
Сымды желілік проекциялау 144
Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау 145
Windows операциялық жүйесінде сымсыз желі параметрлерін таңдау ... 148
OS X операциялық жүйесінде сымсыз желі параметрлерін таңдау 148
Сымсыз желінің қауіпсіздігін орнату 148
Қолдау көрсетілетін клиент және CA куәліктері 150
Мобильді құрылғыны қосу үшін QR кодын пайдалану 151
Windows компьютеріне қосылу үшін USB кілтін пайдалану 152
Secure HTTP 154
Мәзірлерді пайдаланып веб - сервер куәлігін импорттау 154
Қолдау көрсетілетін веб-сервер куәліктері 155

Конфигурация мәзірі

Конфигурация мәзірін пайдалану 157
Функциялар тізімі 158
Конфигурация мәзірінің кестесі 158
Network мәзірі 160
Image мәзірі 161
Signal мәзірі 164
Settings мәзірі 166
Extended мәзірі 168
Network мәзірі 174
Network мәзірін пайдалану туралы ескертпелер 175
Бағдарламалық пернетақта әрекеттері 176
Basic мәзірі 176
Wireless LAN мәзірі 178
Wired LAN мәзірі 182
Notifications мәзірі 184
Others мәзірі 185
Reset мәзірі 186
Info мәзірі (тек дисплей) 187
Reset мәзірі 188
Буманы орнату 190
USB флеш дискі арқылы орнату 190
Параметрлерді USB флеш жадына сақтау 190
Сақталған параметрлерді басқа проекторларда көрсету 192
Компьютер мен проекторды USB кабелін қолданып қосу арқылы орнату 194
Параметрлерді компьютерге сақтау 194
Сақталған параметрлерді басқа проекторларда көрсету 195
Орнату сәтсіз аяқталған кезде 197

Ақаулықтарды жою

Анықтаманы пайдалану 199
Көрсеткіштерді оқу 201
Күй дисплейін оқу 209
Дисплей мазмұнының түсіндірмелері 210
Мәселелерді шешу 217
Кескіндерге қатысты мәселелер 218
Кескіндер көрінбейді 218
Қозғалатын кескіндер көрсетілмейді 219
Проекциялау автоматты түрде тоқтайды 219
The EDID is not set. хабары көрсетіледі 220
Not supported. хабары көрсетіледі 220
No Signal. хабары көрсетіледі 220
Кескіндер анық емес, фокуста емес немесе бұрмаланған 221
Кескіндерде кедергі немесе бұрмалану пайда болады 221
Кескін қиылған (үлкен) немесе шағын, қатынас дұрыс емес немесе кескін аударылған 222
Кескін түстері дұрыс емес 223
Кескіндер күңгірт болып көрінеді 223
Автоматты реттеу жұмыстары дұрыс орындалмады 224

Проекциялау басталған кездегі мәселелер 225
Проектор қосылмайды 225
Басқа мәселелер 226
Дыбыс естілмейді немесе дыбыс әлсіз 226
Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді 227
Сыртқы мониторда ештеңе көрсетілмейді 228
Хабарлардың және мәзірлердің тілін өзгерткім келеді 228
Тіпті проекторда мәселе орын алса да электрондық пошта алынбайды 228
The battery that saves your clock settings is running low. хабары көрсетіледі 229
The projector did not turn off correctly. An instantaneous voltage drop may have occurred. көрсетіледі 229
Егжей-тегжейлі журналдар мен қате туралы хабарлар көрсетілмейді 229
Веб-браузер көмегімен параметрлерді өзгерту мүмкін емес 229

Event ID туралы 230

Қызмет көрсету

Тазалау 233
Проектордың бетін тазалау 233
Объективті тазалау 233
Ауа сүзгісін тазалау 233
Ауа сүзгісін тазалау 233

Шығын материалдарын ауыстыру 236
Ауа сүзгісін ауыстыру 236
Ауа сүзгісін ауыстыру кезеңі 236
Ауа сүзгісін ауыстыру жолы 236

Кескінге техникалық қызмет көрсету 238
Түстің калибрленуі 238
Панельді туралау 239
Түстің біртектілігі 241

Қосымша

Бақылау және басқару 244
Epson Projector Management 244
Параметрлерді веб-шолғыш арқылы өзгерту(Epson Web Control) 244
Epson Web Control экранын көрсету 244
Basic Control экраны 246
OSD Control Pad экраны 247
Lens Control экраны 248
Status Information экраны 250
Remote Camera Access экраны 250
Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату 253
Мәселелер туралы есеп беру үшін Mail Notification функциясын пайдалану 254
Қате туралы хабарландыру электрондық хаттарын оқу 254
SNMP пайдаланып басқару 255
ESC/VP21 пәрмендері 255
Пәрмендер тізімі 255
Кабель орналасулары 256
PJLink туралы 257
Crestron RoomView® туралы 257
Проекторды компьютерден басқару 258
Art-Net 262
Арна анықтамалары 262

Қосымша қосалқы құралдар және шығын материалдары 267
Қосымша қосалқы құралдар 267
Шығын материалдары 267

Экран өлшемі және проекциялау қашықтығы 268
EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U үшін проекциялық қашықтық 268
ELPLM15/ELPLM09/ELPLS04 268
ELPLX02/ELPLX02W 269
ELPLU03 270
ELPLU04/ELPLU02 272
ELPLW05 273

ELPLW06/ELPLW04 274
ELPLW08 276
ELPLM10/ELPLM06 277
ELPLM11/ELPLM07 279
ELPLL08/ELPLL07 280
ELPLR04 281
EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S үшін проекциялау қашықтығы 283
ELPLM15/ELPLM09/ELPLS04 283
ELPLX02/ELPLX02W 285
ELPLU03 286
ELPLU04/ELPLU02 287
ELPLW05 288
ELPLW06/ELPLW04 290
ELPLW08 291
ELPLM10/ELPLM06 293
ELPLM11/ELPLM07 294
ELPLL08/ELPLL07 296
ELPLR04 297
Поляризатор (ELPPL01) орнату қашықтығы (тек EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U/EB-L1515S/EB-L1510S) 298

Проекцияланған кескіндерге арналған реттеу ауқымы 299

H/V-Keystone 299
Curved Surface 299
Corner Wall 306

Қолдау көрсетілетін монитор дисплейлері 313

EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U 313
SDI 316
EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S 317

Техникалық сипаттамалар 321

Проектордың жалпы техникалық сипаттамалары 321

Сыртқы түрі 325

Глоссарий 326

Жалпы ескертпелер 328

Шартты белгілер туралы 328
Сауда белгілері мен авторлық құқық 329

IEC60950-1 A2 стандартына сәйкес қауіпсіздік таңбаларының тізімі 330

Индекс 332

Кіріспе

Бұл тарауда әр бөліктің атауы түсіндірілген.

Бұл нұсқаулықтағы суреттерде проекторға бекітілген объективтер көрсетіледі.

Алды/үсті



	Атауы	Функция
1	**Қашықтағы қабылдағыш**	Қашықтықтан басқару пультінен сигналдар алады.
2	**Ауа кіру тесігі**	Проекторды ішінен салқындату үшін ауаны кіргізеді.

	Атауы	Функция
3	**Проекциялау объективі**	Кескіндер осы жерден проекцияланады. **⚠ Ескерту** Проекциялау кезінде объективке қарамаңыз. Шығатын қуатты жарыққа байланысты көзді зақымдауы мүмкін. **⚠ Абай болыңыз** Объективті жылжытқан кезде қолыңызды объектив құрылғысының қасына қоймаңыз. Саусағыңыз объектив құрылғысы мен проектор арасында қысылып, жарақат алуыңыз мүмкін.
4	**Кірістірілген камера**	Проекцияланған кескінді автоматты түрде түзету барысында бұл камера кескінді сканерлейді. **Назар аударыңыз** Камераны жарық деңгейі жоғары орында пайдалану ақаулықтың пайда болуына себеп болуы мүмкін.
5	**Күй индикаторлары**	Көрсеткіштердің түсі және оралдың жыпылықтауы не жанып тұруы проектор күйін білдіреді. ☛ «Көрсеткіштерді оқу» 201-б
6	**Ауа кіру тесігі (ауа сүзгісі)**	Проекторды ішінен салқындату үшін ауаны кіргізеді. ☛ «Ауа сүзгісін тазалау» 233-б
7	**Ауа сүзгісі қақпағының тетігі**	Бұл тұтқаны ауа сүзгісінің қақпағын ашу үшін пайдаланыңыз. ☛ «Ауа сүзгісін ауыстыру» 236-б

Атауы		Функция
⑧	**Сымсыз жергілікті желі индикаторы**	Қосымша сымсыз жергілікті желі құрылғысына қол жеткізу күйін көрсетеді. ☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б
⑨	**Кабель қақпағы**	Артқы интерфейстік кабельді қосу бөлімінің қақпағы. ☛ «Кабель қақпағын жалғау» 62-б
⑩	**Объективті ауыстыру қақпағы**	Объективті бекіту немесе алу кезінде алып тастаңыз. ☛ «Проектордың объектив құрылғысын шешіп алу және бекіту» 30-б **⚠ Абай болыңыз** Проекторды жылжытқан кезде объективті ауыстыру қақпағынан ұстамаңыз. Объективті ауыстыру қақпағы ашылып, проектор құлап, нәтижесінде жарақат алуыңыз мүмкін.

Арты



Атауы		Функция
①	**Ауаны шығару саңылауы**	Ауаны шығару саңылауы проектордың ішін салқындату үшін пайдаланылады. **⚠ Абай болыңыз** Проекциялау кезінде бетіңізді немесе қолдарыңызды ауаны шығару саңылауының жанына қоймаңыз және ыстықтан майысуы немесе зақымдалуы мүмкін заттарды тесіктің жанына қоймаңыз. Ауаны шығару саңылауынан шығатын ыстық ауа күйіктердің, майысудың немесе сәтсіз жағдайлардың орын алуына әкелуі мүмкін.
②	**Басқару панелі**	☛ «Басқару тақтасы» 21-б
③	**Қауіпсіздік ұясы**	Қауіпсіздік ұясы Kensington жасап шығаратын Microsaver Security System жүйесімен үйлесімді. ☛ «Ұрлауға қарсы қорғаныс» 138-б
④	**Қуат кірісі**	Қуат сымын проекторға қосады.

	Атауы	Функция
⑤	**Кабель ұстағышы**	Қуат сымы өз салмағының ауырлығынан ажырап кетпес үшін, қуат сымына арналған кабель қысқышты қыстырыңыз. 
⑥	**Интерфейс**	☛ «Интерфейс» 19-б
⑦	**Кабель қақпағын бекітуге арналған бұранда тесіктері**	Кабель қақпағын орнында бекітуге арналған бұранда тесіктері. ☛ «Кабель қақпағын жалғау» 62-б

Интерфейс



	Атауы	Функция
①	**BNC порты**	Компьютерден аналогтық RGB сигналдарын және басқа бейне көздерінен Component Video сигналдарын алу үшін.
②	**Computer порты**	Компьютерден аналогтық RGB сигналдарын және басқа бейне көздерінен Component Video сигналдарын алу үшін.
③	**Audio3 порты**	HDMI немесе DVI-D портына қосылған жабдықтан дыбыс қабылдайды.
④	**Audio1 порты**	Computer портына қосылған жабдықтан дыбысты қабылдайды.
⑤	**Monitor Out порты**	Computer портына немесе BNC кіріс портына қосылған компьютерден аналогтық сигналды сыртқы мониторға жібереді. Өзге порттардан не Component Video сигналдарынан кіргізілген сигналдарды шығара алмайсыз.
⑥	**Audio Out порты**	Ағымда проекцияланған аудионы сыртқы динамикке шығарады.

Атауы		Функция
⑦	**Audio2 порты**	BNC портына қосылған жабдықтан дыбысты қабылдайды.
⑧	**Кабель ұстағышы**	Кабельдерді бекіту үшін сатып алуға болатын кабель қамытын итеріңіз.
⑨	**RS-232C порты**	Проекторды компьютерден басқару кезінде, оны компьютерге RS-232C кабелі арқылы қосыңыз. Бұл порт бақылау үшін қолдануға арналған және қалыпты жағдайда пайдаланылмауы тиіс. ☛ «ESC/VP21 пәрмендері» 255-б
⑩	**Remote порты**	Қосымша қашықтан басқару кабелінің жинағын жалғап, қашықтан басқару құралынан сигнал қабылдайды. Осы Remote портына қашықтан басқару кабелі қосылған кезде проектордағы қашықтан сигнал қабылдағыш ажыратылады. ☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б
⑪	**SDI енгізу порты** (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)	Бейне жабдығынан SDI сигналдарын енгізеді.
⑫	**Service порты**	Ол бума параметрлері үшін пайдаланылады. Бұл порт бақылау үшін қолдануға арналған және қалыпты жағдайда пайдаланылмауы тиіс. ☛ «Буманы орнату» 190-б
⑬	**HDMI порты**	HDMI үйлесімді бейне жабдықтан және компьютерлерден бейне сигналдарын кіргізеді.
⑭	**DVI-D порты**	Компьютердің DVI-D сигналдарын енгізеді.
⑮	**HDBaseT порты**	LAN кабелін қосымша HDBaseT Transmitter құрылғысын қосады. ☛ «HDBaseT Transmitter қосу» 60-б ☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б

Атауы		Функция
⑯	**LAN порты**	Желіге қосылу үшін жергілікті желі кабелін қосады. Art-Net жұмыстарына қолдау көрсетеді. ☛ «Art-Net» 262-б

Негіз



	Атауы	Функция
1	**Алдыңғы реттелетін табандар**	Үстел сияқты бетте баптау кезінде проектордың тік және көлденең еңкейісін реттеу үшін, аяқтарын ұзартып, қысқартыңыз. ☛ «Проекцияланған кескіннің биіктігін реттеу (қалыпты орнату үшін)» 46-б ☛ «Көлденең еңкейтуді реттеу (қалыпты орнату үшін)» 46-б
2	**Артқы табан**	Үстел сияқты бетке орнатқанда, көлденең еңкеюді реттеу мақсатында ұзарту және тарту үшін бұрыңыз. ☛ «Көлденең еңкейтуді реттеу (қалыпты орнату үшін)» 46-б
3	**Қауіпсіздік кабелін орнату құрылғысы**	Осы жерден сатып алуға болатын сым құлпын өткізіп, орнында құлыптаңыз. ☛ «Сым құлпын орнату» 139-б
4	**Төбе бекіткішін бекіту нүктелері (төрт нүкте)**	Проекторды төбеге ілгенде қосымша төбе бекіткішін осы жерге бекітіңіз. ☛ «Проекторды орнату» 30-б ☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б

Басқару тақтасы



	Атауы	Функция
1	**[⏻] түймесі**	Проекторды қосады.
2	**[Source Search] түймесі**	Суретті жіберетін келесі кіріс көзіне ауыстырады. ☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б
3	**[Menu] түймесі**	Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б

	Атауы	Функция
④	[↵] түймесі	• Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілгенде, ол ағымдағы таңдауды қабылдайды және енгізеді және келесі деңгейге өтеді. • Computer портынан немесе BNC портынан аналогтық RGB сигналдарын проекциялау кезінде бассаңыз, Tracking, Sync. және Position параметрлерін автоматты түрде оңтайландыруға болады.
⑤	[◀]/[🔒] түймелері	• Басқару тақтасының түймелерін құлыптау үшін параметрлерді орнатуға мүмкіндік беретін Control Panel Lock экранын көрсетеді. ☛ «Операцияны шектеу» 136-б • Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілген кезде басылса, бұл түйме мәзір элементтерін және параметр мәндерін таңдайды. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б ☛ «Анықтаманы пайдалану» 199-б
⑥	[▼]/[▦] түймелері	• Сынақ үлгіні көрсетеді. ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 35-б • Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілген кезде басылса, бұл түйме мәзір элементтерін және параметр мәндерін таңдайды. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б ☛ «Анықтаманы пайдалану» 199-б
⑦	[A/V Mute] түймесі	Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 123-б

	Атауы	Функция
⑧	[Lens] түймесі	Түйме басылған сайынғы ретпен объективті жылжыту, масштабтау, фокустау және бұрмалау үшін реттеу экрандарын көрсетеді. Үш секундтан артық басылса, объектив бастапқы орынға жылжытылады.
⑨	[▶]/[i] түймелері	• Конфигурация мәзірінен Info мәзірін көрсетеді. ☛ «Info мәзірі (тек дисплей)» 187-б • Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілген кезде басылса, бұл түйме мәзір элементтерін және параметр мәндерін таңдайды. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б ☛ «Анықтаманы пайдалану» 199-б
⑩	[▲]/[▱] түймелері	• Конфигурация мәзірінің Geometry Correction тармағындағы параметрлерді пайдаланып экран реттеулерін орындайды. ☛ **Settings** - **Geometry Correction** 166-б • Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілген кезде басылса, бұл түйме мәзір элементтерін және параметр мәндерін таңдайды. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б ☛ «Анықтаманы пайдалану» 199-б
⑪	[Esc] түймесі	• Ағымдағы функцияны тоқтатады. • Конфигурация мәзірі көрсетілген кезде басылса, алдыңғы мәзір деңгейіне өтеді. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
⑫	[⏻] түймесі	Проекторды өшіреді.

Қашықтықтан басқару пульті



	Атауы	Функция
1	[⏻] түймесі	Проекторды қосады.
2	[⏻] түймесі	Проекторды өшіреді.
3	**Кіріс түймелерді өзгерту**	Әр кіріс портынан алынатын кескіндерге ауысады. ☛ «Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу» 69-б [SDI] түймесі тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U үшін ғана жұмыс істейді.
4	**[Aspect] түймесі**	Бұл түймені басқан сайын қатынас режимі өзгереді. ☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 89-б
5	**[Auto] түймесі**	Computer портынан немесе BNC портынан аналогтық RGB сигналдарын проекциялау кезінде бассаңыз, Tracking, Sync. және Position параметрлерін автоматты түрде оңтайландыруға болады.
6	**[Freeze] түймесі**	Суреттер кідіртіледі немесе кідірту болдырылмайды. ☛ «Кескінді қатыру (Freeze)» 124-б
7	**[Test Pattern] түймесі**	Сынақ үлгіні көрсетеді. ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 35-б
8	**[Lens Shift] түймесі**	Объективтің жылжытылуын қайта реттеу үшін басыңыз. ☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б Үш секундтан артық басылса, объектив бастапқы орынға жылжытылады.
9	**[Zoom] түймесі**	Масштабтауды реттеу үшін басыңыз. ☛ «Кескін өлшемін реттеу» 41-б

	Атауы	Функция
⑩	[Menu] түймесі	Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
⑪	[▲][▼][◀][▶] түймелері	• Фокусты, масштабты, бұрмалауды және объективтің жылжытылуын реттеу үшін басыңыз. ☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б ☛ «Кескін өлшемін реттеу» 41-б ☛ «Фокусты түзету» 42-б • Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілген кезде бұл түймелерді басу мәзір элементтерін және параметр мәндерін таңдайды. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б • Қосымша сымсыз тінтуір қабылдағышын пайдаланғанда осы түймелерді басу меңзерді жылжытады.
⑫	[↵] түймесі	• Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетілгенде, ол ағымдағы таңдауды қабылдайды және енгізеді және келесі деңгейге өтеді. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б • Қосымша сымсыз тінтуір қабылдағышын қолданғанда тінтуірдің сол жақ түймесі ретінде әрекет етеді.
⑬	[A/V Mute] түймесі	Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 123-б

	Атауы	Функция
⑭	[Page] түймелері [⇧][⇩]	• Сынақ үлгісі көрсетілген кезде оны өзгерту үшін басыңыз. • Желіге қосылған компьютерден кескіндерді проекциялау кезінде алдыңғы немесе келесі кескінге жылжытады. • Қосымша сымсыз тінтуір қабылдағышын пайдаланған кезде, бетті жоғары көтеру/төмен түсіру түймелерін басу арқылы проекциялау барысында PowerPoint файл бетін өзгертуге болады.
⑮	[Volume] түймелері [🔉][🔊]	[🔉] Дыбыс деңгейін азайтады. [🔊] Дыбыс деңгейін арттырады. ☛ «Дыбыс деңгейін реттеу» 70-б
⑯	[i] түймесі	Конфигурация мәзірінен Info мәзірін көрсетеді. ☛ «Info мәзірі (тек дисплей)» 187-б
⑰	[User1] түймесі [User2] түймесі [User3] түймесі	Конфигурация мәзір элементтерінің ішінен кез келген жиі пайдаланылатын элементті таңдаңыз және оны осы түймелердің кез келгеніне тағайындаңыз. Бұл түймені басқанда тағайындалған мәзір элементін таңдау/реттеу экраны көрсетіледі, ол бір түртумен параметрлерді орнатуға/реттеулерді жасауға мүмкіндік береді. ☛ «Settings мәзірі» 166-б
⑱	Сандық түймелер	• Құпия сөзді енгізіңіз. ☛ «Password Protection орнату» 135-б • **Network** параметрлеріне Конфигурация мәзірінен нөмірлерді енгізу үшін осы түймені пайдаланыңыз.
⑲	[ID] түймесі	Қашықтан басқару пультін пайдаланып басқарғыңыз келген проектор үшін идентификатор таңдау үшін осы түймені басып тұрып, сандық түймелерді басыңыз. ☛ «Идентификатор параметрлері» 47-б

	Атауы	Функция
⑳	**[ID] қосқышы**	Бұл қосқышты қашықтан басқару құралы үшін идентификатор параметрлерін қосу (On)/өшіру (Off) үшін пайдаланыңыз. ☛ «Идентификатор параметрлері» 47-б
㉑	**Қашықтан басқару порты**	Қосымша қашықтан басқару кабелінің жинағын жалғап, қашықтан басқару құралынан сигнал шығарады. ☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б Осы қашықтан басқару портына қашықтан басқару кабелі қосылған кезде қашықтан басқару құралының жарық шығаруы ажыратылады.
㉒	**[⌂] түймесі**	Home Screen экранын көрсетеді және жабады. ☛ «Home Screen» 66-б
㉓	**[Num] түймесі**	Құпия сөздерді және сандарды енгізу үшін осы түймені басып тұрыңыз және сандық түймелерді басыңыз. ☛ «Password Protection орнату» 135-б
㉔	**[Geometry] түймесі**	Проекцияланған суреттегі бұрмалануды түзетеді. ☛ «Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету» 71-б
㉕	**[Memory] түймесі**	Жад функциясы үшін операцияларды орындайды және параметрлерді реттейді. ☛ «Жад функциясы» 128-б
㉖	**[E-Zoom] түймелері [⊕][⊖]**	Проекция өлшемін өзгертпестен суретті үлкейтеді немесе кішірейтеді. ☛ «Кескіннің бір бөлігін үлкейту (E-Zoom)» 125-б
㉗	**[Default] түймесі**	[Default] режимінде қосулы болады: конфигурация мәзірінің нұсқаулығында Reset көрсетіледі. Реттеліп жатқан параметрлер әдепкі мәндеріне оралады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б

	Атауы	Функция
㉘	**[Esc] түймесі**	• Ағымдағы функцияны тоқтатады. • Конфигурация мәзірі көрсетілген кезде басылса, алдыңғы деңгейге өтеді. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б • Қосымша сымсыз тінтуір қабылдағышын қолданғанда тінтуірдің оң жақ түймесі ретінде әрекет етеді.
㉙	**[Focus] түймесі**	Бұл түймені басқан сайын фокустау және бұрмалау үшін реттеу экрандары сол ретпен көрсетіледі. ☛ «Фокусты түзету» 42-б
㉚	**[Split] түймесі**	Түйме басылған сайын, кескін проекторлық экранды бөлу арқылы немесе бір кескінді қалыпты көрсету арқылы екі кескінді бір уақытта көрсету күйлерінің арасында өзгереді. ☛ «Екі кескінді бір уақытта проекциялау (Split Screen)» 119-б
㉛	**[Color Mode] түймесі**	Бұл түймені басқан сайын түс режимі өзгереді. ☛ «Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау)» 84-б
㉜	**[Search] түймесі**	Суретті жіберетін келесі кіріс көзіне ауыстырады. ☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б
㉝	**[☼] түймесі**	Қашықтан басқару құралындағы түймелерді шамамен 15 секунд бойы жандырады. Бұл қашықтан басқару құралын қараңғыда пайдаланғанда ыңғайлы.
㉞	**Индикатор**	Қашықтан басқару құралының сигналдарын шығарған кезде шам жанады.

Атауы		Функция
㉟	**Қашықтан басқару құралының жарық шығаратын аймағы**	Қашықтан басқару құралының сигналдарын шығарады.

Қашықтықтан басқару пультінің жұмыстары

Келесі операцияларды қашықтықтан басқару пультіндегі кейбір түймелерді басу арқылы орындауға болады.

Пайдалану	Орнату
Проекцияланған кескінді тігінен кері қайтару. (**Projection Front** және **Front/Ceiling** арасында ауыстыру) ☛ «Кескіннің бағытын (проекциялау режимі) өзгерту» 33-б	[A/V Mute] түймесін бес секундтан артық ұстап тұрыңыз.
Құпия сөздің қауіпсіздік параметрлерін таңдау. ☛ «Пайдаланушыларды басқару (Password Protection)» 134-б	[Freeze] түймесін кемінде бес секунд басып тұрыңыз. **Password Protection** экраны көрсетіледі және әртүрлі парамерлерді таңдауға болады.
Қашықтағы басқару пультіндегі түймелердің кейбір жұмысын құлыптау немесе құлыптан босату. ☛ «Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау» 138-б	[🏠] түймесін кемінде бес секунд басып тұрыңыз.
Конфигурация мәзіріндегі **Remote Receiver** үшін параметрлерді баптандыру. (Осы проектор үшін барлық Remote receivers құралдарын іске қосады.)	[Menu] түймесін кемінде 15 секунд басып тұрыңыз.
Жиі пайдаланылатынКонфигурация мәзір элементтерін көрсету.	[User1], [User2] немесе [User3] түймесін басыңыз. Әр түймеге тағайындау қажет мәзір элементін **User Button** ішінде орнатуға болады. ☛ **Settings** - **User Button** 166-б Келесі элементтерді тағайындауға болады. **Light Source Mode**, **Multi-Projection**, **Resolution**, **Image Processing**, **On-Screen Display**, **Display the QR Code**, **Image Enhancement**, **Frame Interpolation**, **Screen Matching**, **Color Calibration** **On-Screen Display** функциясы тағайындалған түймені басқан кезде мәзірлер немесе хабарлар экранда көрсетілмейді. Сол түймені басқанда, олар қайта көрсетіледі. **On-Screen Display** іске қосылса, Конфигурация мәзірін (түс режимі және кіріс көзін ауыстырудан басқа) басқару мүмкін емес.

Қашықтан басқару пультінің батареяларын ауыстыру

Егер қашықтан басқару құралының реакциясында кідірістер орын алса немесе біраз уақыт пайдаланғаннан кейін жұмыс істемесе, батареялар таусылған болуы мүмкін. Бұл орын алса, оларды жаңа батареялармен ауыстырыңыз. Екі AA өлшемді сілтілі немесе марганецті батареяны дайындаңыз. AA өлшемді сілтілі немесе марганецті батареялардан басқа батареяларды пайдалануға болмайды.

Назар аударыңыз

Батареяларды пайдаланбай тұрып келесі нұсқаулықты оқып шығыңыз.

☛ *Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар*

1 Батарея қақпағын алыңыз.

Батарея бөлімі қақпағының ілгегін басып тұрып, қақпақты жоғары көтеріңіз.



2 Ескі батареяларды жаңа батареялармен ауыстырыңыз.



⚠ Абай болыңыз

Батареялар дұрыс салынғанына көз жеткізу үшін батарея ұстағышындағы (+) және (-) белгілерінің орындарын тексеріңіз.

Дұрыс пайдаланбаса, батареялар жарылып немесе ағып, өртке, жарақатқа немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

3 Батарея қақпағын қайта қойыңыз.

Батарея бөлімінің қақпағын орнында шырт еткенше басыңыз.



Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы



Қашықтан басқару құралынан басқару сигналын қабылдауды шектеу **Remote Receiver** параметрін орнатыңыз.

☛ **Settings** - **Remote Receiver** 166-б





- Remote портына қашықтан басқару кабелі қосылған кезде проектордағы қашықтан сигнал қабылдағыш ажыратылады.
- Сондай-ақ, проекторды басқару үшін қосымша HDBaseT трансмиттері мен қашықтан басқару пультін кабельмен жалғауға болады.

☛ «HDBaseT Transmitter қосу» 60-б

Кабельді қашықтан басқару пультіне жалғау

Осы проектордың бірнеше бірлігін бір орында пайдаланғанда немесе қашықтан қабылдағыш айналасында кедергілер бар болса, қосымша қашықтан басқару кабелі жинағымен әрекеттерді қауіпсіз орындауға болады.

☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б

Проекторды дайындау

Бұл тарауда проекторды орнату және проекция көздерін қосу жолы түсіндірілген.

Проектордың объектив құрылғысын шешіп алу және бекіту

Бекіту

Назар аударыңыз

- Объектив құрылғысын бекіткен кезде алдымен қуат ашасын розеткадан суырыңыз.
- Проектордың объективті салу бөлігі жоғары қарап тұрғанда объектив құрылғысын бекітуге болмайды. Проекторға шаң не кір кіріп кетуі мүмкін.
- Объектив бөлігіне қолыңызды не саусақтарыңызды тигізбеуге тырысыңыз. Объектив бетінде саусақ іздері не май қалып қойса, проекциялау сапасы төмендейді.

- Проектор келесі үлгі нөмірлеріндегі объективке қолдау көрсетеді.
  ELPLX02, ELPLX02W, ELPLU03, ELPLU04, ELPLW05, ELPLW06, ELPLW08, ELPLM09, ELPLM10, ELPLM11, ELPLM15, ELPLL08, ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07
  Келесі объективті пайдаланған кезде бұрмалануды түзету дұрыс орындалатындай етіп Конфигурация мәзіріндегі **Lens Type** параметрін өзіңіз пайдаланатын объективке сәйкес орнатыңыз.
  ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07
  ☛ **Extended** - **Operation** - **Advanced** - **Lens Type** 168-б
- Қалыпты орнату кезінде кескін объективке байланысты еңкейтілуі мүмкін. Алдыңғы және артқы табан көмегімен кескіннің еңкейтілуін реттеңіз.
  ☛ «Көлденең еңкейтуді реттеу (қалыпты орнату үшін)» 46-б
- ELPLX02/ELPLX02W құрылғысын орнату туралы ақпарат алу үшін, ELPLX02/ELPLX02W құрылғысымен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

1 Объективті ауыстыру қақпағын тік тартыңыз.



2 Құлыптау иінтірегін ұстап, сағат бағытына қарсы бұраңыз.



Келесі объективті пайдаланған кезде портты қорғау үшін берілген объектив қосқышының қақпағын бекітіңіз.

ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07



3 Объектив құрылғысын объективті енгізу бөліміне объективтегі ақ дөңгелегін жоғары қаратып енгізіңіз.



4 Объектив құрылғысын құлыптау үшін объектив құрылғысын мықтап ұстап тұрып, құлыптау иінтірегін ұстаңыз да, сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.

Объективтердің ажыратылмайтынын тексеріңіз.



5 Объективті ауыстыру қақпағын бекітіңіз.



Объективті калибрлеу

Объектив құрылғысын ауыстырғаннан кейін, проектор объектив орны мен реттеу ауқымын дұрыс қабылдай алатындай етіп объективті калибрлеңіз.

Алдыңғысынан басқа объектив құрылғысын бекіткеннен кейін, проектор іске қосылған кезде хабар көрсетіледі.

Объективті калибрлеу үшін **Yes** опциясын таңдаңыз.

Объективті калибрлеу әрекеті аяқталғанға дейін шамамен 100 секундтай уақыт кетеді. Аяқталған кезде объектив күйі калибрлеу алдындағы күйге қайта орнатылады (ELPLX02/ELPLX02W стандартты күйге қайта орнатылады).

Назар аударыңыз

"Lens Calibration failed." хабары көрсетілсе, проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.

☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

- Объективті келесі әдістердің біреуін пайдаланып калибрлеуге болады.
  - Қашықтан басқару құралындағы [Default] түймесін үш секунд немесе одан көп уақыт басып тұрыңыз.
  - Конфигурация мәзірі
    ☛ **Extended** - **Operation** - **Lens Calibration** 168-б
- Объективті бекіткеннен кейін ешқандай хабарлама көрсетілмесе, Configuration мәзірінен объектив калибрленуін орындаңыз.
- Объективті калибрлемесеңіз, келесі функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
  Focus, Distortion, Zoom, Lens Shift, Memory (Lens Position)

Шешіп алу

Назар аударыңыз

Объектив құрылғысын ауыстырған кезде алдымен қуат ашасын розеткадан суырыңыз. Объектив жылжытылған болса, объектив құрылғысын ауыстырмас бұрын объективті бастапқы орынға жылжытыңыз.

☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б

Проектор лазерді жарық көзі ретінде пайдаланады. Қауіпсіздік шарасы ретінде объектив алынған кезде жарық көзі өшеді. Объективті бекітіңіз және содан кейін оны қайта қосу үшін, [⏻] түймесін басыңыз.

1. Объективті ауыстыру қақпағын тік тартыңыз.



2 Объектив құрылғысын құлыптан босату үшін объектив құрылғысын мықтап ұстап тұрып, құлыптау иінтірегін ұстаңыз да, сағат бағытына қарсы бұраңыз.

Босаған кезде объектив құрылғысын тіке суырып алыңыз.



Орнату параметрлері

Кескіннің бағытын (проекциялау режимі) өзгерту

Кескіннің бағытын «Конфигурация» мәзіріндегі **Projection** режимін пайдаланып өзгертуге болады.

☛ **Extended** - **Projection** 168-б

Front параметрі стандартты болса, әр проекциялау режимі үшін кескін бағыттары төмендегідей болады.

Front (әдепкі)



Front/Ceiling



Rear



Rear/Ceiling



- Параметрді қашықтан басқару құралында [A/V Mute] түймесін шамамен бес секунд бойы басу арқылы өзгертуге болады.

  Front↔Front/Ceiling

  Rear↔Rear/Ceiling

- Мәзір дисплейін бұру үшін, Конфигурация мәзірінен **OSD Rotation** опциясын орнатыңыз.

  ☛ **Extended** - **Display** - **OSD Rotation** 168-б

- Проекторды төбеге ілу кезінде басқару тақтасындағы [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелері дұрыс бағытта жұмыс істейтіндей етіп **Inv Direction Button** түймесін **On** күйіне орнатыңыз.

  ☛ **Extended** - **Operation** - **Advanced** - **Inv Direction Button** 168-б

Экран параметрлері

Screen Type параметрін пайдаланылып жатқан арақатынасқа сай орнатыңыз.

Кескін көрсетілетін аумақ экран пішініне сәйкес келеді.

Сатып алу кезіндегі **Screen Type** параметрлері келесідей:
- WUXGA проекторы: **16:10**
- SXGA+ проекторы: **4:3**

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
2. **Extended** ішінен **Display** параметрін таңдаңыз.
3. **Screen** ішінен **Screen Type** параметрін таңдаңыз.
4. Экранның арақатынасын таңдаңыз.
   Фондық сынақ үлгінің пішіні параметрге байланысты өзгереді.



5. Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

- Screen Type параметрін өзгертсеңіз, проекцияланған кескіннің арақатынасын да реттеңіз.
  ☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 89-б
- Message Broadcasting функциясы Epson Projector Management үшін бұл функцияда қолдау көрсетпейді.

Проекцияланған экранда кескіннің орнын реттеу

Screen Type параметріне байланысты кескін жиегі мен проекцияланған экран жақтауының арасында шеттер болса, кескіннің орнын реттеуге болады.

Мысалы: WUXGA/WXGA проекторы үшін **Screen Type** параметрі **4:3** мәніне орнатылғанда



Кескінді солға және оңға жылжытуға болады.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
2. **Extended** ішінен **Display** параметрін таңдаңыз.
3. **Screen** ішінен **Screen Position** параметрін таңдаңыз.

4 Кескін орнын реттеу үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.

Ағымдағы дисплей орнын фондық сынақ үлгісін пайдалана отырып тексеруге болады.



5 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Screen Position параметрлерін келесі жағдайларда реттеу мүмкін емес.

- WUXGA проекторын пайдалансаңыз және **Screen Type** параметрі **16:10** мәніне орнатылса
- SXGA+ проекторын пайдалансаңыз және **Screen Type** параметрі **4:3** мәніне орнатылса

Сынақ үлгісін көрсету

Бейне жабдықты қоспай проекция күйін реттеу үшін сынақ үлгісін көрсетуге болады.

Сынақ үлгінің пішіні **Screen Type** параметріне сай. Алдымен **Screen Type** параметрін орнатыңыз.

☛ «Экран параметрлері» 34-б

1 Проекциялау кезінде қашықтан басқару пультінің [Test Pattern] түймесін немесе басқару тақтасындағы [▩] түймесін басыңыз.

2 Сынақ үлгіні өзгерту үшін қашықтан басқару құралында [◀] [▶] түймелерін немесе басқару тақтасында [↵] түймесін басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану





Объектив жұмыстарымен қатар сынақ үлгісі көрсетіліп тұрғанда төмендегі кескін параметрлерін реттеуге болады.

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзір/элементтер
Image	Color Mode ☛ 84-б
	White Balance
	Advanced - Gamma*1 ☛ 93-б - RGBCMY ☛ 93-б
	Reset
Set	Geometry Correction ☛ 71-б Brightness Settings
Extended	Display*2 Color Calibration Multi-Projection*3 ☛ 103-б

*1 Гамманың реттелетін параметрлерінен басқа

*2 Screen, Panel Alignment және Color Uniformity параметрлерінен басқасы

*3 Black Level, Scale, Color Uniformity және Color Adjustment параметрлерінен басқасы

- Сынақ үлгісі көрсетіліп тұрғанда орнатылмайтын мәзір элементтерін орнату немесе проекцияланатын кескінді дәл реттеу үшін қосылған құрылғыдан кескін проекциялаңыз.
- Кескінді реттеу кезінде сынақ үлгісін өзгерту үшін, қашықтан басқару пультіндегі [🡅][🡇] [Page] түймелерін басыңыз.
- Сондай-ақ, сынақ үлгісін Конфигурация мәзірінен таңдауға болады.
  ☛ **Settings** - **Test Pattern** 166-б

3 Сынақ үлгісін жабу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)

Проекцияланған кескіннің орнын реттеу үшін объективті жылжытуға болады, мысалы, проекторды тікелей экран алдына орнату мүмкін болмаған жағдайда.

Кескінді жылжытуға болатын ауқымдар төменде көрсетілген. Проекцияланған кескіннің орнын көлденең және тік бағыттағы ең үлкен мәндерге бір уақытта жылжыту мүмкін емес.

EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U

ELPLU03/ELPLW05 пайдаланған кезде



1. Объективтің ортасы
2. Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін
3. Максималды қозғалыс ауқымы: V x 24%*

* Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде, кескінді тік жылжыту мүмкін емес.

ELPLU04/ELPLW06/ELPLW08/ELPLM09/ELPLM10/ELPLM11/ELPLM15/ELPLL08 пайдалану кезінде



1. Объективтің ортасы
2. Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін
3. Максималды қозғалыс ауқымы: V x 60%
4. Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде: V x 31%

ELPLX02/ELPLX02W пайдалану кезінде



❶ Объективтің ортасы

❷ Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін

❸ Максималды қозғалыс ауқымы: V x 20% (жоғарғы), V x 5% (төменгі)*

* Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде, кескінді жоғары жылжыту мүмкін емес.

EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S

ELPLU03/ELPLW05 пайдаланған кезде



❶ Объективтің ортасы

❷ Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін

❸ Максималды қозғалыс ауқымы: V x 16%*

* Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде, кескінді тік жылжыту мүмкін емес.

ELPLU04/ELPLW06/ELPLW08/ELPLM09/ELPLM10/ELPLM11/ELPLM15/ELPLL08 пайдалану кезінде



❶ Объективтің ортасы
❷ Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін
❸ Максималды қозғалыс ауқымы: V x 55%*
❹ Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде: V x 32%

* Экранды сәйкестендіру немесе түсті калибрлеу кезінде: V x 45% (ELPLU04)

ELPLX02/ELPLX02W пайдалану кезінде



❶ Объективтің ортасы
❷ Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде проекцияланған кескін
❸ Максималды қозғалыс ауқымы: V x 5%*

* Көлденең бағыт максималды мәнде болған кезде, кескінді жоғары жылжыту мүмкін емес.

- Тік объективті жылжыту арқылы кескін биіктігін реттеу кезінде кескінді төменгі жақтан жоғарғы жаққа жылжыту арқылы реттеңіз. Егер ол жоғарғы жақтан төменге қарай реттелсе, реттеуден кейін кескін орны аздап жылжуы мүмкін.
- Фокус, масштаб және объективтің жылжу параметрлерін проекциялауды бастаған соң кемінде 20 минуттан кейін орнатуды ұсынамыз, Бейнелерді проекциялағаннан кейін Фокус/Масштаб/Объективтердің жылжу параметрлерін орнату үшін 20 минуттан артық уақыт күтуіңізді ұсынамыз.
- Объектив орны бастапқы орынға жылжытылған кезде, кескін барынша анық болады.
- Егер қашықтан басқару пультіндегі [Lens Shift] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін кемінде үш секунд басып тұрсаңыз, объектив орны бастапқы орынға жылжытылады.
- Егер **A/V Output** опциясын **Always On** күйіне орнатсаңыз, проектордың күту режимінде болғанына қарамастан, объектив орнын бастапқы орынға жылжыта аласыз.

  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **A/V Output** 168-б
- ELPLR04 құрылғысында объективті жылжытуға қолдау көрсетілмейді.

1 Қашықтан басқару пультіндегі [Lens Shift] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін басыңыз.

Объективтің жылжуын реттеу экраны көрсетілгенше басқару тақтасындағы [Lens] түймесін бірнеше рет басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану



2 Проекцияланған кескіннің позициясын реттеу үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану





Көрсетілген экран объектив түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

3 Реттеуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Кескін өлшемін реттеу

Бұл ELPLX02, ELPLX02W және ELPLR04 үшін қолжетімді емес.

1 Қашықтан басқару пультіндегі [Zoom] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін басыңыз.

[Lens] түймесін масштабты реттеу экраны көрсетілмейінше бірнеше рет басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану



2 Реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану





Көрсетілген экран объектив түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

3 Реттеуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Фокусты түзету

1 Қашықтан басқару пультіндегі [Focus] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін басыңыз.

Басқару тақтасындағы [Lens] түймесін фокусты реттеу экраны көрсетілмейінше бірнеше рет басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану



2 Реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану





Көрсетілген экран объектив түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Төмендегі объективтерді пайдаланған кезде, бұрмалануды (кескін деформациялануын) реттеуді сұрайтын хабар көрсетіледі. Фокусты реттегеннен кейін бұрмалануды реттеңіз.

ELPLX02, ELPLX02W, ELPLU03, ELPLU04, ELPLW05, ELPLW08, ELPLU02

☛ «Бұрмалануды (кескін деформациялануын) реттеу» 42-6

3 Реттеуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Бұрмалануды (кескін деформациялануын) реттеу

Қысқа фокусты масштабтау объективін пайдаланғанда және экранның ортасына фокусталғанда айналадағы кескін деформацияланып, фокустан тыс болуы мүмкін. Деформациялануды түзету үшін төменгі қадамдарды орындаңыз.

1 Қашықтан басқару пультіндегі [Focus] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін басыңыз.

Басқару тақтасындағы [Lens] түймесін фокусты реттеу экраны көрсетілмейінше бірнеше рет басыңыз.

2 Объектив ортасының айналасындағы кескінге фокусталу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.



3 Қашықтан басқару пультіндегі [Focus] түймесін немесе басқару тақтасындағы [Lens] түймесін қайта басыңыз.

Басқару тақтасындағы [Lens] түймесін бұрмалануды реттеу экраны көрсетілмейінше бірнеше рет басыңыз.

4 Айналадағы аймақ фокусын реттеу үшін [◀][▶] түймесін басыңыз.



ELPLU02 үлгісін пайдаланған кезде бұрмалануды қолмен реттеуді сұрайтын хабар көрсетіледі. Бұрмалану сақинасын сағат бағытына қарсы бұраңыз, содан кейін фокусты реттеңіз. Фокусты реттегеннен кейін кескіннің деформациялануын түзету үшін бұрмалану сақинасын қолмен бұраңыз.



Объективті реттеу мәндерін тіркеу және жүктеу

Объективті жылжыту, масштабтау, фокустау және бұрмалау жадта реттелген объектив орнын қажет болған кезде тіркеп, жүктеуге болады. 10 мәнге дейін тіркеуге болады.

- Келесі объективтер бекітілген болса, бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін емес.
  ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07
- Егер объективіңізді калибрлемеген болсаңыз, жадты сақтаған кезде хабар көрсетіледі. Объективті калибрлеу үшін **Yes** опциясын таңдаңыз.
- Жад жүктелген кездегі объектив орны жад сақталған кездегі объектив орнына толық сәйкес келмеуі мүмкін.
- Егер жад жүктелген кездегі объектив орны мен жад сақталған кездегі объектив орны арасында үлкен айырмашылық болса, объективті калибрлеңіз.

☛ **Extended** - **Operation** - **Lens Calibration** 168-б

1 Проекциялау кезінде [Memory] түймесін басыңыз.



Сондай-ақ параметрлерді Конфигурация мәзірінен орнатуға болады.

☛ **Settings** - **Memory** 166-б

2 **Lens Position** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 Орындағыңыз келген функцияны таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Функция	Түсіндірме
Load Memory	Сақталған жадты жүктейді. Жад атауын таңдаған және [↵] түймесін басқан кезде, объектив таңдалған жадтың параметрлеріне сәйкес автоматты түрде реттеледі.
Save Memory	Ағымдағы параметрлерді жадқа тіркейді. Жад атауын таңдап, [↵] түймесін басқан кезде, параметрлер сақталады.
Erase Memory	Тіркелген жадты өшіреді. Жад атауын таңдап, [↵] түймесін басқан кезде, хабар көрсетіледі. **Yes** параметрін таңдаңыз да, таңдалған жадты өшіру үшін [↵] түймесін басыңыз.

Функция	Түсіндірме
Rename Memory	Жад атауын өзгертеді. Өзгерткіңіз келген жад атауын таңдап, [↵] түймесін басыңыз. Бағдарламалық пернетақтамен жад атын енгізіңіз. ☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 176-б Аяқтаған кезде меңзерді **Finish** үстіне апарып, [↵] түймесін басыңыз.
Reset Memory	Сақталған жадтың атауы мен параметрлерін қалпына келтіреді.

Жад атының сол жағындағы белгі көк түске боялса, бұл жадтың бұрыннан тіркелгенін білдіреді. Тіркелген жадты таңдаған кезде жадтың үстінен жазу әрекетін растауды сұрайтын хабар көрсетіледі. **Yes** жауабын таңдасаңыз, алдыңғы параметрлер өшіріліп, ағымдағы параметрлер тіркеледі.

Проекцияланған кескіннің биіктігін реттеу (қалыпты орнату үшін)

Реттеу үшін алдыңғы табандарды ұзартыңыз немесе қысқартыңыз. Кескіннің күйін проекторды 10 градусқа дейін еңкейту арқылы реттеуге болады.



1. Алдыңғы табандарды ұзартыңыз.
2. Алдыңғы табандарды қысқартыңыз.

Еңкейту бұрышы неғұрлым үлкен болса, фокустау соғұрлым қиын болады. Проекторды аз ғана бұрышқа еңкейту қажет болатындай орнатыңыз.

Көлденең еңкейтуді реттеу (қалыпты орнату үшін)

Проектордың көлденең еңкеюін реттеу үшін алдыңғы және артқы табандарды ұзартыңыз және қысқартыңыз.



1. Алдыңғы немесе артқы табандарды ұзартыңыз.
2. Алдыңғы немесе артқы табандарды қысқартыңыз.

Идентификатор параметрлері

Проектор мен қашықтан басқару құралына идентификатор орнатылған кезде, қашықтан басқару құралын идентификаторы сәйкес келетін проекторды ғана басқару үшін қолдануға болады. Бұл мүмкіндік бірнеше проекторды басқарған кезде пайдалы. 30 идентификаторға дейін орнатуға болады.

- Қашықтан басқару құралымен тек жұмыс істеу ауқымындағы проекторларды басқару мүмкін.
  ☛ «Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы» 28-б
- **Remote Control Type** параметрі конфигурация мәзіріндегі **Simple** опциясына орнатылған кезде қашықтан басқару пультінің идентификаторын орнату мүмкін емес.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **Advanced** - **Remote Control Type** 168-б
- Проектор идентификаторы **Off** күйіне орнатылғанда немесе қашықтан басқару құралының идентификаторы **0** мәніне орнатылғанда идентификаторлар еленбейді.
- Егер Epson Web Control опциясын пайдалансаңыз, мобильді құрылғыдан нақты бір проекторды басқара аласыз.
  ☛ «Параметрлерді веб-шолғыш арқылы өзгерту(Epson Web Control)» 244-б

Проектор идентификаторын орнату

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
2. **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.
3. **Projector ID** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. Идентификатор нөмірін таңдау үшін, [◀][▶] түймесін басыңыз.



5. **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
6. Конфигурация мәзірін жабу үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проектор идентификаторын тексеру

Проекциялау барысында [ID] түймесін басып тұрып, [⌂] түймесін басыңыз.

Қашықтықтан басқару пульті





Түймелерді басқан кезде проекциялау экранында ағымдағы проектор идентификаторы көрсетіледі. Шамамен үш секунд ішінде жоқ болады.

Қашықтан басқару құралының идентификаторын орнату

1 Қашықтан басқару құралының [ID] қосқышын On күйіне орнатыңыз.



2 [ID] түймесін басып тұрып, басқарылатын проектордың идентификаторына сәйкес келетін санды таңдау үшін сан түймесін басыңыз.

☛ «Проектор идентификаторын тексеру» 47-б

Екі таңбалы санды енгізіңіз (мысалы, идентификатор 1 болса - 01).

Қашықтықтан басқару пульті



Бұл параметр орнатылғаннан кейін қашықтан басқару құралымен басқаруға болатын проектор шектеледі.

Қашықтан басқару құралының идентификаторы қашықтан басқару құралында сақталады. Қашықтан басқару құралының батареяларын ауыстыру үшін алып тастағанның өзінде, сақталған идентификатор параметрі өшпейді. Дегенмен, батареяларды ұзақ уақытқа алып қойсаңыз, ол әдепкі мәніне оралады (ID0).

Уақытты орнату

Проектор үшін уақытты орнатуға болады. Орнатылған уақыт график функциясы үшін пайдаланылады.

☛ «Жоспарлау функциясы» 130-б

- Проекторды бірінші рет қосқанда "Do you want to set the time?" хабары көрсетіледі. **Yes** жауабын таңдасаңыз, 4-қадамдағы экран көрсетіледі.
- **Password Protection** тармағында **Schedule Protection** параметрі **On** күйіне орнатылған болса, күн мен уақытқа қатысты параметрлерді өзгерту мүмкін емес. Өзгерістерді **Schedule Protection** параметрін **Off** күйіне орнатқаннан кейін енгізуге болады.

  ☛ «Пайдаланушыларды басқару (Password Protection)» 134-б

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б

2. **Extended** ішінен **Operation** параметрін таңдаңыз.

3. **Date & Time** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4. Күн және уақыт параметрлерін орнатыңыз.

   Бағдарламалық пернетақтаны пайдаланып күн мен уақытты енгізіңіз.

   ☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 176-б



Date & Time

Ішкі мәзір	Функция
Date	Бүгінгі күнді орнатыңыз.
Time	Ағымдағы уақытты орнатыңыз.
Time Difference (UTC)	Реттелген әмбебап уақыттан уақыт айырмашылығын орнатыңыз.
Set	**Date & Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Daylight Saving Time

Ішкі мәзір	Функция
Daylight Saving Time	Жазғы уақытта белсендіру немесе белсендірмеуді (**On**/**Off**) орнатыңыз.**DST Adjustment (min)** арқылы стандартты уақыт пен жазғы уақыт арасындағы айырмашылық реттеледі.
DST Start	Жазғы уақытты бастайтын күн мен уақытты орнатыңыз.
DST End	Жазғы уақытты аяқтайтын күн мен уақытты орнатыңыз.

Ішкі мәзір	Функция
Set	**Daylight Saving Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Internet Time

Ішкі мәзір	Функция
Internet Time	Уақытты автоматты түрде интернет уақытының сервері арқылы жаңарту үшін **On** күйіне орнатыңыз.
Internet Time Server	Интернет уақытының сервері үшін IP мекенжайын енгізіңіз.
Set	**Internet Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Параметрлерді өзгерткен кезде **Set** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймешігін басыңыз.

5 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Басқа параметрлер

Негізгі әрекеттерге қатысты параметрлер

Мақсат	Орнату әдістері
Желілік қуатты қосу/өшіру, я болмаса, проектордың ашасын розеткаға қосу немесе розеткадан суыру арқылы проекциялауды бастау/тоқтату.	**Direct Power On** параметрін **On** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **Off**) ☛ **Extended** - **Operation** - **Direct Power On** 168-6 Проекторды тікелей ажыратқыш арқылы өшіруге болады, өйткені ол тікелей өшіру функциясын қолдайды.
Автоматты түрде өшіру функциясын өшіру.	**Sleep Mode** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Operation** - **Sleep Mode** 168-6 **A/V Mute Timer** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ **Extended** - **Operation** - **A/V Mute Settings** - **A/V Mute Timer** 168-6
Проектордың қуаты қосулы/өшірулі кезде болатын зуммердің дыбыстық сигналдарын өшіру.	**Beep** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Operation** - **Advanced** - **Beep** 168-6
Тіпті проектордың қуаты өшірулі болса да проекторды байланыс пәрмені арқылы пайдалану.	**Standby Mode** параметрін **Communication On** мәніне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **Communication Off**) ☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-6

Мақсат	Орнату әдістері
A/V Mute орындау кезінде байланыс пәрмені арқылы проекторды пайдалану.	**A/V Mute Release** параметрін **A/V Mute** күйіне орнатыңыз. ☛ **Extended** - **Operation** - **A/V Mute Settings** - **A/V Mute Release** 168-б Әдепкі мән — **Any Button**. A/V Mute қосулы кезде проекторды пайдалансаңыз, A/V Mute босатылады.
[⏻] түймесін бір рет басу арқылы қуатты өшіру.	**Standby Confirmation** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Standby Confirmation** 168-б

Дисплейге қатысты параметрлер

Мақсат	Орнату әдістері
Мәзір күйін өзгерту.	**Menu Position** параметрлерін өзгертіңіз. ☛ **Extended** - **Display** - **Menu Position** 168-б
Мәзір бағытын өзгерту.	**OSD Rotation** параметрлерін өзгертіңіз. ☛ **Extended** - **Display** - **OSD Rotation** 168-б
Экранда мәзірлер, хабарлар немесе ескертулердің көрсетілуін болдырмау.	**On-Screen Display** функциясын **User Button 1**, **User Button 2** немесе **User Button 3** параметріне орнату үшін **User Button** функциясын пайдаланыңыз. ☛ **Settings** - **User Button** 166-б **On-Screen Display** функциясы тағайындалған түймені басқан кезде мәзірлер немесе хабарлар экранда көрсетілмейді. Сол түймені қайта басқан кезде, олар қайтадан көрсетіледі. **On-Screen Display** іске қосылса, Конфигурация мәзірін (түс режимі және кіріс көзін ауыстырудан басқа) басқару мүмкін емес.
Көзді ауыстырған кезде проекциялау экранында хабар көрсетуді өшіру.	**Messages** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Messages** 168-б Индикатор дисплейі арқылы ескертуді растай аласыз. ☛ «Көрсеткіштерді оқу» 201-б Әрекеттер мен мінез-құлықтарға қатысты диалогтық терезелер, лазер туралы ескертулер, Epson Projector Management үшін Message Broadcasting және проектор идентификаторы көрсетіледі.

Мақсат	Орнату әдістері
Кескінді көрсетуді кешіктіруді азайту.	**Image Processing** функциясын **Fast 1** немесе **Fast 2** параметріне орнатыңыз. ☛ **Signal** - **Advanced** - **Image Processing** 164-б
Проекцияланған кескіннің параметрлерін тіркеу және сақтау.	**Memory** параметрін орнатыңыз. ☛ «Жад функциясы» 128-б Келесі параметрлерді сақтауға болады. • **Memory**: Configuration мәзіріндегі кейбір параметрлер • **Lens Position**: Объективті жылжыту, масштабтау, фокустау және бұрмалау бойынша реттеу мәндері • **Geometry Correction**: Геометриялық түзету бойынша реттеу мәні
Фонда көрсетілген экранды өзгерту.	**Display** бөлімінен өзгертіңіз. Көк, қара және логотип арасынан таңдауға болады. Егер логотип тіркелмеген болса, EPSON логотипі көрсетіледі. **Display Background**: Кескін сигналының кірісі жоқ экран дисплейін орнатыңыз. (Әдепкі мән: **Blue**) ☛ **Extended** - **Display** - **Display Background** 168-б **Startup Screen**: Проектор қосылғанда пайдаланушы логотипін көрсету-көрсетпеуді (**On**/**Off**) орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Startup Screen** 168-б

Порт атауы, орны және қосқыштың бағдары қосылып жатқан көзге байланысты әр түрлі болады.

Компьютерді қосу

Компьютердегі кескіндерді проекциялау үшін келесі әдістердің біреуін пайдаланып компьютерді қосыңыз.

❶ **Сатып алуға болатын компьютер кабелін пайдаланғанда**

Компьютердің дисплей шығысының портын проектордың Computer портына қосыңыз.

Сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып компьютердегі аудио шығыс портын проектордың Audio1 портына қосу арқылы Audio Out портынан шығаруға болады.

❷ **Сатып алуға болатын 5BNC кабелін пайдаланғанда**

Компьютердің дисплей шығысының портын проектордың BNC портына қосыңыз.

Сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып компьютердегі аудио шығыс портын проектордың Audio2 портына қосу арқылы Audio Out портынан шығаруға болады.

❸ **Сатып алуға болатын HDMI кабелін пайдаланғанда**

Компьютердегі HDMI портын проектордың HDMI портына қосыңыз.

Проекцияланған суретпен бірге компьютердің дыбысын жіберуге болады.

❹ **Сатып алуға болатын DVI-D кабелін пайдаланғанда**

Компьютердегі DVI-D портын проектордың DVI-D кіріс портына қосыңыз.

Сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып компьютердегі аудио шығыс портын проектордың Audio3 портына қосу арқылы Audio Out портынан шығаруға болады.



- Дыбыс шығысын **Audio Settings** тармағынан өзгертуге болады.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **Audio Settings** 168-б
- Егер аудио HDMI кабелін пайдаланып жіберілмесе, аудионы жіберу үшін сатып алуға болатын аудио кабельді Audio3 портына жалғаңыз. **HDMI Audio Output** параметрін **Audio3** портына орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **Audio Settings** - **HDMI Audio Output** 168-б

Сурет көздерін қосу

Бейне кескіндерді проекциялау үшін келесі әдістердің біреуін пайдаланып проекторға қосылыңыз.

❶ **Қосымша бөлек бейне сигнал кабелін пайдаланғанда (D-sub/құрамдас түрлендіргіш)**

☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-6

Кескін көзіндегі құрамдас шығыс портын проектордың Computer портына қосыңыз.

Сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып бейне жабдығындағы аудио шығыс портын проектордың Audio1 портына қосу арқылы Audio Out портынан шығаруға болады.

❷ **Сатып алуға болатын бөлек бейне сигнал кабелін (RCA) және BNC/RCA адаптерін пайдаланғанда**

Бейне жабдықтағы құрамдас шығыс портын BNC портына жалғаңыз (R/Cr/Pr, G/Y, B/Cb/Pb).

Сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып бейне жабдығындағы аудио шығыс портын проектордың Audio2 портына қосу арқылы Audio Out портынан шығаруға болады.

❸ **Сатып алуға болатын BNC бейне кабелін пайдаланған кезде** (SDI кірісі, тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)

Сурет көзіндегі SDI портын проектордың SDI кіріс портына қосыңыз.

Аудио шығысына қолдау көрсетілмейді.

❹ **Сатып алуға болатын HDMI кабелін пайдаланғанда**

Сурет көзіндегі HDMI портын проектордың HDMI портына қосыңыз.

Проекцияланған суретпен бірге сурет көзінің аудиосын жіберуге болады.



Назар аударыңыз

- Проекторға жалғау кезінде енгізу көзі қосылып тұрса, ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер ұяның бағдары немесе пішіні басқаша болса, оны күшпен кіргізуге тырыспаңыз. Құрылғы зақымдалуы немесе дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін.

- Дыбыс шығысын **Audio Settings** тармағынан өзгертуге болады.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **Audio Settings** 168-б
- Егер аудио HDMI кабелін пайдаланып жіберілмесе, аудионы жіберу үшін сатып алуға болатын аудио кабельді Audio3 портына жалғаңыз. **HDMI Audio Output** параметрін **Audio3** портына орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **Audio Settings** - **HDMI Audio Output** 168-б
- Егер қосылуы қажет көздегі порттың пішіні әдеттен тыс болса, проекторға қосу үшін құрылғымен бірге қамтамасыз етілген кабельді немесе қосымша кабельді пайдаланыңыз.

Сыртқы жабдықты қосу

Сыртқы монитор не динамикті қосу арқылы кескіндерді не аудионы шығара аласыз.

❶ **Кескіндерді сыртқы мониторға шығару кезінде**

Сыртқы мониторды проектордың Monitor Out портына сыртқы монитормен бірге ұсынылған кабельді пайдаланып қосыңыз.

❷ **Аудионы сыртқы динамикке шығару кезінде**

Сыртқы динамикті проектордың Audio Out портына сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып қосыңыз.



- Проектор күту режимінде болғанда да кескінді шығару үшін, **A/V Output** параметрін **Always On** параметріне орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **A/V Output** 168-6
- Computer порты немесе BNC портындағы аналогтық RGB сигналдарын ғана сыртқы мониторға шығаруға болады. **Monitor Out** ішіне шығару қажет сигналдарды орнатуға болады.
  ☛ **Extended** - **A/V Settings** - **Monitor Out** 168-6

LAN кабелін жалғау

LAN портын желі хабтарына не өзге құрылғыларды проектордың LAN портына сатып алуға болатын 100BASE-TX не 10BASE-T жергілікті желі кабелімен жалғаңыз.

Компьютерді проекторға желі арқылы қосу кескіндерді проекциялауға және проектордың күйін тексеруге мүмкіндік береді.



Ақаулықтардың алдын алу үшін 5 не одан жоғары санатты қорғалған жергілікті желі кабелін пайдаланыңыз.

HDBaseT Transmitter қосу

Қосымша HDBaseT Transmitter құрылғысын сатып алуға болатын 100BASE-TX LAN кабелінің көмегімен жалғаңыз.

☛ «Қосымша қосалқы құралдар» 267-б



- Пайдаланбай тұрып HDBaseT Transmitter құрылғысымен бірге келген пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.
- Жергілікті желі кабелі үшін, HDBaseT Alliance протоколы ұсынған 5e немесе одан жоғары санаттағы STP кабелін (тік) пайдаланыңыз. Алайда, барлық кіріс/шығыс құрылғылары мен орталар үшін жұмысқа кепілдік берілмейді.
- LAN кабелін қосу немесе ажырату кезінде проектордың және HDBaseT Transmitter құрылғысының қуатын өшіріңіз.
- Ethernet байланысын немесе сериялық байланысты орнатқан кезде, я болмаса HDBaseT порты арқылы сымды қашықтан басқару құралын пайдаланған кезде «Конфигурация» мәзірінен **Control Communications** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

  ☛ **Extended** - **HDBaseT** - **Control Communications** 168-б

  Control Communications параметрі **On** күйіне орнатылған болса, проектордың LAN порты, RS-232C порты және Remote порты ажыратылатынын ескеріңіз.
- Extron XTP трансмиттерін немесе қосқышын пайдаланған кезде проектордың HDBaseT портына қосыңыз. **Extron XTP** параметрін **On** күйіне орнатыңыз (**Standby Mode** және **Control Communications** автоматты түрде **On** күйіне орнатылады).

  ☛ **Extended** - **HDBaseT** - **Extron XTP** 168-б

Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату

1 Ауа сүзгісінің қақпағын алыңыз.

Ауа сүзгісі қақпағының тетігін саусақтарыңызбен қысып, жоғары көтеріңіз және тетікті басып тұрып, қақпақты алыңыз.



2 Сымсыз жергілікті желі құрылғысы арналған бекіткішті алып тастаңыз.



3 Сымсыз жергілікті желі құрылғысы орнатыңыз.



4 Бекіткішті бұрандамен бекемдеңіз.



5 Ауа сүзгісінің қақпағын бекітіңіз.



Кабель қақпағын жалғау

Кабель қақпағын жалғау арқылы қосылған кабельдерді жасырып, проекторды әдемі, таза етіп орнатуға болады. (Төбеде орнатылған проектордың суреттері берілген.)

> **⚠ Ескерту**
>
> Қуат сымын және басқа байланыс кабельдерін бірге байламаңыз. Әйтпесе өртке әкелуі мүмкін.

Бекіту

1 Кабель ұстағышы арқылы сатып алуға болатын кабель қамытын итеріңіз және кабельдерді бірге байлап қойыңыз.



2 Кабель қақпағындағы ілмектерді проектордың артындағы екі слотқа салыңыз.



3 Кабель қақпағындағы екі бұранданы бекемдеңіз. (Бұрандаларды саусақтармен қатайтуға болады.)



Негізгі пайдалану

Бұл тарауда кескіндерді проекциялау және реттеу жолы көрсетілген.

Проекторды қоспас бұрын, компьютеріңізді немесе бейне жабдығыңызды проекторға қосыңыз.

☛ «Жабдықты қосу» 53-б

1 Проекторды розеткаға қуат сымының көмегімен жалғаңыз.



Проектордың қуат индикаторы көк түспен жанады (ол күту режимінде болады). Ол проектордың қуат алып жатқанын, бірақ әлі қосылмағанын көрсетеді.

2 Проекторды қосу үшін, басқару тақтасындағы немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін басыңыз.

Проектор қызғанда растау зуммері сигнал шығарады және күй индикаторы көк түспен жыпылықтайды. Проектор жылынғаннан кейін, күй индикаторы жыпылықтауды тоқтатып, көк түске ауысады.

Егер кескін проекцияланбаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз.

- Жалғанған компьютерді немесе бейне жабдығын қосыңыз.
- Ноутбукты пайдаланғанда, экран шығысын компьютерден өзгерту керек.
- DVD сияқты тасушыны салыңыз және оны ойнатыңыз.
- Кіріс сигнал көзін анықтау үшін, басқару тақтасындағы немесе қашықтан басқару пультіндегі [Search] түймесін басыңыз.
- Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялағыңыз келетін кіріс сигнал көзіне арналған түймені басыңыз.
- Home screen экраны көрсетілсе, проекциялау қажет кіріс сигнал көзін таңдаңыз.

⚠ Ескерту

- Проекция кезінде проектордың объективіне қарамаңыз. Ол көзіңізді зақымдауы мүмкін. Әсіресе балалар болған жағдайда абай болыңыз.
- Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты кітап немесе т.б. заттармен бөгемеңіз. Проектордан шығатын жарық бұғатталса, жарық түсетін аймақ қызып, оның еруін, жануын тудырып, өртке себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, объектив шағылысатын жарықтың әсерінен қызуы мүмкін, бұл проектордың дұрыс жұмыс істемеуін тудырады. Проекциялауды тоқтату үшін, A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.

- Егер **Direct Power On** параметрі **Extended** мәзіріндегі **On** күйіне орнатылса, проекторға қуат сымы жалғанған жағдайда ол автоматты түрде қосылады. Қуат сымы розеткаға қосылғанда, қуат өшкенннен кейінгі қалпына келу сияқты жағдайларда проектор автоматты түрде қосылатынын ескеріңіз.

  ☛ **Extended** - **Operation** - **Direct Power On** 168-б

- Егер **Auto Power On** параметрінде таңдалған бастапқы көздегі кескін сигналы кіріс сигнал көзі болса, проектор автоматты түрде қосылады.

  ☛ **Extended** - **Operation** - **Auto Power On** 168-б

Home Screen

Home screen экранын кіріс сигнал көздерін немесе жиі пайдаланылатын функцияларды оңай табу үшін пайдалана аласыз. Home screen экраны келесі жағдайларда көрсетіледі.

- Қашықтан басқару пультінде [🏠] түймесі басылғанда
- **Home Screen Auto Disp.** параметрі **On** күйіне қойылған кезде проектор іске қосылғанда
  ☛ **Extended** - **Home Screen** - **Home Screen Auto Disp.** 168-б
- Проектор іске қосылған кезде таңдалған кіріс көзінен ешқандай сигнал келмегенде

Home screen экраны көрсетілген кезде, элементті таңдау үшін басқару тақтасындағы немесе қашықтан басқару пультіндегі [▲] [▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Home screen экранын жасыру үшін, қашықтан басқару пультіндегі [🏠] түймесін қайта басыңыз.



1	Проекцияланатын кіріс көзін таңдаңыз.
2	QR кодын көрсетіп, смартфон немесе планшет деректерін проекциялайды.
3	Анықтама экранын көрсетеді. ☛ «Анықтаманы пайдалану» 199-б
4	"Конфигурация" мәзірін көрсетеді.
5	**Extended** мәзіріндегі **Custom Function 1** немесе **Custom Function 2** параметрі үшін тағайындалған функцияны орындайды. ☛ **Extended** - **Home Screen** - **Custom Function 1**, **Custom Function 2** 168-б
6	Light Source Mode режимін таңдаңыз. ☛ «Жарықтықты орнату» 85-б
7	Color Mode режимін таңдаңыз. ☛ «Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау)» 84-б

10 минут уақыт бойы пайдаланылмағаннан кейін Home Screen өшеді.

- Проектордың ұзақ мерзім жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, оны пайдаланбаған кезде өшіріп тастаңыз. Жарық көздерінің жұмыс істеу мерзімі "Конфигурация" мәзірінің параметрлеріне, қоршаған орта жағдайларына және пайдалану шарттарына байланысты әртүрлі болады. Проекцияланған кескін жарықтығы проекциялау уақыты өткен сайын төмендейді.
- Проекторды тікелей ажыратқыш арқылы өшіруге болады, өйткені ол тікелей өшіру функциясын қолдайды.
- Проектор 24 сағаттан артық үздіксіз пайдаланылған кезде немесе әрдайым тікелей өшірілген кезде, жарық көзін жүйелі түрде реттеу үшін жоспарлау функциясының көмегімен **Light Source Calibration** параметрін орнатыңыз.

☛ «Жоспарлау функциясы» 130-6



1 Басқару тақтасындағы немесе қашықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін басыңыз.

Жұмысты аяқтауды растау экраны көрсетіледі.



2 [⏻] түймесін қайта басыңыз. (Бас тарту үшін, кез келген түймені басыңыз.)

Зуммер екі рет сигнал бергеннен кейін, проекцияланған кескін жоғалып, күй индикаторы өшеді.

3 Қуат сымын ажыратыңыз.

Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)

Кескінді ағымдағы уақытта кескінді қабылдап жатқан порттан проекциялау үшін, [Search] түймесін басыңыз.

Қашықтан басқару пультін пайдалану



Басқару тақтасын пайдалану





*Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U

Екі немесе одан көп кескін көзі қосылғанда, мақсатты кескін проекцияланғанша [Search] түймесін бірнеше рет басыңыз.

Бейне жабдық қосылғанда, ойнатуды осы әрекетті бастамай тұрып бастаңыз.

- Проекторды ол басқа кіріс көзінен кескін сигнал автоматты түрде анықтайтындай және ағымдағы кіріс көзінен ешқандай кескін сигналы болмаған кезде кескінді проекциялайтындай етіп реттеуге болады.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **Auto Source Search** 168-6
- Келесі экран ешбір кескін сигналдарының кірісі болмағанда көрсетіледі.



Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу

- Проекцияланатын кіріс көзінің түймесін таңдаңыз.
  Төменде түймелер үшін кіріс порттары көрсетілген.

Қашықтықтан басқару пульті



Кіріс порт



4 Желі арқылы қосылған компьютерден кескіндерге енгізілген өзгертулер.

5 Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U үшін.

- [🏠] түймесін басыңыз.

Қашықтықтан басқару пульті



Проекцияланатын кіріс көзін таңдаңыз және [↵] түймесін басыңыз.



Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін Audio Out порты арқылы келесі әдістердің біреуін пайдаланып реттеуге болады.

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін қашықтан басқару пультінде [Volume] түймелерін басыңыз.
  [🔊] Дыбыс деңгейін арттырады.
  [🔉] Дыбыс деңгейін азайтады.

Қашықтықтан басқару пульті



- Дыбыс деңгейін Конфигурация мәзірінен реттеңіз.
  ☛ **Settings** - **Volume** 166-б

⚠ Абай болыңыз

Жоғары дыбыс деңгейінен бастамаңыз.
Тым қатты дыбыс деңгейі есту қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін.
Қуатты өшірмей тұрып әрқашан дыбыс деңгейін төмендетіңіз, осылайша қуатты қосуға және дыбыс деңгейін біртіндеп арттыруға болады.

SDI кіріс көзі болған кезде, дыбыс шықпайды.

Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету

Проекцияланған кескіндердегі трапеция тәрізді бұрмалануды келесі әдістердің біреуін пайдаланып түзетуге болады.

- H/V-Keystone
  Көлденең және тік бағыттарда бұрмалануда жеке-жеке түзетуге мүмкіндік береді.
  ☛ «H/V-Keystone» 72-б



- Quick Corner
  Төрт бұрышты жеке-жеке түзетіңіз.
  ☛ «Quick Corner» 73-б



- Curved Surface
  Иілген бетте проекциялау кезінде пайда болатын бұрмалануды түзетіңіз және кеңею мен қысқару мөлшерін реттеңіз.
  ☛ «Curved Surface» 74-б



- Corner Wall
  Бұл шаршы бағана немесе бөлменің бұрышы сияқты бұрыштары дұрыс бетте проекциялаған кезде орын алатын бұрмалануды түзетуге және кеңею мен қысқару мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді.
  ☛ «Corner Wall» 79-б



- Point Correction
  Жартылай орын алған аздаған бұрмалануды түзетеді немесе бірнеше проектордан проекциялаған кезде қабаттасатын аумақта кескін орнын реттейді.
  ☛ «Point Correction» 82-б



- Қашықтан басқару пультіндегі [Geometry] түймесін немесе басқару тақтасындағы [▱] түймесін басу арқылы таңдалған реттеу әдісінің терезесі көрсетіледі.
- Проекциялау позициясын, т,б. қайта реттеу қажет болған кезде немесе түзету күйін уақытша босатқыңыз келгенде, **Geometry Correction** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. Ол **Off** күйіне орнатылған кезде де, түзету мәндері сақталады.
  ☛ **Settings** - **Geometry Correction** 166-б
- **Geometry Correction** бетіндегі **Memory** параметрі арқылы геометриялық түзетуді сақтауға және қажетінше оларды жүктеуге болады.
  ☛ «Жад функциясы» 128-б

H/V-Keystone

Көлденең және тік бағыттарда бұрмалануда жеке-жеке түзетуге мүмкіндік береді.

Кескінге арналған реттеу ауқымын тексеру үшін мыналарды пайдаланыңыз.
☛ «H/V-Keystone» 299-б

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Settings** ішінен **Geometry Correction** параметрін таңдаңыз.
3. **H/V-Keystone** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

4. [▲][▼] түймелерін пайдаланып түзету әдісін таңдаңыз, содан кейін [◀][▶] түймелерін пайдаланып түзетулер жасаңыз.



V-Keystone және **H-Keystone** опциялары арқылы трапеция тәрізді бұрмалауды түзетіңіз.

V-Keystone



H-Keystone



Егер кескіннің пропорционалдық коэффициенті қате болса, **V-Balance** және **H-Balance** опцияларының көмегімен кескін балансын реттеңіз.

V-Balance



H-Balance



Трапеция тәрізді бұрмалануды түзеткенде, проекцияланған кескін кішіреюі мүмкін.

5 Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Басқа түзету әдістерін біріктіруге болмайды.

Quick Corner

Бұл проекцияланған кескіннің төрт бұрышының әрқайсысын бөлек-бөлек түзетуге мүмкіндік береді.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Settings** ішінен **Geometry Correction** параметрін таңдаңыз.

3 **Quick Corner** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

4 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып реттеу керек бұрышты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



[Esc] түймесін шамамен екі секунд бассаңыз, әдепкі қалпына келтіруді растау экраны көрсетіледі.

Quick Corner түзетулерінің нәтижелерін ысыру үшін **Yes** жауабын таңдаңыз.

5 Бұрыш орнын реттеу үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.

[↵] түймесін басқанда, түзететін аймақты таңдауға мүмкіндік беретін 4-қадамда көрсетілген экран көрсетіледі.

Егер реттеу кезінде "Cannot adjust any further." хабары көрсетілсе, пішінді енді сұр үшбұрыш көрсеткен бағытта одан әрі реттеу мүмкін емес.



6 Кез келген қалған бұрыштарды реттеу үшін 4 және 5-қадамдарды қажетінше қайталаңыз.

7 Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Curved Surface

Бұл иілген бетте проекциялау кезінде пайда болатын бұрмалануды түзетуге және кеңею мен қысқару мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді.

Объектив күйін басты күйге көшіріп, проекторды тікелей экранға қарсы орналастырыңыз.

☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б

- Бірдей радиуста доға бетке проекциялаңыз.
- Реттеу көп мөлшерде орындалса, реттеу жасалғаннан кейін де фокустау бірдей болмауы мүмкін.
- Егер **4K Enhancement** опциясы өшірілсе, хабар көрсетіледі. **4K Enhancement** параметрін өшіру үшін, **Yes** опциясын таңдаңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)
  ☛ **Image** - **Image Enhancement** - **4K Enhancement** 161-б

Кескінге арналған реттеу ауқымын тексеру үшін мыналарды пайдаланыңыз.
☛ «Curved Surface» 299-б

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Settings** ішінен **Geometry Correction** параметрін таңдаңыз.
3. **Curved Surface** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

4. **Curved Surface** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



5. **Correct Shape** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



6 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып реттеу керек аймақты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Бұрышты таңдаған кезде бұрыштың жанындағы екі жақты реттеуге болады.

[Esc] түймесін шамамен екі секунд бассаңыз, әдепкі қалпына келтіруді растау экраны көрсетіледі.

Curved Surface нәтижесін қалпына келтіру үшін **Yes** таңдаңыз.

7 Пішінді реттеу үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.



Пішінді реттеп жатқан бағыттағы үшбұрыш түсі төмендегі скриншотта көрсетілгендей сұр түске өзгерсе, сол бағытта одан ары пішінді реттей алмайсыз.



8 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

9 Қалған кез келген бөліктерді қажетінше реттеу үшін 6 және 8-қадамдарды қайталаңыз.

Кескін кеңейсе және қысқарса, келесі қадамға өтіңіз және сызықтылықты реттеңіз.

10 5-қадамдағы экранды көрсету үшін, [Esc] пернесін басыңыз. **Horizontal Linearity** немесе **Vertical Linearity** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Көлденең кеңею немесе қысқаруды реттеу үшін **Horizontal Linearity** таңдаңыз, тік кеңею немесе қысқаруды реттеу үшін **Vertical Linearity** таңдаңыз.

Кеңею және қысқарту мөлшерін түзету кезінде арақатынасты қамтамасыз ету үшін, **Maintain Aspect Ratio** параметрін **On** күйіне орнатыңыз. Түзетуден кейін бұны **On** күйіне орнатсаңыз, түзетуді орындау мүмкін болмауы мүмкін. Бұл жағдайда түзету мәнін қайта орнатып, түзету мөлшерін азайтыңыз және әрекетті қайталаңыз.

11 Реттеу үшін стандартты сызықты таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Horizontal Linearity параметрін таңдаған кезде [◀][▶] түймелерін және **Vertical Linearity** параметрін таңдаған кезде [▲][▼] түймелерін басыңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Таңдалған стандартты сызық жыпылықтайтын сарғылт және ақ түсте көрсетіледі.

12 Сызықтылықты реттеңіз.

Оны сызықтар арасындағы қашықтық тең болатындай етіп түзетіңіз.

[◀] түймесін басқан кезде

Horizontal Linearity параметрі таңдалған кезде



Vertical Linearity параметрі таңдалған кезде



[▶] түймесін басқан кезде

Horizontal Linearity параметрі таңдалған кезде



Vertical Linearity параметрі таңдалған кезде



13 Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Түзетілген нәтижелерді дәл реттеуге болады. Кескіннің еңкейтілуін реттеу үшін, **Quick Corner** опциясын пайдаланыңыз, содан кейін дәл реттеу үшін, **Point Correction** опциясын пайдаланыңыз. 4-қадамдағы экраннан **Quick Corner** немесе **Point Correction** опциясын таңдаңыз.

☛ «Quick Corner» 73-б

☛ «Point Correction» 82-б

Corner Wall

Бұл шаршы бағана немесе бөлменің бұрышы сияқты бұрыштары дұрыс бетте проекциялаған кезде орын алатын бұрмалануды түзетуге және кеңею мен қысқару мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді.

Объектив күйін басты күйге көшіріп, проекторды тікелей экранға қарсы орналастырыңыз.
☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б

- Бетке тиісті бұрышпен проекциялаңыз.
- Реттеу көп мөлшерде орындалса, реттеу жасалғаннан кейін де фокустау бірдей болмауы мүмкін.
- Егер **4K Enhancement** опциясы өшірілсе, хабар көрсетіледі. **4K Enhancement** параметрін өшіру үшін, **Yes** опциясын таңдаңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)
  ☛ **Image** - **Image Enhancement** - **4K Enhancement** 161-б
- Бұл ELPLX02/ELPLX02W үшін қолжетімді емес.

Кескінге арналған реттеу ауқымын тексеру үшін мыналарды пайдаланыңыз.
☛ «Corner Wall» 306-б

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Settings** ішінен **Geometry Correction** параметрін таңдаңыз.
3. **Corner Wall** таңдаңыз, кейін [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

4. **Corner Wall** таңдаңыз, кейін [↵] түймесін басыңыз.



5. **Corner Type** таңдаңыз, кейін [↵] түймесін басыңыз.



6 Проекциялау аймағына сәйкес **Horizontal Corner** немесе **Vertical Corner** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Беттер көлденең күйде түзуленгенде:

Horizontal Corner параметрін таңдаңыз.



Беттер тік күйде түзуленгенде:

Vertical Corner параметрін таңдаңыз.



Бұдан кейін орындалатын қадамдар **Horizontal Corner** параметрін мысал ретінде пайдалана отырып түсіндірілген.

7 5-қадамдағы экранды көрсету үшін, [Esc] пернесін басыңыз. **Correct Shape** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

8 Экранның ортасындағы сызық (екі беттің қосылу нүктесі) бұрышпен сәйкес болатындай проектор және объектив жылжытылуын реттеңіз.

☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б



[↵] түймесін басқан сайын кескінді және торды көрсетуге немесе жасыруға болады.

9 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып реттеу керек аймақты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Реттеу бойынша кеңестер

Horizontal Corner опциясы таңдалған кезде:

Ең төменгі нүктеге негізделген жоғарғы аумақты реттеңіз (Ⓐ тілшесімен көрсетілген).

Ең жоғарғы нүктеге негізделген төменгі аумақты реттеңіз (Ⓑ тілшесімен көрсетілген).



Vertical Corner опциясы таңдалған кезде:

Сол және оң жақты экранның ортасындағы тік сызығына ең жақын орналасқан нүктеге негізделіп реттеңіз.

[Esc] түймесін шамамен екі секунд бассаңыз, әдепкі қалпына келтіруді растау экраны көрсетіледі.

Corner Wall нәтижесін қалпына келтіру үшін **Yes** пәрменін таңдаңыз.

10 Пішінін реттеу үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін басыңыз.

Егер реттеу кезінде "Cannot adjust any further." хабары көрсетілсе, пішінді енді сұр үшбұрыш көрсеткен бағытта одан әрі реттеу мүмкін емес.

11 Кез келген қалған бөлшектерді реттеу үшін 9 және 10 қадамдарын қажетінше қайталаңыз.

Кескін кеңейсе және қысқарса, келесі қадамға өтіңіз және сызықтылықты реттеңіз.

12 4-қадамдағы экранды көрсету үшін, [Esc] пернесін басыңыз. **Linearity** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



13 Турашылдығын реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

Оны сызықтар арасындағы қашықтық тең болатындай етіп түзетіңіз.

[◀] түймесін басқан кезде

Horizontal Corner опциясы таңдалған кезде



Vertical Corner опциясы таңдалған кезде



[▶] түймесін басқан кезде

Horizontal Corner опциясы таңдалған кезде



Vertical Corner опциясы таңдалған кезде



14 Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Түзетілген нәтижелерді дәл реттеуге болады. Кескіннің еңкейтілуін реттеу үшін, **Quick Corner** опциясын пайдаланыңыз, содан кейін дәл реттеу үшін, **Point Correction** опциясын пайдаланыңыз. 4-қадамдағы экраннан **Quick Corner** немесе **Point Correction** опциясын таңдаңыз.

☛ «Quick Corner» 73-б

☛ «Point Correction» 82-б

Point Correction

Проекцияланған кескінді тормен бөліп, айқасқан жердегі нүктелерді көлденең және жоғары не төмен жылжыту арқылы бұрмалануды түзетеді.

- Келесі ауқымдарда 0,5 пикселдік қадамдармен барлық бағыттарда түзетулер жасауға болады.
  EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U: Көлденең және тік бағыттарда 32 пиксельге дейін.
  EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S: Көлденең және тік бағыттарда 27 пиксельге дейін.
- Егер **4K Enhancement** опциясы өшірілсе, хабар көрсетіледі. **4K Enhancement** параметрін өшіру үшін, **Yes** опциясын таңдаңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)

  ☛ **Image** - **Image Enhancement** - **4K Enhancement** 161-б

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Settings** ішінен **Geometry Correction** параметрін таңдаңыз.

3 **Point Correction** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Point Correction** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



5 **Point Correction** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Point Correction	Нүкте нөмірін таңдаңыз (**3x3**, **5x5**, **9x9**, **17x17**), содан кейін Point Correction параметрін реттеңіз.
Pattern Color	Түзетулерді орындау кезінде тордың түсін таңдаңыз.
Reset	**Point Correction** параметрінің барлық түзетулерін әдепкі мәндеріне ысырады.

6 Нүкте нөмірін таңдаңыз (**3x3**, **5x5**, **9x9** немесе **17x17**), содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

7 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып түзету керек нүктеге жылжыңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



8 Бұрмалануды түзету үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.



Басқа нүктені түзетуді жалғастыру үшін, [Esc] пернесін басып, алдыңғы экранға өтіңіз де, 7 және 8-қадамдарды қайталаңыз.

[↵] түймесін басқан сайын кескінді және торды көрсетуге немесе жасыруға болады.

9 Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Түзетілген нәтижелерді дәл реттеуге болады. Кескіннің еңкейтілуін реттеу үшін, 4-қадамдағы экраннан **Quick Corner** опциясын таңдаңыз.

☛ «Quick Corner» 73-6

Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау)

Проекциялау кезінде сіздің ортаңызға барынша сай келетін параметрді таңдау арқылы оңтайлы кескін сапасын оңай ала аласыз. Кескіннің жарықтығы таңдалған режимге байланысты өзгеріп отырады.

Режим	Қолданба
Dynamic	Бұл – ең жарық режим. Жарық бөлмеде пайдалану үшін тамаша.
Presentation	Кескіндер жарқын және шынайы болады. Көрсетілімдер көрсету немесе телебағдарламаны ашық бөлмеде көру үшін тамаша.
Natural	Түстерді шынайы көрсетеді. Фотосуреттер сияқты қозғалыссыз суреттерді проекциялау үшін тамаша.
Cinema	Кескіндерге табиғи реңк береді. Қараңғы бөлмеде фильмдерді көру үшін тамаша.
BT.709	ITU-R BT.709 стандартына сай кескіндерді шығарады.
DICOM SIM	Бұл анық көлеңкелі кескіндерді шығарады. Рентгенограммалар мен басқа медициналық кескіндерді проекциялау үшін ең үздік нұсқа. Проектор медициналық жабдық емес және медициналық диагноз үшін пайдаланыла алмайды.

Режим	Қолданба
Multi-Projection	Проекцияланған суреттердегі түс реңктерінің арасындағы айырмашылықты азайтады. Бірнеше проектордан проекциялау үшін қолайлы.

[Color Mode] түймесін басқан сайын экранда Color Mode атауы көрсетіледі және Color Mode өзгереді.

Қашықтықтан басқару пульті





Color Mode параметрін Конфигурация мәзірінен орнатуға болады.

☛ **Image** - **Color Mode** 161-б

Жарықтықты орнату

Жарық көзіне арналған жарықтықты орнатыңыз.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Settings** ішінен **Brightness Settings** параметрлерін таңдаңыз.



3. **Light Source Mode** режимін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



4 Орнатқыңыз келген элементті таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Normal: жарықтық деңгейінің төмендеуін қаламасаңыз, осыны таңдаңыз. Бұл жарық көзінің уақытын шамамен 20 000 сағатқа орнатады.

Quiet: Егер сізге желдеткіштен шығатын шуыл ұнамаса, осы параметрді таңдаңыз, ол жарықтықты 70%-ға орнатады. Бұл жарық көзінің уақытын шамамен 20 000 сағатқа орнатады.

Extended: Жарық көзінің орташа қызметтік уақытын ұзарту үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол жарықтықты 70%-ға орнатады. Бұл жарық көзінің уақытын шамамен 30 000 сағатқа орнатады.

Custom: **Brightness Level** мәнін қолмен орнату үшін осыны таңдаңыз. **Custom** таңдалған кезде **Constant Brightness** қолжетімді болады.

Келесі объективтер EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1715S/EB-L1710S үлгісіне бекітілген болса, жарықтық шектеледі және **Normal** функциясын таңдау мүмкін емес.

ELPLU03, ELPLW05, ELPLM09, ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07

5 **Light Source Mode** режимі **Custom** параметріне орнатылғанда,**Brightness Level** мәнін таңдаңыз, содан кейін [◀][▶] түймелерін пайдаланып, жарықтығын орнатыңыз.

Келесі объективтер EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1715S/EB-L1710S үлгісіне бекітілген болса, максималды **Brightness Level** реттеулері шектеулі.

ELPLU03, ELPLW05, ELPLM09, ELPLS04, ELPLU02, ELPLR04, ELPLW04, ELPLM06, ELPLM07, ELPLL07

6 Бекітілген жарықтықты пайдалану үшін, **Constant Brightness** параметрін таңдаңыз және оны **On** күйіне орнатыңыз.

- **Constant Brightness** параметрі **On** күйіне орнатылғанда, сіз **Light Source Mode** және **Brightness Level** параметрлерін өзгерте алмайсыз. Бұл параметрлерді өзгерткіңіз келген кезде, **Constant Brightness** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
- **Constant Brightness** параметрін **Off** күйіне орнатқан кезде, **Brightness Level** мәні жарық көзінің ағымдағы күйіне байланысты өзгереді.
- **Brightness Level** параметрінде қателік болуы мүмкін.
- Проектор 24 сағаттан артық үздіксіз пайдаланылған кезде немесе әрдайым тікелей өшірілген кезде, жоспарлау функциясының көмегімен **Light Source Calibration** параметрін орнатыңыз. Егер ол орнатылмаса, Тұрақты жарықтық функциясы жұмыс істемейді.

☛ «Жоспарлау функциясы» 130-б

Болжалды қалған қуат туралы нұсқаулық

Constant Brightness параметрі **On** күйіне орнатылғандаEstimated Remains жазуы көрсетіледі. Estimated Remains тұрақты жарықтықты басқаруға болатын уақыт мөлшерін білдіреді.



Дисплей деңгейі	Estimated Remains
▮▮▮▮▮	10 000 сағат не одан да көп
▮▮▮▮▯	8000 - 9999 сағат
▮▮▮▯▯	6000 - 7999 сағат
▮▮▯▯▯	4000 - 5999 сағат
▮▯▯▯▯	2000 - 3999 сағат
▯▯▯▯▯	0 - 1999 сағат

Экранда көрсетілетін уақыт тек нұсқау ғана. 10 000 құрылғыда 30 000 не одан да көп уақыт көрсетіледі; 1000 құрылғыда 2000 - 29 999 аралығындағы уақыт көрсетіледі; және 100 құрылғыда 1999-ға дейінгі уақыт көрсетіледі.

Brightness Level және жарық көзінің жұмыс уақыты арасындағы қатынас

Келесі Brightness Level және жарық көзі жұмысының уақыты арасындағы қатынасты көрсетеді.

Тұрақты жарықтық параметрі өшірулі күйге орнатылғанда

❶: Brightness Level

❷: Жарық көзінің жарықтығы жартылай төмендеуінің шамамен есептегендегі уақыты

❶	❷
100%	20 000 сағат
90%	21 000 сағат
80%	24 000 сағат
70%	30 000 сағат
60%	37 000 сағат
50%	47 000 сағат
40%	61 000 сағат
30%	71 000 сағат

Тұрақты жарықтық параметрі қосулы күйге орнатылғанда

❶: Brightness Level

❷: Жарық көзінің тұрақты жарықтығын басқаруға болатын шамамен есептегендегі уақыт.

❶	❷	Сурет
85%	6000 сағат	
80%	10 000 сағат	
70%	19 000 сағат	
60%	29 000 сағат	
50%	41 000 сағат	
40%	56 000 сағат	
30%	78 000 сағат	

- Жарық көзін пайдаланға арналған болжамды уақыт проектордың жұмыс шарттары мен ортасына байланысты жүзеге асырылмауы мүмкін.
- Жоғарыда көрсетілген уақыттар проекторды үздіксіз және өзгеріссіз **Brightness Level** немесе **Constant Brightness** параметрлерінде қолданған уақыттағы стандартты сағаттар және оларға кепілдік берілмейді.
- Проектордың пайдалану және жұмыс шарттарына байланысты жарық көзінің жұмыс уақыттарына жетпес бұрын, проектордың ішіндегі бөлшектерді ауыстыру қажет болуы мүмкін.
- **Constant Brightness** параметрі **On** күйіне орнатылғанда және шамамен есептегендегі тұрақты уақыттан асқан соң, **Brightness Level** параметрі үшін жоғары мәнді орната алмайсыз.

Проекцияланған кескін жарығының мөлшерін баптау

Жарықтықты көрсеткілген кескіннің жарықтығына сай автоматты түрде орнату арқылы ол терең және қанық кескіндерді көруге мүмкіндік береді.

Dynamic Contrast параметрін **Color Mode** режимі **Dynamic** немесе **Cinema** күйінде болғанда ғана орнатуға болады.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** тармағынан **Dynamic Contrast** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 **Normal** немесе **High Speed** түймесін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Параметр әр түс режимі үшін сақталады.

4 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту

Проекцияланған кескіннің Aspect Ratio кіріс сигналдардың түріне, биіктігі мен енінің қатынасына және ажыратымдылығына жарайтындай өзгертуге болады.

Қол жетімді арақатынас режимдері қазіргі уақытта орнатылған Screen Type параметріне сай өзгеріп отырады.

Арақатынасты өзгерту алдында **Screen Type** параметрін орнатыңыз.

☛ «Экран параметрлері» 34-б

Әдістерді өзгерту

Қашықтан басқару құралында [Aspect] түймесін басқан сайын экранда қатынас режимінің атауы көрсетіледі және арақатынас өзгереді.

Қашықтықтан басқару пульті





Қатынас режимі	Түсіндірме
Auto	Енгізілген сигналдан алынған ақпарат негізінде тиісті арақатынаспен проекциялайды.
Normal	Кіріс кескіннің арақатынасын сақтай отырып проекциялайды.
4:3	4:3 арақатынасымен проекциялайды.
16:9	16:9 арақатынасымен проекциялайды.
Full	Проекцияланған экранның толық өлшемімен проекциялайды.
H-Zoom	Арақатынасты сақтай отырып, проекцияланған экранның толық еніне дейін кіріс кескінді үлкейту арқылы проекциялайды. Проекцияланған экранның жиектерінен асатын аумақтар проекцияланбайды.
V-Zoom	Арақатынасты сақтай отырып, проекцияланған экранның толық биіктігіне дейін кіріс кескінді үлкейту арқылы проекциялайды. Проекцияланған экранның жиектерінен асатын аумақтар проекцияланбайды.

Қатынас режимі	Түсіндірме
Native	Кіріс кескін ажыратымдылығымен проекцияланған экранның ортасына проекциялайды. Проекцияланған экранның жиектерінен асатын аумақтар проекцияланбайды.

- Сондай-ақ, арақатынасты Конфигурация мәзірінен орнатуға болады.
  ☛ **Signal** - **Aspect** 164-б
- Егер компьютер кескінінің бөліктері жоқ болса, «Конфигурация» мәзірінен **Resolution** параметрін компьютер ажыратымдылығына сай **Wide** немесе **Normal** мәніне орнатыңыз.
  ☛ **Signal** - **Resolution** 164-б

Кескін пішімінің режимі төмендегі кестелерде көрсетілгендей өзгереді.

Кестелердегі экран кескіндерінің келесі түстері көрсетілмейтін аумақтарды білдіреді.

■: Экран түрінің параметріне байланысты кескіндер көрсетілмейтін аумақ.

▭: Кескін пішімінің параметріне байланысты кескіндер көрсетілмейтін аумақ.

EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U

Экран түрінің параметрі: 16:10

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
16:9			
Full			
H-Zoom			
V-Zoom			
Native*			

* Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Экран түрінің параметрі: 16:9

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Full			
H-Zoom			
V-Zoom			
Native*			

* Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Экран түрінің параметрі: 4:3

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
4:3*1			
16:9			

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
H-Zoom			
V-Zoom			
Native*2			

*1 HDTV сигналын кіргізу кезінде (720p/1080i/1080p), сурет сол және оң жақтан кесіліп, көрсетілген кезінде, сигналдың арақатынасы сақталады.

*2 Тек компьютер кескіндері және HDMI порты/HDBaseT портынан қабылданатын кескіндер. Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

EB-L1715S/EB-L1710S/EB-L1515S/EB-L1510S

Экран түрінің параметрі: 4:3

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
4:3*1			
16:9			

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
H-Zoom			
V-Zoom			
Native*2			

*1 HDTV сигналын кіргізу кезінде (720p/1080i/1080p), сурет сол және оң жақтан кесіліп, көрсетілген кезінде, сигналдың арақатынасы сақталады.

*2 Тек компьютер кескіндері және HDMI порты/HDBaseT портынан қабылданатын кескіндер. Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Экран түрінің параметрі: 16:9

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
Full			
H-Zoom			
V-Zoom			

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Native*			

* Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Экран түрінің параметрі: 16:10

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
16:9			
Full			
H-Zoom			
V-Zoom			
Native*			

* Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Кескінді реттеу

Hue, Saturation және Brightness параметрлерін реттеу

Қалауыңызға қарай алты R (қызыл), G (жасыл), B (көк), C (көгілдір), M (қызыл күрең) және Y (сары) осінің **Hue** (реңк), **Saturation** (жарқындық) және **Brightness** опцияларын реттеуіңізге болады.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Image** тармағынан **Advanced** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3. **RGBCMY** тармағын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. Реттелетін түсті таңдау үшін, [▲][▼] түймелерін басыңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



5. [▲][▼] түймелерін пайдаланып элементті таңдаңыз, содан кейін реттеулерді жасау үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.



[↵] түймесін басқан сайын, реттеу экраны өзгереді.

6. Реттеулерді аяқтау үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Gamma параметрін реттеу

Айырмашылықтарды қосылған құрылғыға байланысты пайда болатын жартылай реңкте реттеуге болады.

Оны келесі әдістің біреуін пайдалану арқылы орнатуға болады.

- Түзету мәнін таңдау және реттеу
- Гамма реттеу сызбасын пайдаланып реттеу

Түсірілген фотосуретті проекциялау арқылы реттеңіз. Gamma параметрін фильмдерді пайдалану арқылы дұрыс реттеуге болмайды.

Түзету мәнін таңдау және реттеу

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Image** тармағынан **Advanced** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3. **Gamma** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. [▲][▼] түймелерін түзету мәнін таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін [↵] түймесін басыңыз.



Үлкенірек мән таңдалғанда кескіндегі күңгірт аймақтар жарығырақ болады, бірақ түсі ақшылдау келген аймақтардың түс қанықтылығы көмескіленуі мүмкін.
Кішірек мән таңдалғанда, кескіннің ашықтығын арттыру үшін кескіннің жалпы жарықтылығын азайтуға болады.

Image мәзіріндегі **Color Mode** ішінен **DICOM SIM** тармағын таңдасаңыз, реттеу мәнін проекцияның өлшеміне сәйкес таңдаңыз.

- Проекция өлшемі 150 дюйм не одан кіші болса, кіші мәнді таңдаңыз.
- Проекция өлшемі 150 дюйм не одан үлкен болса, үлкен мәнді таңдаңыз.

Медициналық кескіндер сіздің орнату ортаңыз бен экран сипаттамаларына сәйкес дұрыс шықпауы мүмкін.

Гамма реттеу сызбасын пайдаланып реттеу

Сызбада реңк нүктесін таңдап, реттеулерді орындаңыз.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** тармағынан **Advanced** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 **Gamma** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Customized** опциясын таңдап, [↵] түймесінің көмегімен растаңыз.

5 [◀][▶] түймелерін өзгерткіңіз келетін реңкті таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін реттеулерді жасау үшін [▲] [▼] түймелерін басыңыз. Өзгерістерді енгізіп болған соң, [↵] түймесінің көмегімен растаңыз.

Егер өзгерткіңіз келетін реңкті таңдау үшін [◀][▶] түймелерін пайдалансаңыз, кескін жыпылықтайды және реттеу нысанының реңк аймағын тексере аласыз.



6 **Do you want to continue adjusting the setting?** хабары көрсетілген кезде, **Yes** немесе **No** опциясын таңдаңыз.

Басқа реңкті реттеу үшін, **Yes** опциясын таңдап, 5-қадамдағы процедураны қайталаңыз.

Frame Interpolation

Ағымдағы және алдыңғы кадрлар аралық кадрларды жасау үшін қолданылады, олар интерполяцияланып біркелкі қозғалатын кескіндер жасалады. Жылдам қозғалатын кескіндерді проекциялау кезіндегі кадрды өткізіп жіберу сияқты тоқтап қозғалатын кескіндер мәселесін шешуге болады.



1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** тармағынан **Frame Interpolation** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 **Low**, **Normal** немесе **High** опцияларының ішінен интерполяция деңгейін таңдаңыз.

Оларды орнатқаннан кейін шуыл пайда болса, **Off** күйіне орнатыңыз.



4 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Кескін ажыратымдылығын реттеу (Image Enhancement)

Текстурасы мен шынайылығы күшейтілген анық кескінді қалпына келтіру үшін, **Image Enhancement** опциясының көмегімен кескін ажыратымдылығын реттеуге болады.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** тармағынан **Image Enhancement** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Келесі экран көрсетіледі.



4K Enhancement (тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)

4K Enhancement кескінді диагональ бойынша 1 пиксельді 0,5 пиксельдік қадамдармен жылжыту арқылы екі еселенген ажыратымдылықта проекциялайтын функция.

Ажыратымдылығы жоғары кескін сигналы анық проекцияланады.

1 **Image Enhancement** тармағынан **4K Enhancement** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

2 Төмендегілердің бірін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Off: 4K Enhancement функциясын өшіреді. Егер осы проектор панелінің ажыратымдылығынан асып кететін сигнал кіріс сигналы болса, онда кескін осы проектор панелінің ажыратымдылығына сәйкес көрсетіледі.

Full HD: Егер 1080i/1080p/WUXGA немесе одан жоғары ажыратымдылықтағы сигнал қабылданса, 4K Enhancement функциясы қосылады.

WUXGA+: Егер ажыратымдылығы WUXGA мәнінен асатын сигнал қабылданса, 4K Enhancement функциясы қосылады. Ажыратымдылығы жоғары фильмді проекциялау үшін, анықтығы жоғары кескінді осы параметрді **Image Preset Mode** параметрімен бірге пайдалану арқылы проекциялауға болады.



- Бірнеше проектордан проекциялау үшін, **Off** опциясын таңдап, әр кескінді бірыңғайлаңыз.
- **Off** - презентация материалдарын компьютерлерден, т.б. проекциялау үшін тамаша.
- **Full HD** немесе **WUXGA+** мәніне орнатылған болса, төмендегі функция арқылы түзетілген күй болдырылмайды.
  Edge Blending, Scale, Curved Surface, Point Correction, Corner Wall
  4K Enhancement параметрі **Off** күйіне орнатылғанда, параметрлер өздерінің алдыңғы күйлеріне оралады.

3 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Image Preset Mode

Проекцияланған кескінге сәйкес, алдын ала дайындалған бес алдын ала орнатылған параметрдің ішінен оңтайлы параметрді таңдаңыз.

Төмендегі параметрлер алдын ала орнатылған параметрлерде сақталады.

Noise Reduction, **MPEG Noise Reduction**, **Super-resolution**, **Detail Enhancement**

1. **Image Enhancement** тармағынан **Image Preset Mode** параметрін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

2. Төмендегілердің бірін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

   Preset 1 - **Preset 5** опциялары: алдын ала сақталған параметрлер кескінге қолданылады.

   Off: алдын ала орнатылған параметрлерді өшіру үшін, осыны таңдаңыз.



- **Preset 1** - **Preset 5** аралығындағы опцияны таңдағаннан кейін, әр параметрді бөлек-бөлек дәл реттей аласыз. Реттеуден кейін параметр қайта жазылады.
- Реттеуден кейін **4K Enhancement** қосылғанда және өшірілгенде, параметр бөлек қайта жазылады.

3. Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Noise Reduction

Прогрессивті сигналдар немесе кезектескен прогрессивті сигналдар кірісі кезінде біршама жұмсақ кескін сапасына қол жеткізу үшін, бүдір кескіндерді жұмсартуға болады.

Ол келесі жағдайларда өшірулі болады.
- **Image Processing** опциясы **Fast 2** мәніне орнатылған кезде
- **4K Enhancement** қосулы болғанда
- Ажыратымдылығы WUXGA мәнінен асатын сигнал кірісі орын алғанда
- **Image Preset Mode Off** күйінде болғанда

1. **Image Enhancement** тармағынан **Noise Reduction** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
2. Мәнді реттеу үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.



3. Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

MPEG Noise Reduction

MPEG фильмдерін проекциялау барысында нысандардың пішіндерінде пайда болатын нүктені азайтуға және шуылды басуға болады.

Ол келесі жағдайларда өшірулі болады.
- **4K Enhancement** қосулы болғанда
- Ажыратымдылығы WUXGA мәнінен асатын сигнал кірісі орын алғанда
- **Image Preset Mode Off** күйінде болғанда

1. **Image Enhancement** тармағынан **MPEG Noise Reduction** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
2. **Low**, **Normal** немесе **High** опцияларының ішінен азайтылатын шуыл деңгейін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

   Егер **Off** опциясы таңдалса, **MPEG Noise Reduction** опциясы өшеді.



3. Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Super-resolution

Айқын кескінді көрсету үшін кескін сигналының ажыратымдылығы масштабталған және проекцияланған кезде пайда болатын бұлдырлықты азайтуға болады.

Image Preset Mode Off күйінде болғанда өшіріледі.

1. **Image Enhancement** тармағынан **Super-resolution** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

2. [▲][▼] түймелерін пайдаланып элементті таңдаңыз, содан кейін реттеулерді жасау үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

   Fine Line Adjust: Бұл параметр оң мәнге орнатылса, шаш немесе мата үлгісі сияқты кішігірім бөліктер күшейтіледі.

   Soft Focus Detail: Бұл параметр оң мәнге орнатылса, суреттегі нысандардың шеттері, фоны және басқа негізгі бөліктері күшейтіліп, анық көрсетіледі.



3. Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Detail Enhancement

Текстура мен шынайылықты арттыру үшін кескіннің бөліктері көп аймақтарындағы контрастты күшейтуге болады.

Image Preset Mode Off күйінде болғанда өшіріледі.

1. **Image Enhancement** тармағынан **Detail Enhancement** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

2. [▲][▼] түймелерін пайдаланып элементті таңдаңыз, содан кейін реттеулерді жасау үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

   Strength: мән үлкен болған сайын, контраст көбірек күшейтіледі.

   Range: мән үлкен болған сайын, бөлікті күшейту ауқымы кеңейе береді.



Кескінге байланысты түстер арасындағы жиектерде ашық түстер байқалуы мүмкін. Егер бұл сізді мазаласа, кішірек мәнді орнатыңыз.

3. Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

3D кескіндерін проекциялау (тек EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U/EB-L1515S/EB-L1510S)

Екі проекторды пайдалану арқылы пассивті 3D кескіндерін проекциялауға болады. 3D кескінін проекциялау және көру үшін, төмендегі құрылғылар қажет.

- Поляризатор
- Белсенді емес 3D көзілдірігі
- Жұптауға арналған бекіткіш
- Белсенді емес 3D кескініне арналған киноэкран



Бұл проектор R (қызыл), G (жасыл) және B (көк) үшін поляризациялау проекциясының бағытын реттейді. Сол және оң жақ көздің G (жасыл) кескін сигналдарын инверсиялау қажет емес.

Пайдалы функциялар

Бұл бөлімде Multi-Projection, Split Screen, Memory, Schedule және Security функциялары сипатталған.

Бір үлкен немесе кең кескінді проекциялау үшін бірнеше проекторды орната аласыз.
Біртұтас экран жасау үшін проекцияланған кескіндердің арасындағы жарықтық пен түс реңкінің айырмашылығын реттей аласыз.

- **4K Enhancement** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/ EB-L1490U)
- Фокустауды, масштабтауды және объективті жылжыту мөлшерін проекциялауды бастағаннан 20 минуттан кейін орнатқан жөн, себебі проекторды қосқан кезде суреттер тұрақты болмайды.
- **Geometry Correction** пәрменінің мәндері үлкен болса, қабаттасатын кескіндердің күйін реттеу қиын болуы мүмкін.
- Бейне жабдықты қоспай проекция күйін реттеу үшін Test Pattern көрсетуге болады.
  ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 35-б
- Үлкейту немесе азайтусыз проекциялана алатын нүктелі кескінді проекцияласаңыз, реттеулер дәл орындала алады.

Реттеу процедурасы

Автоматты түрде онлайн реттеу

Негізгі проектор ретінде орнатылған проектордың параметрлеріне сәйкес келу үшін бірнеше проектордан шығатын кескіндерді автоматты түрде реттеуге болады (Screen Matching).

Алайда, топқа өте күңгірт проектор қосылған кезде, жарықтық автоматты түрде күңгірт проекторға сәйкес реттеледі. Негізгі проектор үшін, стандартты ретінде қолданғыңыз келетін түс пен жарықтықты таңдаңыз.

- Кескін барынша жарық болу үшін:
  Барлық проекторлар үшін **Light Source Mode** параметрін **Normal** күйіне орнатыңыз. **Light Source Mode** параметрін **Custom** күйіне және **Brightness Level** параметрін 100%-ға орнатыңыз.
- Белгілі бір жарықтыққа сәйкес болу үшін:
  Өте күңгірт проекцияланған кескін үшін **Light Source Mode** параметрін **Custom** күйіне орнатып, **Brightness Level** параметрін қолданғыңыз келген жарықтыққа реттеңіз. Сондай-ақ, осы проекторды негізгі проектор ретінде орнатыңыз.

☛ **Settings** - **Brightness Settings** - **Light Source Mode** - **Brightness Level** 166-б

Алдын ала дайындау

(1) LAN кабельдерінің көмегімен барлық проекторды желі хабына жалғаңыз.
(2) Негізгі проекторды қосу.
(3) Негізгі проектордың және қашықтықтан басқару пультінің идентификаторын орнатыңыз.
☛ «Проектор идентификаторын орнату» 47-б
(4) Барлық проекторды қосыңыз.
(5) Барлық проектор үшін **DHCP** параметрін **On** күйіне орнатыңыз немесе IP мекенжайлардың тағайындалғанын тексеріңіз.
☛ **Network** - **Network Configuration** - **Wired LAN** - **IP Settings** 182-б
(6) Реттеу кезінде өшіп қалмайтындай **Sleep Mode** параметрі **Off** күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
☛ **Extended** - **Operation** - **Sleep Mode** 168-б

Проекцияланған позицияны реттеу

(1) Проектордың позициясын (бұрышын) реттеңіз.
☛ «Орнату параметрлері» 33-б

(2) Кескіндердің орналасуын реттеңіз.
☛ «Мозаиканы автоматты түрде орындау» 105-б

Проекцияланған кескіндерді реттеу

(1) Кескіндердің арақатынасын реттеңіз.
☛ «Экран параметрлері» 34-б
☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 89-б
(2) Объективтің жылжуын реттеңіз.
☛ «Проекцияланған кескіннің орнын реттеу (объективті жылжыту)» 37-б
(3) Масштаб пен фокусты реттеңіз.
☛ «Кескін өлшемін реттеу» 41-б
☛ «Фокусты түзету» 42-б
(4) Кескіндердегі болмашы айырмашылықтарды реттеңіз.
☛ «Point Correction» 82-б
(5) Кескіндердің жиектерін реттеңіз.
☛ «Edge Blending» 107-б
☛ «Black Level» 110-б
(6) Кескіндердің жарықтығы мен реңкін реттеңіз.
☛ «Screen Matching» 113-б
(7) Кескіндердің бөліктерін реттеңіз.
☛ «Масштабталған кескінді көрсету» 117-б

Қолмен оффлайн режимде реттеу

Барлық проектордан шығатын кескіндерді қолмен реттеңіз.

Алдын ала дайындау

(1) Барлық проекторды қосыңыз.
(2) Барлық проектордың және қашықтықтан басқару пультінің идентификаторын орнатыңыз.
☛ «Проектор идентификаторын орнату» 47-б

Проекцияланған позицияны реттеу

(1) Проектордың позициясын (бұрышын) реттеңіз.
☛ «Орнату параметрлері» 33-б
(2) Кескіндердің орналасуын реттеңіз.
☛ «Мозаика жұмысын қолмен орындау» 107-б

Проекцияланған кескіндерді реттеу

☛ «Проекцияланған кескіндерді реттеу» 104-б

Мозаика

Бір үлкен кескінді жасау үшін, бірдей кескінді бірнеше проектордан проекциялайды. Тоғыз проекторға дейін пайдалану арқылы проекциялауға болады.



Мозаика құрастырмас бұрын, проекцияланған кескін тіктөртбұрыш болатындай етіп реттеңіз. Сонымен қатар, кескіндердің өлшемі мен фокусын реттеңіз.

☛ «Кескін өлшемін реттеу» 41-6

☛ «Фокусты түзету» 42-6

Мозаиканы автоматты түрде орындау

Бұл бөлім **Projector Grouping** параметрінде қолданылып жатқан проекторды қалай таңдау керектігін түсіндіреді және содан кейін проекцияланып жатқан кескіндерді автоматты түрде баптайды.

Орынды баптау процесі проектордың алдына орнатылған камера арқылы орындалады. Камераны немесе проекцияланған кескінді жаппаңыз.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** тармағынан **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
3. **Projector Grouping** параметрін таңдаңыз да,[↵] түймесін басыңыз.
4. Мозаика құрастыру үшін қолданылатын проекторларды таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



(1) Құсбелгі енгізу үшін қолданғыңыз келетін проекторларды таңдаңыз.

Тізімді жаңарту үшін **Refresh** функциясын таңдаңыз. Проектор ретін сұрыптау үшін **Sort** функциясын таңдаңыз.

(2) **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

5. **Tiling** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
6. **Tiling** параметрін таңдаңыз. **Auto** параметрін таңдаңыз, содан кейін [Esc] түймесін басыңыз.



7 **Location Setup** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Кескін автоматты түрде орналастырылады.

"Assign IDs to projectors that have been located. Do you want to continue?" хабары көрсетілген кезде, **Yes** опциясын таңдаңыз.

Орнату процесі аяқталған кезде, мынадай экран пайда болады.



Егер кескін дұрыс орналастырылмаған болса, 6-қадамдағы **Manual** параметрін таңдаңыз, содан кейін кескінді қолмен орналастыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

(1) **Row** және **Column** параметрін **Layout** күйіне орнатыңыз.

(2) **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) **Location Setup** параметрінде орынды таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

(4) Барлық проектордың орындарын ауыстыру үшін қадамды (3) қайталаңыз.

(5) **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

8 Кескінді көрсету үшін, кескін сигналын енгізіңіз.

☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б

Мозаика жұмысы аяқталғанда проекцияланған кескіндердің позициялық аралықтарын және реңкін реттеңіз.

☛ «Проекцияланған кескіндерді реттеу» 104-б

- Мозаика жұмысы аяқталғаннан кейін, проекторлардың IP мекенжайларын немесе проекторлардың аттарын өзгертпеңіз. Әйтпесе кескін автоматты түрде реттелмейтін болады.
- Мозаика жұмысы аяқталғаннан кейін әрбір проекторды бір қашықтан басқару пультімен орната аласыз. Қашықтан басқару пультінің көмегімен орнатқыңыз келген проектордың идентификаторын таңдаңыз. Проектордың идентификаторын **Tiling** - **Location Info** тармағынан тексере аласыз.

☛ «Қашықтан басқару құралының идентификаторын орнату» 48-б

Мозаика жұмысын қолмен орындау

Бұл бөлім **Projector Grouping** процесін орындамастан кескінге арналған орын параметрлерін қолмен қалай орындауға болатынын түсіндіреді.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** тармағынан **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
3. **Tiling** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. **Layout** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
   (1) Проекторлар санын **Row** және **Column** параметрлерінде орнатыңыз.
   (2) **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
5. Мозаика үшін пайдаланылатын әр проектор үшін 1-4 аралығындағы қадамдарды қайталаңыз.
6. **Location Setup** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
   (1) Проекцияланған кескіндердің орындарын **Row Order** және **Column Order** параметрлерінде орнатыңыз.
   Row Order: Экранданды жоғарыдан төмен қарай мына ретпен орналастырыңыз: **1**, **2**, **3**.
   Column Order: Экрандарды солдан оңға қарай мына ретпен орналастырыңыз: **A**, **B**, **C**.



   (2) **Set** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
7. Әрбір проектор үшін 6-қадамды қайталаңыз.
8. Кескінді көрсету үшін, кескін сигналын енгізіңіз.
   ☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-6

Мозаика жұмысы аяқталғанда проекцияланған кескіндердің позициялық аралықтарын және реңкін реттеңіз.
☛ «Проекцияланған кескіндерді реттеу» 104-6

Edge Blending

Біркелкі экранды жасау үшін қабаттасатын аймақтарды дәл реттеуге болады.



Реттеу жұмыстарының дәлдігін арттыру мақсатында жиектерді араластырмас бұрын қашықтан басқару пультіндегі [Color Mode] түймесін басыңыз, содан кейін **Color Mode** параметрін **Multi-Projection** мәніне орнатыңыз.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.
3. **Edge Blending** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

   Келесі экран көрсетіледі.



Ішкі мәзір	Функция
Edge Blending	Edge Blending белсендіру үшін **On** күйіне орнатыңыз. Бірнеше проектордан проекцияламаған кезде **Off** күйіне орнатыңыз.
Top Edge/ Bottom Edge/ Left Edge/ Right Edge	**Blending**: Edge Blending опциясын параметрлеріңізге сәйкес белсендіру үшін, **On** күйіне орнатыңыз, содан кейін араластыру ауқымы күңгірттеледі. **Blend Start Position**: араластырудың бастапқы орнын қызыл сызықпен көрсетеді және бір пиксель деңгейін реттейді. **Blend Range**: Көлеңкеленетін ауқымды реттейді. Бір пиксель деңгейіне дейін реттеу мүмкін. Максималды ауқым – ажыратымдылықтың 45%-ы.
Blend Curve	Көлеңкелеудің 16 жолынан біреуін таңдауға болады.
Line Guide	Edge Blending параметр ауқымында бағыттауышты көрсету үшін **On** күйіне орнатыңыз.

Ішкі мәзір	Функция
Pattern Guide	Edge Blending параметр ауқымының күйіне сәйкес болатындай бағыттауышты көрсету үшін **On** күйіне орнатыңыз.
Guide Color	Берілген алты түстің ішінен бағыттауыш түстердің тіркесімін таңдаңыз.

4 Edge Blending функциясын қосыңыз.

(1) **Edge Blending** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) [Esc] түймесін басыңыз.

5 **Line Guide** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

(1) **Line Guide** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) [Esc] түймесін басыңыз.

Бағыттауыш анық көрінбесе, **Guide Color** ішінде бағыттауыштың түсін өзгертуге болады.

6 **Pattern Guide** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

(1) **Pattern Guide** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) [Esc] түймесін басыңыз.

7 **Top Edge**, **Bottom Edge**, **Left Edge** немесе **Right Edge** мәндерін қабаттасатын кескіннің бөлшектеріне сәйкес орнатыңыз.

Мұнда экранды (1) орнату жолы мысал ретінде көрсетілген.



Жоғарыдағы мысалда кескіннің (1) сол жағындағы қабаттасатын аймақтар көрінетіндіктен **Left Edge** күйін реттеу қажет.

(1) **Left Edge** таңдаңыз, кейін [↵] түймесін басыңыз.

(2) **Blending** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(4) [Esc] түймесін басыңыз.

(5) **Blend Start Position** параметрінде араластырудың бастапқы орнын кескін шетімен (2) туралаңыз.

(6) [Esc] түймесін басыңыз.

(7) **Blend Range** параметрінде күңгірттелетін ауқымды (3) реттеңіз.
Айқасқан ауқым мен бағыттауыш бір орында болғандағы мән ең тиісті болып табылады.



(8) [Esc] түймесін басыңыз.

8 **Blend Curve** параметрін орнатыңыз.

(1) **Blend Curve** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **0** - **15** ішінен көлеңкелеу мөлшерін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

(3) [Esc] түймесін басыңыз.

9 Реттеу орындалғаннан кейін аяқтау үшін **Line Guide** және **Pattern Guide** параметрлері **Off** күйіне орнатылуы тиіс.

Black Level

Қара кескін көрсетілгенде кескіндер қабаттасатын аймақтар ғана бөлектенеді. Қара түс деңгейі функциясы айырмашылықтарды азырақ байқалатындай етіп, кескіннің қабаттаспайтын аймақтарындағы жарықтығы мен реңкін кескіннің қабаттасатын аймақтарына сәйкестендіреді.



- Сынақ үлгісі көрсетілген кезде, Black Level параметрін реттей алмайсыз.
- **Geometry Correction** мәні үлкен болса, тиісінше реттеу мүмкін болмайды.
- Қара түс деңгейінің реттеуі орындалғаннан кейін жарықтық және реңк кескіндер қабаттасқан нүктеде басқа жерлерге қарағанда өзгешеленуі мүмкін.
- **Top Edge**/**Bottom Edge**/**Right Edge**/**Left Edge** параметрі өзгертілсе, Black Level параметрі өзінің әдепкі мәніне қайтарылады.
  ☛ «Edge Blending» 107-б
- Screen Matching үшін автоматты реттеу жұмысы басталған кезде Color Adjustment параметрлері автоматты түрде реттеледі.
  ☛ «Бірнеше проектор үшін жарықтық және реңк параметрлерін автоматты түрде түзету» 114-б

1 **Multi-Projection** ішінен **Black Level** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



2 **Color Adjustment** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Аймақтар **Top Edge**/**Bottom Edge**/**Right Edge**/**Left Edge** параметрлерінің негізінде көрсетіледі.

3 Реттегіңіз келетін аймақты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Таңдалған аумақ қызғылт сары түспен көрсетіледі.

Бірнеше экран қабаттасқанда, қабаттасуы ең көп (ең жарық аумақ) аумаққа негізделіп реттеңіз. Төмендегі суретте, алдымен (2) аумақты (1) аумақпен туралап, (2) аумақпен тураланатын (3) аумақты реттеңіз.



4 Қара реңкті жарықтықпен реттеңіз.



5 Кез келген қалған бөлшектерді реттеу үшін 3 және 4 қадамдарын қажетінше қайталаңыз.



Бұдан кейін кейбір аймақтар үшін реңк сәйкес болмаса, оларды **Area Correction** бойынша реттеңіз.

6 2-қадамда көрсетілген экранға қайту үшін [Esc] түймесін басыңыз.

7 **Area Correction** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



8 **Start Adjustments** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Кескіндердің қабаттасқан жерлерін көрсететін шекара сызықтары көрсетіледі.

Шекара сызықтары **Top Edge**/**Bottom Edge**/**Right Edge**/**Left Edge** параметрлерінің негізінде көрсетіледі.

9 Реттеу қажет аймақтың шекара сызығын таңдау үшін, [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

Таңдалған сызық қызғылт сары түспен көрсетіледі.



10 [↵] түймесін басып, таңдауды растаңыз.



11 Шекара сызығының орындарын реттеу үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

12 Жылжытылуы қажет нүктені таңдау үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін басыңыз және [↵] түймесін басыңыз.

Таңдалған нүкте қызғылт сары түспен көрсетіледі.



13 Нүктені жылжыту үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін басыңыз.

Басқа нүктенің жылжытылуын жалғастыру қажет болса, 12-қадамға қайту үшін [Esc] түймесін басыңыз да, 12 және 13-қадамды қайталаңыз.

Басқа шекара сызығын реттеу үшін, [Esc] түймесін 9-қадамдағы шекара сызығын таңдау экраны көрсетілмейінше басыңыз.

Black Level параметрін оның әдепкі мәніне қайтару қажет болса, 7-қадамдағы экранға қайту үшін [Esc] түймесін басыңыз да, [Reset] таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

14 Реттеу орындалғаннан кейін, [Menu] түймесін басыңыз.

Screen Matching

Бірнеше проектордың реңкін және жарықтығын реттеңіз.

Проекторлар желіге қосылған кезде бірнеше проекторға арналған реңк пен жарықтық негізгі проектордың реттеу мәндеріне қарай автоматты түрде реттеледі.

Проекторлар желіге қосылмаған болса немесе автоматты реттеу функциясы жұмыс істемесе, барлық проектордың реңкін және жарықтығын қолмен реттей аласыз.

- Screen Matching процесін проекторды қосқан соң немесе А/Б дыбыссыз режимін өшірген соң 20 минуттан кейін орындауды ұсынамыз.
- Реттеу параметрлерінің дәлдігін арттыру үшін, реттеу жұмыстарын жасамас бұрын кескіндерді проекциялау кезінде бөлмені қараңғылап қоюды ұсынамыз.
- Реттеу жұмыстарын бастамас бұрын негізгі проекторда мына әрекеттерді орындаңыз.

  - **Color Mode** параметрін **Multi-Projection** мәніне Қашықтан басқару пультіндегі [Color Mode] түймесінің көмегімен орнатыңыз.

  - Қашықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін басып, A/V Mute параметрін өшіріңіз.

  - Image мәзіріндегі мына элементтерді қажетінше реттеңіз. Brightness, Contrast, Color Saturation, Tint, White Balance, Advanced

  ☛ «Image мәзірі» 161-б

  - Проекцияланған кескіннің жарықтығын орнатыңыз.

  ☛ «Жарықтықты орнату» 85-б
- Жарық көздерінің жұмыс мерзіміне байланысты әрбір проектор жарықтығында үлкен айырмашылық болса, Screen Matching процесін қайта орындаңыз.
- Жоспарлау функциясын пайдалану арқылы орнатып жатқанда реңк пен жарықтық параметрлерін автоматты түрде реттей аласыз.

  ☛ «Жоспарлау функциясы» 130-б
- Screen Matching параметрі дұрыс жұмыс істемесе, мынаны көріңіз.

  ☛ «Автоматты реттеу жұмыстары дұрыс орындалмады» 224-б

Автоматты реттеу функцияларына арналған жұмыс жағдайлары

Төмендегі шарттарға сәйкес келген кезде Screen Matching үшін автоматты реттеу функциялары іске қосылады.

- Экран беті тегіс және қисық не иілмеген
- Күңгірт ақ түсті диффузиялық экранды пайдалану
- Проекциялау өлшемі - 80-200 дюйм
- Мозаикадан кейінгі проекцияланған кескіннің пішіні тіктөртбұрышты
- Барлық проекцияланған кескіндер ешбір аралықсыз тураланған (қабаттасатын кескіндердің ені ретінде 15-45% пайдалануға кеңес беріледі)
- Проектордың теңшелуі проекцияланатын бетке параллель

Мына объективтерді пайдалану кезінде автоматты түрде реттеу қолжетімсіз болады.

ELPLX02, ELPLX02W, ELPLR04, ELPLL08, ELPLL07/ ELPLU03, ELPLU04, ELPLU02 (EB-1755U/EB-1750U)

Бірнеше проектор үшін жарықтық және реңк параметрлерін автоматты түрде түзету

Негізгі проектор үшін орнатылған жарықтық пен реңк негізінде **Projector Grouping** параметрінде таңдалған проекторлардың жарықтығы мен реңкін автоматты түрде түзету.

- Автоматты реттеуді бастамас бұрын, мынаны тексеріңіз.
  - Проектор желіге қосылған
  - Проектор үшін **Location Setup** параметрі орнатылып қойған
- Автоматты реттеу процесі проектордың алдына орнатылған камера арқылы орындалады. Камераны немесе проекцияланған кескінді жаппаңыз.
- Автоматты ретеуге кететін уақыт орын мен проекторлардың санына байланысты әртүрлі болады және шамамен 12 минутқа дейін созылуы мүмкін.
- Brightness Settings және Black Level параметрлері автоматты түрде реттеледі (тек **Color Adjustment**).
- Автоматты реттеу жұмыстарын орындағаннан кейін, Color Uniformity және Color Matching параметрлері өздерінің әдепкі мәндеріне қайтып оралады.

1 **Multi-Projection** ішінен **Screen Matching** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

2 **Start Auto Adjustment** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Реттеу үлгісі көрсетіледі және реттеу жұмысы басталады. Егер проекцияланған кескін реттеу жұмысынан бұрын көрсетілсе, процедура аяқталады.

- Қате пайда болған жағдайда мынаны қараңыз.
  ☛ «Автоматты реттеу жұмыстары дұрыс орындалмады» 224-б
- Автоматты реттеуден бұрынғы күйге оралу үшін, **Undo** функциясын таңдаңыз. **Undo** функциясын таңдағаннан кейін **Redo** функциясын таңдасаңыз, кескінді автоматты реттеуден кейінгі күйге келтіреді.
- **Screen Matching** параметрін өзінің әдепкі мәніне келтіру үшін, **Reset** түймесін таңдаңыз.
- **Brightness Settings** параметріндегі **Constant Brightness** функциясы **On** күйіне орнатылған кезде, экранды сәйкестендіруді орындағаннан кейін **Brightness Level** параметрін реттеу үшін, **Reset** таңдаңыз.

Color Matching

Түс балансы пен жарықтығын қара түстен ақ түске дейін әр түс реңкі үшін дәл реттеуге болады.

Проекторлар желіге қосылған кезде немесе автоматты реттеу жұмыстарынан кейін қолмен реттегіңіз келсе, барлық проекторларда мына әрекетті орындаңыз.

1. **Multi-Projection** ішінен **Screen Matching** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

2. **Color Matching** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Келесі экран көрсетіледі.



Қабаттасатын аймақтың жартысы қара түсте көрсетіледі, сондықтан кескіннің жиегін тексеру оңай болады.



Adjustment Level: Ақ түстен сұр түске, сондай-ақ, қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әрбір деңгейді бөлек реттей аласыз.

Red, Green, Blue: Әр түстің реңкін реттейді.

Brightness: Кескін жарықтығын реттейді.

> [↵] түймесі басылған сайын, бұл экран проекцияланған кескін мен реттеу экраны арасында ауысып отырады.

3. Реттеу деңгейін орнату үшін **Adjustment Level** параметрін таңдаңыз да, [◀][▶] түймесін пайдаланыңыз.

4. **Red**, **Green** немесе **Blue** таңдаңыз да, түс реңкін реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

5 **Brightness** таңдаңыз да, жарықтығын реттеу үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

6 2-қадамға оралып, әрбір деңгейді реттеңіз.

7 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Масштабталған кескінді көрсету

Кескіннің бір бөлігі кесіп алынады және көрсетіледі. Бұл бірнеше проектордан проекцияланған кескіндерді араластырып бір үлкен кескін жасауға мүмкіндік береді.



1 Кескінді проекциялаңыз да, [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.

Осымен қатар дәл осы операцияны **Signal** параметріндегі **Scale** пәрмені арқылы орындауға болады.

3 **Scale** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Scale** параметрін қосыңыз.

(1) **Scale** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **Auto** немесе **Manual** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Auto: Edge Blending және Tiling параметрлеріндегі реттеу мәндеріне сәйкес ұсталған аймақты автоматты түрде реттейді. 6-қадамнан кейін ешқандай қадамды орындаудың қажеті жоқ.
Manual: Ұсталған аймақты қолмен реттеуге мүмкіндік береді.

(3) Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Ұсталған аймақ үшін автоматты реттеу жұмыс істемесе, арақатынасты реттеңіз, содан кейін **Auto** параметрін таңдаңыз.
☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 89-б

5 **Scale Mode** параметрін орнатыңыз.

(1) **Scale Mode** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **Zoom Display** немесе **Full Display** параметрін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

Zoom Display: Ағымдағы көрсетілген кескінге сай реттейді.

Enlarge



Move



Full Display: Проектор тақтасының көлеміне сай реттейді (кескінді көрсетуге болатын ең үлкен аймақ).

Enlarge



Move



(3) Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

6 Масштабты реттеңіз.

Реттеу әдісін [▲][▼] түймелерімен таңдап, [◀][▶] түймелерімен реттеңіз.

-+: Кескінді бір уақытта көлденең және тігінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Scale Vertically: Кескінді тігінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Scale Horizontally: Кескінді көлденеңінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

7 Кескін ұсталды және реттелді.

(1) **Clip Adjustment** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
Егер **Clip Range** параметрін таңдасаңыз, проектор проекциялайтын кескін ауқымы мен координаталары көрсетіледі.

(2) Кескінді айналдыру үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.
Экранды көру барысында кескіннің координаталары мен көлемін реттеңіз.

(3) Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Бүкіл кескінді **Clip Range** ішінен ұстағаннан кейін көрсетілген аймақты тексере аласыз.

Екі кескінді бір уақытта проекциялау (Split Screen)

Экранның оң және сол жағындағы екі бастапқы көзде суреттерді қатар көрсетуге болады.



Бөлінген экранды проекциялауға арналған кіріс көздері

Бөлінген экранда проекциялауға болатын кіріс көздерінің тіркесімдері төменде тізімделген:

Сол жақ экран	Оң жақ экран						
	HDMI	HDBaseT	DVI-D	SDI*	Computer	BNC	LAN
HDMI	-	✓	✓	✓	✓	✓	✓
HDBaseT	✓	-	✓	✓	✓	✓	✓
DVI-D	✓	✓	-	✓	✓	✓	✓
SDI*	✓	✓	✓	-	-	-	-
Computer	✓	✓	✓	-	-	-	-
BNC	✓	✓	✓	-	-	-	-
LAN	✓	✓	✓	-	-	-	-

* Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U

- WUXGA асатын сигналдарға қолдау көрсетілмейді.
- Егер **4K Enhancement** опциясы өшірілсе, хабар көрсетіледі. **4K Enhancement** параметрін өшіру үшін, **Yes** опциясын таңдаңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)

  ☛ **Image** - **Image Enhancement** - **4K Enhancement** 161-б

Жұмыс процедуралары

Бөлек экранға проекциялау

1 Проекциялау кезінде қашықтықтан басқару құралындағы [Split] түймесін басыңыз.

Ағымдағы таңдалған кіріс көзі экранның сол жағында проекцияланады.

Қашықтықтан басқару пульті



Бірдей операцияларды конфигурация мәзірінен орындауға болады.

☛ **Settings** - **Split Screen** 166-6

2 [Menu] түймесін басыңыз.

Split Screen Setup экраны көрсетіледі.



3 **Source** параметрін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Left** және **Right** үшін әрбір кіріс көзін таңдаңыз.



Төмендегі процедураны пайдалану арқылы бірдей операцияларды орындауға болады.

☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б

☛ «Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу» 69-б

5 **Execute** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Бөлу экранын проекциялау барысында көзге қосу үшін 2-қадам процедурасын бастаңыз.

Сол және оң жақ экрандар арасында ауыстыру

Экрандарды ауыстыру үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Бөлу экранын проекциялау барысында [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Swap Screens** параметрін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

Сол және оң жақта проекцияланған кескіндер ауыстырылады.



Сол және оң жақ кескін өлшемдерін ауыстыру

1 Бөлу экранын проекциялау барысында [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Screen Size** параметрін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

3 Көрсету қажет экран өлшемін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.



Экран өлшемін баптағаннан кейін төменде көрсетілгендей проекциялық кескіндер пайда болады.

Equal



Larger Left



Larger Right



- Сол және оң жақ экран кескіндерін бір уақытта үлкейтуге болады.
- Бір кескін ұлғайтылғанда басқасы кішірейеді.
- Кіріс бейне сигналдарына байланысты сол және оң жақтағы кескіндер, тіпті, **Equal** параметрі орнатылған болса да бірдей өлшемде көрсетілмеуі мүмкін.

Дыбысты өзгерту

1. Бөлу экранын проекциялау барысында [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Audio Source** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
3. Шығарғыңыз келген дыбысты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

   Auto опциясын таңдасаңыз, дыбыс үлкейтілген экранға шығады. Егер экран өлшемдері **Equal** болса, дыбыс сол жақтағы экранға шығады.



Экранды бөлуді аяқтау

Экранды бөлуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Бөлу экранын аяқтау үшін төмендегідей қадамдарды орындауға болады.

- Қашықтан басқару пультінде [Split] түймесін басыңыз.
- **Exit Split Screen** параметрін Split Screen Setup экранынан таңдаңыз. ☛ 120-б

Бөлінген экранды проекциялау кезіндегі шектеулер

Жұмыс істеу шектеулері

Бөлінген экранды проекциялау кезінде келесі операцияларды орындауға болмайды.

- Конфигурация мәзірін баптау
- E-Zoom
- Қатынас режимін өзгерту
- Қашықтан басқару пультіндегі [User1], [User2] немесе [User3] түймесін пайдалану арқылы
- Анықтама тек кескін сигналдары қабылданғанда немесе қате не ескерту хабарландыруы пайда болғанда көрсетіледі.
- Пайдаланушының логотипі көрсетілмейді.

Кескіндерге қатысты шектеу

- Оң жақ экран кескіні үшін **Image** мәзіріне арналған әдепкі мәндер қолданылады. Алайда, сол жақ экранда проекцияланған кескіннің параметрлері **Color Mode**, **Color Temp.** және **Super-resolution** үшін оң жақ экранның кескініне қолданылады.
- **Dynamic Contrast** және **Frame Interpolation** параметрлері қолжетімді емес.

Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)

Мұны аудиторияның назарын айтып жатқанға аудару немесе компьютерден көрмелер барысында файлдар арасында ауысу кезінде сияқты мәліметтерді көрсету керек болмаса пайдаланыңыз.



[A/V Mute] түймесін басқан сайын A/V Mute қосылады немесе өшеді.

Қашықтықтан басқару пульті



- A/V Mute орындалғанда, жарық көзін өшіреді.
- Бейнені қосу немесе өшіру кезінде бірқалыпты жоғалу немесе пайда болу қажет болса, **Fade-out** және **Fade-in** параметрлерінде қажетті секундтар санын орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **A/V Mute Settings** - **Fade-out**, **Fade-in** 168-б
- А/Б дыбысын өшіру функциясы белсендірілгенде және 2 сағат ешбір операция орындалмағанда, проектор автоматты түрде өшіріледі. Егер қуатты өшіру қажет болмаса, **A/V Mute Timer** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **A/V Mute Settings** - **A/V Mute Timer** 168-б
- Конфигурация мәзірінде **A/V Mute Release** параметрі **A/V Mute** күйіне орнатылса, төмендегі операцияларды А/Б дыбысын өшіру функциясын ажыратпай орындауға болады.
  - Қашықтан басқару пультіндегі енгізу түймелерімен көзді өзгертіңіз.
  - Байланысу пәрмендерін пайдалану арқылы проекторды компьютерден басқарыңыз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **A/V Mute Settings** - **A/V Mute Release** 168-б
  А/Б дыбысын өшіру функциясы тек [A/V Mute] түймесін басу немесе А/Б дыбысын өшіру функциясын ажырату пәрменін жіберу арқылы ажыратылады.
- Қозғалатын кескіндерді проекциялау кезінде A/V Mute қосулы кезде кескіндерді және дыбысты ойнату жалғастырылады. A/V Mute белсендірілген жерден проекциялауды жалғастыру мүмкін емес.

Кескінді қатыру (Freeze)

Қозғалатын кескіндерде Freeze белсендірілсе, қатырылған кескіндер экранға проекциялана береді, осылайша қозғалатын кескінді бір уақытта бір кадр ретінде фотосурет сияқты проекциялауға болады. Сондай-ақ, Freeze функциясы алдын ала белсендірілген болса, ешбір кескіндерді проекцияламастан компьютерден көрмелер барысында файлдар арасында ауысу сияқты әрекеттерді орындауға болады.

[Freeze] түймесін басқан сайын Freeze қосылады немесе өшеді.

Қашықтықтан басқару пульті



- Дыбыс тоқтамайды.
- Қозғалатын кескіндерді проекциялау кезінде кескіндер экран қатырулы кезде ойнатыла береді. Экран қатырылған нүктеден проекциялауды жалғастыру мүмкін емес.
- Конфигурация мәзірі немесе анықтама экраны көрсетіліп тұрғанда [Freeze] түймесін басса, көрсетіліп тұрған мәзір немесе анықтама экраны жабылады.
- E-Zoom пайдаланылып жатқанда Freeze әлі де жұмыс істейді.

Кескіннің бір бөлігін үлкейту (E-Zoom)

Бұл графиктер және кестелер сияқты кескіндерді толық көру үшін кеңейту керек болса пайдалы.



1 E-Zoom іске қосыңыз.

[⊕] түймесін басып айқас белгіні (⊹) көрсетіңіз.

Қашықтықтан басқару пульті



2 Айқас белгіні (⊹) үлкейту керек кескін аймағына жылжытыңыз.

Қашықтықтан басқару пульті





3 Үлкейтіңіз.

Қашықтықтан басқару пульті



[⊕] түймесі: Басқан сайын аймақты кеңейтеді. Түймені басып тұру арқылы тез кеңейтуге болады.

[⊖] түймесі: Үлкейтілген кескіндерді кішірейтеді.

[Esc] түймесі: E-Zoom функциясын болдырмайды.

- Үлкейтілген проекциялау кезінде кескінде жылжу үшін [▲], [▼], [◀] немесе [▶] түймелерін басыңыз.
- E-Zoom функциясы **Scale** опциясы қосулы болғанда қолжетімді болмайды.
  ☛ **Signal** - **Scale** 164-б
- Егер **4K Enhancement** опциясы өшірілсе, хабар көрсетіледі. **4K Enhancement** параметрін өшіру үшін, **Yes** опциясын таңдаңыз. (Тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)
  ☛ **Image** - **Image Enhancement** - **4K Enhancement** 161-б

Пайдаланушының логотипін сақтау

Қазіргі уақытта проекцияланып жатқан кескінді пайдаланушының логотипі ретінде сақтауға болады.

Пайдаланушы логотипі сақталғаннан кейін логотипті зауыттық әдепкі мәнге қайтару мүмкін емес.

1. Пайдаланушының логотипі ретінде сақтау керек кескінді проекциялаңыз, содан кейін [Menu] түймесін басыңыз.
   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б
2. **Extended** ішінен **User's Logo** тармағын таңдаңыз.

   - **Password Protection** ішіндегі **User's Logo Protection** параметрі **On** күйіне орнатылған болса, хабар көрсетіледі және пайдаланушының логотипін өзгерту мүмкін болмайды. **User's Logo Protection** параметрін **Off** күйіне орнатқаннан кейін операцияларды орындаңыз.
     ☛ «Пайдаланушыларды басқару (Password Protection)» 134-б
   - Егер **User's Logo** параметрі Geometry Correction, E-Zoom немесе Aspect функциясы орындалып жатқанда таңдалса, қазіргі уақытта орындалып жатқан функция уақытша болдырылмайды.
3. "Choose this image as the User's Logo?" хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз.

[↵] түймесін басқанда, экран өлшемі кескін сигналының іс жүзіндегі ажыратымдылығына сәйкес болу үшін сигналға байланысты өзгеруі мүмкін.

4 Пайдаланушының логотипі ретінде пайдаланатын кескіннің бөлігін таңдау үшін ұяшықты жылжытыңыз.

Дәл осы әрекеттерді проектордың басқару тақтасынан орындауға болады.

Қашықтықтан басқару пульті





400x300 нүктеге дейінгі өлшеммен сақтауға болады.

5 [↵] түймесін басқанда "Select this image?" хабары көрсетілсе, **Yes** тармағын таңдаңыз.

6 Масштабты орнату экранынан масштабтау коэффициентін таңдаңыз.

7 "Save this image as the User's Logo?" хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз.

Кескін сақталады. Кескін сақталғаннан кейін "Completed." хабары көрсетіледі.

Пайдаланушы логотипі сақталғанда алдыңғы пайдаланушы логотипі өшіріледі.

Ағымдағы көрсетілген параметрлер мен геометриялық түзету мәндері жад ретінде сақталады, осылайша оларды қажет кезде жүктеп алуға болады.

Жадты сақтау/жүктеу/жою/қалпына келтіру

1 Проекциялау кезінде [Memory] түймесін басыңыз.

Қашықтықтан басқару пульті



Сондай-ақ параметрлерді "Конфигурация" мәзірінен орнатуға болады.

☛ **Settings** - **Memory** 166-б

2 Жад түрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Memory: Төмендегі мәзір тармақтарының параметрлері жадта сақталады. 10 мәнге дейін тіркеуге болады.

Жоғарғы мәзір	Ішкі мәзір
Image	Барлық параметр элементтері
Signal	Scale
Extended	Edge Blending Black Level Color Matching

Lens Position: Объективті жылжыту, масштабтау, фокустау және бұрмалау арқылы реттелген объективтердің позициясын тіркейді. 10 мәнге дейін тіркеуге болады.
☛ «Объективті реттеу мәндерін тіркеу және жүктеу» 44-б

Geometry Correction: Геометриялық түзетудің реттеу мәні сақталады. 3 мәнге дейін тіркеуге болады.

3 Орындағыңыз келген функцияны таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Функция	Түсіндірме
Load Memory	Сақталған жадты жүктейді. Жадты таңдап, [↵] түймесін басқан кезде ағымдағы кескінге қолданылған параметрлер жадтағы параметрлермен ауыстырылады.
Save Memory	Ағымдағы параметрлерді жадқа тіркейді. Жад атауын таңдап, [↵] түймесін басқан кезде, параметрлер сақталады.
Erase Memory	Тіркелген жадты өшіреді. Жад атауын таңдап, [↵] түймесін басқан кезде, хабар көрсетіледі. **Yes** параметрін таңдаңыз да, таңдалған жадты өшіру үшін [↵] түймесін басыңыз.
Rename Memory	Жад атауын өзгертеді. Өзгерткіңіз келген жад атауын таңдап, [↵] түймесін басыңыз. Бағдарламалық пернетақтамен жад атын енгізіңіз. ☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 176-б Аяқтаған кезде меңзерді **Finish** үстіне апарып, [↵] түймесін басыңыз.
Reset Memory	Сақталған жадтың атауы мен параметрлерін қалпына келтіреді. **Memory**, **Lens Position** және **Geometry Correction** параметрінде сақталған барлық жадтарды қалпына келтіру үшін, **Reset All Memories** опциясын пайдаланыңыз. ☛ **Reset** - **Reset All Memories** 188-б

Жад атының сол жағындағы белгі көк түске боялса, бұл жадтың бұрыннан тіркелгенін білдіреді. Тіркелген жадты таңдаған кезде жадтың үстінен жазу әрекетін растауды сұрайтын хабар көрсетіледі. **Yes** жауабын таңдасаңыз, алдыңғы параметрлер өшіріліп, ағымдағы параметрлер тіркеледі.

Жоспардағы оқиғалар сияқты проектор қуатын қосуды/өшіруді және кіріс көзін ауыстыруды жоспарлауға болады. Тіркелген оқиғалар көрсетілген күндерде немесе апта сайын белгіленген уақытта автоматты түре орындалады.
Schedule ішінде 30 оқиға, ал **Extended Schedule** ішінде бір оқиға тіркей аласыз.

Оқиғаны сақтау

Оқиғаны орнату

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-6

2. **Extended** ішінен **Schedule Settings** тармағын таңдаңыз.

3. **Schedule** немесе **Extended Schedule** ішінен **Add New** параметрін таңдаңыз.



4. Жоспарды орнатыңыз.

Ішкі мәзірдің атауы	Функция
Event Settings	Оқиға орындалған кездегі проектордың операциясын таңдаңыз. Оқиға орын алған кезде өзгергенін қаламайтын тармақтар үшін **No Change** опциясын таңдаңыз. Келесі элемент операцияларын орнатуыңызға болады. **Schedule** • Power • Source • Light Source Mode • A/V Mute • Volume • Light Source Calibration **Extended Schedule** • Color Calibration • Screen Matching
Date / Time Settings	Оқиғаны орындайтын күнді, апта күнін және уақытты орнатыңыз. Төрт аптадан кейін орнатуға болады. Бағдарламалық пернетақтаны пайдаланып күн мен уақытты енгізіңіз. ☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 176-6

5. **Save** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
Қосымша оқиғаларды тіркеу үшін, 3-5 аралығындағы қадамдарды орындаңыз.

6. **Setup complete** мәзірін, одан кейін **Yes** опциясын таңдаңыз.



- Проектор 24 сағаттан артық үздіксіз жұмыс істеген жағдайда немесе әрдайым тікелей өшірілген жағдайда жарық көзін калибрлеу процесі автоматты түрде басталмайды. Бұл функцияны әрбір 100 сағаттық қолданыстан кейін іске қосу үшін **Light Source Calibration** параметрін орнатыңыз.
- Schedule оқиғалары Extended Schedule оқиғасына қайшы келетін жоспарларды тіркей алмайсыз.
- Мына уақыттардан бұрын басқа оқиғаларды орната алмайсыз.

  - Color Calibration оқиғасын орындағаннан бұрынғы немесе кейінгі бес минут.

  - Screen Matching оқиғасын орындағаннан бұрынғы бес минут және орындағаннан кейінгі 30 минут.
- **Light Source Calibration** функциясы қосылған кезде, проекторды оқиғаға дейін кемінде 20 минутқа қосуға болады.

Оқиғаны тексеру

Бұл бөлім Schedule оқиғасын қалай тексеру керектігін түсіндіреді.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** ішінен **Schedule Settings** тармағын таңдаңыз.
   Оқиға сақталған кезде индикатор жанады.



- (Ақшыл көк): Бір оқиға
- (Қызғылт сары): Әдеттегі оқиға
- (Жасыл): Байланыс мониторингін қосу/өшіру
- (Сұр): Өшірілген оқиға

3 Тексергіңіз келетін күнді белгілеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

Таңдалған күнде тіркелген оқиғалар бойынша мәліметтер көрсетіледі.



(Көк): Іске қосылған оқиға

(Сұр): Өшірілген оқиға

: әдеттегі оқиға

Оқиғаны өңдеу

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 157-б

2 **Extended** ішінен **Schedule Settings** тармағын таңдаңыз.

3 Өңдегіңіз келген оқиғаны қамтитын күнді ерекшелеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.



4 Өңдегіңіз келетін оқиғаны белгілеңіз, содан кейін [Esc] түймесін басыңыз.



5 Оқиғаны өңдеңіз.

Ішкі мәзірдің атауы	Функция
On/Disabled	Таңдалған оқиғаны іске қосыңыз немесе ажыратыңыз.

Ішкі мәзірдің атауы	Функция
Edit	Таңдалған оқиғаның мазмұнын өңдейді. Өңдеуді аяқтау үшін **Save** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
Clear	Таңдалған оқиғаны жояды.
Add New	Жаңа оқиғаны сақтайды. Тіркеуді аяқтау үшін **Save** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

6 Өңдеуді аяқтау үшін **Setup complete** мәзірін, одан кейін **Yes** опциясын таңдаңыз.



Барлық тіркелген оқиғаларды жою үшін **Schedule Reset** параметрін таңдап, **Yes** тармағын таңдаңыз. Оқиғаларды жою үшін **Setup complete** мәзірін, одан кейін **Yes** опциясын таңдаңыз.

Проектордың төмендегідей жақсартылған қауіпсіздік функциялары бар.

- Password protect
  Проекторды кім пайдалана алатынын шектеуге болады.
- Control Panel Lock/Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау
  Адамдардың рұқсатсыз проектордың параметрлерін өзгертуін болдырмауға болады.
  ☛ «Операцияны шектеу» 136-б
- Ұрлауға қарсы қорғаныс
  Проектор ұрлауға қарсы қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған.
  ☛ «Ұрлауға қарсы қорғаныс» 138-б

Пайдаланушыларды басқару (Password Protection)

Password Protection белсендірілген болса, құпия сөзді білмейтін адамдар тіпті проектор қосулы болса да проекторды кескіндерді проекциялау үшін пайдалана алмайды. Бұған қоса, проекторды қосқан кезде көрсетілетін пайдаланушы логотипін өзгерту мүмкін емес. Бұл ұрлауға қарсы функция, өйткені тіпті ұрланса да, проекторды пайдалану мүмкін емес. Сатып алу кезінде Password Protection белсендірілмеген болады.

Password Protection түрлері

Проекторды пайдалану жолына сай құпия сөзбен қорғау параметрлерінің келесі төрт түрін орнатуға болады.

- **Power On Protection**
  Power On Protection On күйіне орнатылған болса, проекторды розеткаға қосу және қосудан кейін алдын ала орнатылған құпия сөзді енгізу керек (сондай-ақ, бұл Direct Power On параметріне қатысты). Егер дұрыс құпия сөз енгізілмесе, проекциялау басталмайды.
- **User's Logo Protection**
  Егер біреу проектордың иесі орнатқан пайдаланушы логотипін өзгертуге тырысса, оны өзгерту мүмкін болмайды. **User's Logo Protection** параметрі **On** күйіне орнатылған болса, келесі пайдаланушы логотипіне келесі параметр өзгерістерін енгізуге тыйым салынады.
  - Пайдаланушының логотипін түсіру
  - **Display** тармағынан **Display Background** немесе **Startup Screen** параметрін орнату
    ☛ **Extended** - **Display** 168-б
- **Network Protection**
  Network Protection параметрі **On** күйіне орнатылған болса, **Network** үшін параметрлерді өзгертуге тыйым салынады.
  ☛ «Network мәзірі» 174-б
- **Schedule Protection**
  Schedule Protection параметрі **On** күйіне орнатылған болса, проектор жүйесіндегі уақыт немесе жоспарының параметрлерін өзгертуге тыйым салынады.
- **Remote Camera Access**
  Remote Camera Access функциясын **On** күйіне орнатқан кезде, **Network** мәзіріндегі **Remote Camera Access** үшін параметрлерді өзгертуге тыйым салынған. Әдепкі мән **On** күйіне орнатылған.

Password Protection орнату

Password Protect функциясын орнату үшін келесі процедураны пайдаланыңыз.

1 Проекциялау кезінде [Freeze] түймесін шамамен бес секунд бойы басып тұрыңыз.

Password Protection параметрінің мәзірі көрсетіледі.

Қашықтықтан басқару пульті



Егер Password Protection белсендіріліп қойылған болса, құпия сөзді енгізу керек.
Егер құпия сөз дұрыс енгізілген болса, Password Protection параметрінің мәзірі көрсетіледі.

☛ «Құпия сөзді енгізу» 136-б

2 Орнату керек құпия сөзді қорғау түрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



3 **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Алдыңғы экранға оралу үшін 2-қадамдағы [Esc] түймесін басыңыз.

4 Құпия сөзді орнатыңыз.

(1) **Password** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) "Change the password?" хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз. Әдепкі құпия сөз "0000" мәніне орнатылады. Оны қалаған құпия сөзге өзгертіңіз. Егер **No** пәрменін таңдасаңыз, 2-қадамда көрсетілген экран қайтадан көрсетіледі.

(3) [Num] түймесін басып тұрып, сандық түймелерді пайдаланып төрт цифрлық санды енгізіңіз. Енгізілген сан "* * * *" түрінде көрсетіледі. Төртінші цифрды енгізгенде растау экраны көрсетіледі.

Қашықтықтан басқару пульті



(4) Құпия сөзді қайта енгізіңіз.
"Password accepted." хабары көрсетіледі.
Егер құпия сөзді дұрыс енгізсеңіз, құпия сөзді қайта енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.

Құпия сөзді енгізу

Құпия сөзді енгізу экраны көрсетілгенде қашықтан басқару құралын пайдаланып құпия сөзді енгізіңіз.

[Num] түймесін басып тұрып, сандық түймелерді пайдалана отырып құпия сөзді енгізіңіз.



Дұрыс құпия сөзді енгізгенде, "Құпиясөзбен қорғау" функциясы уақытша өшіріледі.

Назар аударыңыз

- Егер қатарынан үш рет дұрыс емес құпия сөз енгізілсе, "The projector's operation will be locked." хабары шамамен бес минут бойы көрсетіледі, содан кейін проектор күту режиміне ауысады. Егер осы орын алса, қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз, содан кейін қайта салыңыз және проекторды қайтадан қосыңыз. Проектор дұрыс құпия сөзді енгізу үшін құпия сөзді енгізу экранын қайтадан көрсетеді.
- Егер құпия сөзді ұмытсаңыз, экранда пайда болатын "**Request Code**: xxxxx" нөмірін жазып алыңыз және Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.
  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
- Егер жоғарыдағы әрекетті қайталауды жалғастырсаңыз және дұрыс емес құпия сөзді қатарынан отыз рет енгізсеңіз, келесі хабар көрсетіледі және проектор басқа құпия сөз енгізулерін қабылдамайды. "The projector's operation will be locked. Contact Epson as described in your documentation."
  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Операцияны шектеу

Проекторда жұмысты шектеу функцияларының мынадай үш түрі бар.

- Control Panel Lock
  Бұл проекциялау кезінде бүкіл түймелерді өшіру керек оқиғаларда немесе шоуларда я болмаса түймелерді пайдалануды шектеу керек мектептерде пайдалы.
- Lens Lock
  Бұл функция объектив дұрыс реттелгеннен кейін, объективтің дұрыс емес реттелуін болдырмау үшін, қашықтықтан басқару пультіндегі объектив жұмысына қатысты барлық түймелерді өшіреді.

• Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау
Бұл функция, жұмыс кезінде қате жібермеу үшін қашықтан басқару құралының негізгі жұмысына қажет негізгі түймелерден басқа түймелерді өшіреді.

Control Panel Lock

Басқару тақтасындағы басқару түймелерін құлыптау үшін мына әрекеттердің біреуін орындаңыз. Басқару тақтасы құлыпталған болса да, қашықтан басқару құралын әдеттегідей қолдана аласыз.

• Full Lock
Басқару тақтасындағы бүкіл түймелер құлыпталады. Басқару тақтасынан ешбір әрекеттерді орындай алмайсыз, соның ішінде, қуатты қосуды немесе өшіруді.

• Partial Lock
Басқару панеліндегі [⏻] түймесінен басқа барлық түймелер құлыпталады.

1 Control Panel Lock экранын көрсету үшін проекциялау барысында басқару тақтасында [🔒] түймесін басыңыз.

> Параметрлерді конфигурация мәзіріндегі **Control Panel Lock** бөлімінде де орнатуға болады.
> ☛ **Settings** - **Lock Setting** - **Control Panel Lock** 166-б

2 Мақсатқа сай **Full Lock** немесе **Partial Lock** параметрін таңдаңыз.



3 Растау хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз.
Басқару тақтасының түймелері таңдалған параметрге сай құлыпталады.

> Басқару тақтасының құлпын келесі екі әдістің біреуі арқылы ашуға болады.
> • Конфигурация мәзірінен **Control Panel Lock** параметрін **Off** күйіне орнату үшін қашықтан басқару пультін пайдаланыңыз.
> ☛ **Settings** - **Lock Setting** - **Control Panel Lock** 166-б
> • Басқару панелінде [↵] түймесін шамамен жеті секунд бойы басып тұрсаңыз хабар көрсетіледі және құлып ашылады.

Lens Lock

Бұл функция қашықтықтан басқару пультіндегі объектив жұмысына қатысты келесі түймелерді құлыптайды.



Конфигурация мәзірінде **Lens Lock** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

☛ **Settings** - **Lock Setting** - **Lens Lock** 166-б

Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау

Бұл функция қашықтан басқару құралында келесі түймелерді құлыптайды.



[⌂] түймесі шамамен 5 секундқа басылған сайын, қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау қосылады не өшеді.

Қашықтықтан басқару пульті



Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау қосылған болса да. төмендегі әрекеттерді орындау мүмкін.

- Remote Receiver параметрінің әдепкі мәнін қалпына келтіру
- Қашықтан басқару құралының түймелер құлпын ашу

Ұрлауға қарсы қорғаныс

Проектор ұрлауға қарсы қауіпсіздік құрылғыларының келесі түрлерімен жабдықталған.

- Қауіпсіздік ұясы
  Қауіпсіздік ұясы Kensington жасап шығаратын Microsaver Security System жүйесімен үйлесімді.
  Microsaver Security System жүйесі туралы қосымша мәліметтерді төменде қараңыз.
  ☛ http://www.kensington.com/
- Қауіпсіздік кабелін орнату құрылғысы
  Сатылатын ұрлаудан қорғайтын сым құлыпты орнату орны арқылы өткізіп, проекторды үстелге немесе бағанаға бекітуге болады.

Сым құлпын орнату

Ұрлаудан қорғайтын сым құлыпты орнату нүктесі арқылы өткізіңіз.

Құлыптау туралы нұсқауларды сым құлыппен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.



Проекторды желіде пайдалану

Проекторды желіде пайдалануға орнату үшін осы бөлімдегі нұсқауларды орындаңыз.

Кескіндерді проекторға сымды желі арқылы жіберуге болады. Осылай жасау үшін, проекторды желіге қосыңыз және содан кейін проектор мен компьютерді желілік проекцияға орнатыңыз.

Проекторды қосып, орнатқан соң, Epson Projector Software CD-ROM дискісінен (бар болса) немесе веб-сайттан Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасын орнатыңыз.

Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасы компьютерді желілік проекцияға орнатады. Сондай-ақ, ол пайдаланушы компьютерінің экрандарын желіде проекциялау арқылы интерактивті жиналыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Нұсқауларды "Epson iProjection қолдану нұсқаулығын(Windows/Mac)" құжатынан қараңыз.

Сымды желі параметрлерін таңдау

Желіде компьютерлерден проекциялау алдында, проектордағы желі параметрлерін таңдау қажет.

Проекторды сымды желіге LAN портын пайдалана отырып қосқаныңызға көз жеткізіңіз.

☛ «LAN кабелін жалғау» 59-б

1 Басқару тақтасында немесе қашықтан басқару пультінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Network** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



3 **Network Configuration** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

4 **Basic** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



5 Қажет болса, негізгі опцияларды таңдаңыз.

- **Projector Name**: желі бойынша проекторды анықтауға пайдаланылатын проектордың атауын енгізіңіз. 16 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **PJLink Password**: проекторды басқаруға арналған PJLink протоколын пайдалану үшін құпиясөз орнатуға мүмкіндік береді. 32 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **Remote Password**: проекторды орнату немесе басқару кезінде Epson Web Control параметріндегі Remote функциясын пайдалану үшін аутентификация құпиясөзін орнатуға мүмкіндік береді. 8 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Пайдаланушы аты – **EPSONREMOTE**; әдепкі бойынша құпия сөз – **guest**.)
- **Web Control Password**: проекторға қатынасу үшін Epson Web Control ішіндегі Web Control параметрі арқылы құпиясөзді орнатуға мүмкіндік береді. 8 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Пайдаланушы аты – **EPSONWEB** және әдепкі бойынша құпия сөз – **admin**.)
- **Moderator Password**: проекторға модератор ретінде Epson iProjection функциясы арқылы қосқан кезде, аутентификация құпиясөзін орнатуға мүмкіндік береді. Құпиясөз үшін төрт цифрды енгізіңіз. (Әдепкі бойынша құпия сөз жоқ.)
- **Projector Keyword**: опциясы бөлмеден тыс кез келген адамның проекторға кіруіне жол бермеу үшін қауіпсіздік құпиясөзін қосуға мүмкіндік береді. Кесіндерді проекциялау үшін және деректерді жіберіп не қабылдау үшін Epson iProjection арқылы көрсетілген кілтсөзді енгізу қажет.
- **Display Keyword**: Epson iProjection арқылы проекторға қосқан кезде проекциялау экранында проектор кілтсөзін көрсетуге мүмкіндік береді.

- **Display LAN Info.** опциясы проектордың желілік ақпараты үшін дисплей пішімін орнатуға мүмкіндік береді.

Атауды, құпиясөздерін және кілт сөзді енгізу үшін дисплейдегі пернетақтаны пайдаланыңыз. Таңбаларды белгілеу үшін қашықтан басқару пультіндегі [▲][▼] [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз және оларды таңдау үшін [Enter] пернесін басыңыз.

6 **Wired LAN** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



7 Қажет болса желіңіздің IP параметрлерін тағайындаңыз.

- Егер желіңіз мекенжайларды автоматты түрде тағайындаса, **DHCP** параметрін **On** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз.

- Мекенжайларды қолмен орнату қажет болса, **DHCP** параметрін **Off** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз және содан кейін, қажет болса, проектордың **IP Address**, **Subnet Mask** және **Gateway Address** мәндерін енгізіңіз.
- IPv6 протоколын пайдалану арқылы проекторды желіге қосқыңыз келсе, **IPv6 Settings** опциясын таңдаңыз.

☛ «Wired LAN мәзірі» 182-б

Қашықтан басқару пультіндегі [▲][▼][◀][▶] түймелерін басып, содан соң көрсетілген бағдарламалық пернетақтада енгізілетін санды таңдаңыз. Растау үшін [Enter] түймесін басыңыз.

8 LAN күту режиміндегі экранда және бастапқы экранда IP мекенжайының көрсетілуін болдырмау үшін, **IP Address Display** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

9 Параметрлерді орнатып болған соң, **Setup complete** параметрін таңдаңыз. Параметрлерді сақтап, мәзірді жабу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Қашықтықтан басқару пультінде [LAN] түймесін басыңыз.

LAN күту режимінің экранында дұрыс IP мекенжайы көрінген кезде, сымды желі параметрлері аяқталады.



Кескіндерді проекторыңызға сымсыз желі арқылы жіберуге болады.

Бұлай жасау үшін, Epson 802.11b/g/n сымсыз LAN модулін орнату қажет және содан кейін проектор мен компьютерді сымсыз проекциялауға орнату қажет.

☛ «Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату» 61-б

Проектордың **Network** мәзірлерін пайдалана отырып байланысты қолмен теңшеу арқылы проекторды сымсыз желіге қосуға болады.

Желі мәзірін теңшеу алдында проектор уақытын орнатыңыз. Егер уақыт орнатылмаса, сымсыз жергілікті желі құрылғысы дұрыс теңшелмеуі мүмкін.

☛ «Уақытты орнату» 49-б

Сымсыз LAN модулін және проектор параметрлерін орнатқан соң, Epson Projector Software CD-ROM дискісінен (бар болса) желілік бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз немесе қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алыңыз. Сымсыз проекциялауды орнату және басқару үшін келесі бағдарламалық жасақтаманы және құжаттаманы пайдаланыңыз:

- Epson iProjection (Windows/Mac) бағдарламалық жасақтамасы пайдаланушылардың компьютерлік экрандарын желіге проекциялау арқылы интерактивті жиналыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Нұсқауларды "Epson iProjection қолдану нұсқаулығын(Windows/Mac)" құжатынан қараңыз.
- Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасы iOS немесе Android құрылғыларынан проекциялауға мүмкіндік береді.
  Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасын App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.
- Epson iProjection (Chromebook) қолданбасы Chromebook ішіндегі кескіндерді проекциялауға мүмкіндік береді.
  Epson iProjection (Chromebook) қолданбасын Chrome Web Store қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. Chrome Web Store қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.

Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау

Сымсыз желіден проекциялау алдында, проектордың желі параметрлерін таңдау қажет.

1 Басқару тақтасында немесе қашықтан басқару пультінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Network** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



3 **Wireless Mode** режимін **Wireless LAN On** күйіне орнатыңыз.



4 **Network Configuration** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

5 **Basic** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



6 Қажет болса, негізгі опцияларды таңдаңыз.

- **Projector Name**: желі бойынша проекторды анықтауға пайдаланылатын проектордың атауын енгізіңіз. 16 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **PJLink Password**: проекторды басқаруға арналған PJLink протоколын пайдалану үшін құпиясөз орнатуға мүмкіндік береді. 32 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **Remote Password**: проекторға қатынасу үшін Epson Web Control ішіндегі Remote параметрі арқылы құпиясөзді орнатуға мүмкіндік береді. 8 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Пайдаланушы аты – **EPSONREMOTE**; әдепкі бойынша құпия сөз – **guest**.)
- **Web Control Password**:проекторға қатынасу үшін Epson Web Control ішіндегі Web Control параметрі арқылы құпиясөзді орнатуға мүмкіндік береді. 8 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Пайдаланушы аты – **EPSONWEB** және әдепкі бойынша құпия сөз – **admin**.)
- **Moderator Password**: проекторға модератор ретінде Epson iProjection функциясы арқылы қосқан кезде, аутентификация құпиясөзін орнатуға мүмкіндік береді. Құпиясөз үшін төрт цифрды енгізіңіз. (Әдепкі бойынша құпия сөз жоқ.)
- **Projector Keyword**: опциясы бөлмеден тыс кез келген адамның проекторға кіруіне жол бермеу үшін қауіпсіздік құпиясөзін қосуға мүмкіндік береді. Проектор мен қосылған құрылғылар арасында нобай дисплейі немесе жіберу функциясын пайдаланған кезде "проектордың құпиясөзі" функциясын қосыңыз.
- **Display Keyword**: Epson iProjection арқылы проекторға қосқан кезде проекциялау экранында проектор кілтсөзін көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Display LAN Info.** опциясы проектордың желілік ақпараты үшін дисплей пішімін орнатуға мүмкіндік береді.

Атау мен құпиясөзді енгізу үшін дисплейдегі пернетақтаны пайдаланыңыз. Таңбаларды белгілеу үшін қашықтан басқару пультіндегі [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз және оларды таңдау үшін [Enter] пернесін басыңыз.

7 **Wireless LAN** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



8 **Connection Mode** параметрін таңдаңыз.

- **Quick** режимі сымсыз байланысты тікелей пайдалана отырып бірнеше смартфонға, планшетке немесе компьютерге қосылуға мүмкіндік береді.
- **Advanced**: Сымсыз жергілікті желінің қатынас нүктесі арқылы смартфон, планшет немесе компьютерге қосылуға мүмкіндік береді.

9 **Advanced** қосылу режимін таңдасаңыз, қосылғыңыз келетін қатынас нүктесін таңдау үшін **Search Access Point** опциясын таңдаңыз.

SSID идентификаторын қолмен тағайындау қажет болса, SSID идентификаторын енгізу мақсатында **SSID** идентификаторын таңдаңыз.

10 **Advanced** қосылу режимі үшін, қажет болса, желінің IP параметрлерін тағайындаңыз.

- Егер желіңіз мекенжайларды автоматты түрде тағайындаса, **DHCP** параметрін **On** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз.
- Мекенжайларды қолмен орнату қажет болса, **DHCP** параметрін **Off** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз және содан кейін, қажет болса, проектордың **IP Address**, **Subnet Mask** және **Gateway Address** мәндерін енгізіңіз.
- IPv6 протоколын пайдалану арқылы проекторды желіге қосқыңыз келсе, **IPv6 Settings** опциясын таңдаңыз.

☛ «Wireless LAN мәзірі» 178-6

11 LAN күту режимінің экранында және бастапқы экранда SSID немесе IP мекенжайының көрсетілуін болдырмау үшін, **SSID Display** параметрін немесе **IP Address Display** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

12 Параметрлерді орнатып болған соң, **Setup complete** параметрін таңдаңыз. Параметрлерді сақтап, мәзірді жабу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

13 Қашықтықтан басқару пультінде [LAN] түймесін басыңыз.

LAN күту режимінің экранында дұрыс IP мекенжайы көрінген кезде, сымды желі параметрлері аяқталады.



Проектордың сымсыз параметрлерін жасауды аяқтаған соң, компьютерден сымсыз желіні таңдау қажет. Содан кейін кескіндерді проекторға сымсыз желі арқылы жіберу үшін желілік бағдарламалық жасақтаманы іске қосыңыз.

Windows операциялық жүйесінде сымсыз желі параметрлерін таңдау

Проекторға қосылу алдында, компьютерден дұрыс сымсыз желіні таңдаңыз.

1. Сымсыз қызметтік бағдарламалық жасақтамаға кіру үшін, Windows тапсырмалар тақтасындағы желі белгішесін екі рет басыңыз.
2. Advanced байланыс режимінде қосылғанда, проектор қосылып жатқан желінің желілік атауын (SSID) таңдаңыз.
3. **Connect** опциясын таңдаңыз.

OS X операциялық жүйесінде сымсыз желі параметрлерін таңдау

Проекторға қосылу алдында, компьютерден дұрыс сымсыз желіні таңдаңыз.

1. Экранның жоғарғы жағындағы мәзір жолағында AirPort белгішесін басыңыз.
2. Advanced байланыс режимінде қосылғанда, AirPort бағдарламасы қосылғанына көз жеткізіңіз және проектор қосылып жатқан желінің желілік атауын (SSID) таңдаңыз.

Сымсыз желінің қауіпсіздігін орнату

Сымсыз желіде пайдалану үшін проектордың қауіпсіздігін орнатуға болады. Желіде пайдаланылатын параметрлермен сәйкес келу үшін келесі қауіпсіздік опцияларының біреуін орнатыңыз:

- WPA2-PSK қауіпсіздік опциясы
- WPA2-EAP қауіпсіздік опциясы *
- WPA/WPA2-PSK қауіпсіздік опциясы *
- WPA/WPA2-EAP қауіпсіздік опциясы *

* Тек кеңейтілген қосылу режиміне қолжетімді.

Дұрыс ақпаратты енгізу бойынша нұсқаулықты алу үшін желі әкімшісіне хабарласыңыз.

1. Егер WPA2-EAP немесе WPA/WPA2-EAP қауіпсіздік опциясын орнатқыңыз келсе, сандық куәлік файлының проектор тіркелімімен үйлесімді болуына және USB сақтау құрылғысына тікелей орналастырылғанына көз жеткізіңіз.
   ☛ «Қолдау көрсетілетін клиент және CA куәліктері» 150-б
2. Басқару тақтасында немесе қашықтан басқару пультінде [Menu] түймесін басыңыз.
3. **Network** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.
4. **Network Configuration** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

5 **Wireless LAN** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



6 **Security** параметрін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



7 Желі параметрлеріне сәйкес келу үшін қауіпсіздік параметрлерін таңдаңыз.

- WPA2-PSK, WPA/WPA2-PSK:

  Setup complete параметрін таңдаңыз. Параметрлерді сақтап, мәзірді жабу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- WPA2-EAP, WPA/WPA2-EAP:

  EAP Method опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

8 Аутентификацияның протоколын **EAP Type** параметрі ретінде таңдаңыз.

9 Куәлікті импорттау үшін, куәлік түрін таңдап [Enter] пернесін басыңыз.

- **PEAP-TLS** немесе **EAP-TLS** түрі үшін **Client Certificate**
- **PEAP**, **PEAP-TLS**, **EAP-TLS** немесе **EAP-FAST** түрі үшін **CA certificate**

Сондай-ақ, сандық куәліктерді веб-шолғыштан тіркеуге болады. Алайда, міндетті түрде тек бір рет қана тіркеліңіз, әйтпесе куәлік дұрыс орнатылмауы мүмкін.

☛ «Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату» 253-6

10 **Register** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

11 USB сақтау құрылғысын проектордың сымсыз LAN құрылғысының портына портына қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер проекторда сымсыз LAN модулі орнатылып қойған болса, оны алып тастаңыз.

☛ «Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату» 61-6

12 Куәлік тізімін көрсету үшін [Enter] пернесін басыңыз.

13 Көрсетілген тізімнен импорттағыңыз келетін куәлікті таңдаңыз.

Құпия сөзді куәлік үшін енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.

14 Құпиясөзді енгізіп, [Enter] пернесін басыңыз.

Куәлік импортталып, аяқталу туралы хабар шығады.

15 Қажет болса EAP параметрлерін таңдаңыз.



- **User Name**: пайдаланушы атын енгізіңіз. 64 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз. Клиент куәлігін импорттау кезінде, куәліктің шығарылған атауы автоматты түрде орнатылады.
- **Password**: **PEAP**, **EAP-FAST** және **LEAP** протоколдарында пайдаланатын құпиясөзді енгізіңіз. 64 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз.
- **Verify Server Cert.** параметрі CA куәлігі орнатылған кезде сервер куәлігін тексеру-тексермеу қажеттілігін таңдауға мүмкіндік береді.
- **RADIUS Serv.Name** параметрі тексергіңіз келетін сервер атауын енгізуге мүмкіндік береді.

16 Параметрлерді орнатып болған соң, **Setup complete** параметрін таңдаңыз. Параметрлерді сақтап, мәзірді жабу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қолдау көрсетілетін клиент және CA куәліктері

Сандық куәліктердің осындай түрлерін тіркеуге болады.

Клиент куәлігі (PEAP-TLS/EAP-TLS)

Элемент	Түсіндірме
Пішім	PKCS#12
Кеңейтім	PFX, P12
Шифрлау	RSA
Хэштер	MD5/SHA-1/SHA-256/SHA-384/SHA-512
Кілт ұзындығы	512/1024/2048/4096 бит
Құпия сөз *	Құпия сөзді орнату қажет. 32-ге дейін жалғыз байттық алфавиттік-сандық таңбалар

CA куәлігі (PEAP/PEAP-TLS/EAP-TLS/EAP-FAST)

Элемент	Түсіндірме
Пішім	X509v3
Кеңейтім	DER/CER/PEM
Шифрлау	RSA

Элемент	Түсіндірме
Хэштер	MD5/SHA-1/SHA-256/SHA-384/SHA-512
Кілт ұзындығы	512/1024/2048/4096 бит
Кодтау	BASE64/Екілік

* 64 әріптік-сандық таңбаға дейінгі құпиясөзді орнатуға болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз.

☛ «Параметрлерді веб-шолғыш арқылы өзгерту(Epson Web Control)» 244-б

Мобильді құрылғыны қосу үшін QR кодын пайдалану

Проектордың сымсыз желі параметрлерін орнатқан соң, экранға QR кодын шығаруға және Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасын пайдалана отырып мобильді құрылғыны қосу мақсатында оны пайдалануға болады.

- Құрылғыда Epson iProjection қолданбасының соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз (Epson iProjection V1.3.0 немесе кейінгі нұсқаларында осы мүмкіндікке қолдау көрсетіледі).
- Epson iProjection қолданбасын App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.
- Epson iProjection қолданбасын Quick байланыс режимінде пайдаланғанда, қауіпсіз параметрлерді жасауға кеңес береміз.

1 Қашықтан басқару пультіндегі [LAN] түймесін басыңыз немесе **Network** мәзірінде **Display QR code** опциясын таңдаңыз.

QR коды проекцияланған бетте көрсетіледі.

- QR кодын көрмесеңіз, проектордың Network мәзірінде **Display LAN Info.** параметрін **Text & QR Code** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Network** - **Network Configuration** - **Display LAN Info.** 176-б
- QR кодын жасыру үшін [Esc] пернесін басыңыз.
- QR коды жасырулы болғанда, оны көрсету үшін [Enter] пернесін басыңыз.
- Сондай-ақ, бастапқы экрандағы белгішені таңдау арқылы QR кодын дисплейге шығаруға болады.

2 Мобильді құрылғыда Epson iProjection қолданбасын іске қосыңыз.

3 QR кодын проекторға қосу үшін Epson iProjection қолданбасын пайдалана отырып проекцияланған QR кодын оқыңыз.

QR кодын дұрыс оқу үшін, проекцияланған код мобильді құрылғының QR кодын оқу құралының нұсқаулығына сәйкес келетіндей етіп, экранға тура және жақын жерден қараңыз. Экраннан тым алыс орналассаңыз, код көрінбеуі мүмкін.

Байланыс ортанылған соң, ☰ белгісінен **Contents** мәзірін таңдаңыз, және содан кейін, проекциялағыңыз келетін файлды таңдаңыз.

Windows компьютеріне қосылу үшін USB кілтін пайдалану

Проекторды сымсыз LAN құрылғысын қолдайтын Windows компьютеріне жылдам қосу үшін USB кілті ретінде USB флэш-жадын орнатуға болады. USB кілті компьютердің сымсыз желі параметрлерін автоматты түрде таңдауға және презентацияны сымсыз проекциялауға мүмкіндік береді.

1 Epson iProjection (Windows) қолдану арқылы USB кілтін орнатыңыз.
Нұсқауларды "Epson iProjection қолдану нұсқаулығын(Windows/Mac)" құжатынан қараңыз.

2 Сымсыз LAN модулінің орнатылғанына көз жеткізіңіз.

3 Проекторды қосыңыз.

4 Қашықтықтан басқару пультінде [LAN] түймесін басыңыз.
LAN күту режимінің экраны көрсетіледі. SSID және IP мекенжайының көрсетілгенін тексеріңіз.

5 Сымсыз LAN модулін проектордан шығарыңыз және USB кілтін сымсыз LAN модулі үшін пайдаланылған портқа енгізіңіз.
☛ «Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату» 61-б
Желі ақпараты жаңартылуының аяқталуы туралы проекцияланған хабарды көруге болады.

6 USB кілтін шығарыңыз.
Сымсыз LAN модулін проекторға қайта енгізіңіз.

7 USB кілтін компьютердегі USB портына жалғаңыз.

Windows Vista жүйесінде AutoPlay терезесі көрсетілсе, **MPPLaunch.exe** белгішесін және содан кейін **Рұқсат ету** опциясын таңдаңыз.

8 Қажетті қолданбаны орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Windows Firewall хабары көрсетілсе, брандмауэрді өшіру үшін **Иә** түймесін басыңыз.
- Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін әкімші уәкілеттілігі қажет.
- Егер ол автоматты түрде орнатылмаса, USB кілтінде **MPPLaunch.exe** белгішесін екі рет басыңыз.

Бірнеше минуттан соң, компьютер кескіні проектор арқылы көрсетіледі. Егер ол шықпай қалса, проектордың қашықтықтан басқару пультінде [LAN] түймесін басыңыз немесе компьютерді қайта іске қосыңыз.

9 Презентацияны қосыңыз.

10 Сымсыз проекциялауды аяқтаған соң, Windows тапсырмалар жолағында **Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу** опциясын таңдаңыз, және содан кейін, USB кілтін компьютерден шығарыңыз.

Сымсыз LAN байланысын қайта белсендіру үшін компьютерді қайта іске қосу қажет болуы мүмкін.

HTTPS протоколын проектор және онымен байланысып жатқан веб-шолғыш арасындағы қауіпсіздікті арттыру үшін пайдалануға болады. Осылай жасау үшін, сервер куәлігін құрып, оны проекторға орнатыңыз және веб-шолғыштың сенімділігін тексеру үшін проектор мәзірлеріндегі **Secure HTTP** параметрін қосыңыз.

☛ **Network** - **Network Configuration** - **Others** -**Secure HTTP** 185-б

Тіпті сервер куәлігін орнатпасаңыз да, проектор автоматты түрде меншікті қолтаңбасы бар куәлікті құрып, байланыспен қамтамасыз етеді. Дегенмен, меншікті қолтаңбасы бар куәлік веб-шолғыштан сенімділікті тексере алмайтындықтан, веб-шолғыштан проекторға кіргенде, сервердің сенімділігі туралы ескерту хабарын көресіз. Бұл ескерту байланысқа кедергі келтірмейді.

Мәзірлерді пайдаланып веб - сервер куәлігін импорттау

Веб-сервер куәлігін құрып, оны проектор мәзірлерін және USB флэш-жадын пайдаланып импортай аласыз.

Сондай-ақ, сандық куәліктерді веб-шолғыштан тіркеуге болады. Алайда, міндетті түрде тек бір рет қана тіркеліңіз, әйтпесе куәлік дұрыс орнатылмауы мүмкін.

☛ «Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату» 253-б

1. Егер WPA2-EAP немесе WPA/WPA2-EAP қауіпсіздік опциясын орнатқыңыз келсе, сандық куәлік файлының проектор тіркелімімен үйлесімді болуына және USB сақтау құрылғысына тікелей орналастырылғанына көз жеткізіңіз.

   ☛ «Қолдау көрсетілетін веб-сервер куәліктері» 155-б

2. Басқару тақтасында немесе қашықтан басқару пультінде [Menu] түймесін басыңыз.

3. **Network** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

4. **Network Configuration** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

5 **Others** мәзірін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.



6 **Secure HTTP** параметрі ретінде **On** күйін таңдаңыз.

7 **Web Server Cert.** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

8 **Register** опциясын таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

9 USB сақтау құрылғысын проектордың сымсыз LAN құрылғысының портына портына қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер проекторда сымсыз LAN модулі орнатылып қойған болса, оны алып тастаңыз.

☛ «Сымсыз жергілікті желі құрылғысын орнату» 61-б

10 Куәлік тізімін көрсету үшін [Enter] пернесін басыңыз.

11 Көрсетілген тізімнен импорттағыңыз келетін куәлікті таңдаңыз.

Құпия сөзді куәлік үшін енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.

12 Құпиясөзді енгізіп, [Enter] пернесін басыңыз.

Куәлік импортталып, аяқталу туралы хабар шығады.

Қолдау көрсетілетін веб-сервер куәліктері

Сандық куәліктердің осындай түрлерін тіркеуге болады.

Веб-сервер куәлігі (Қорғалған HTTP)

Элемент	Түсіндірме
Пішім	PKCS#12
Кеңейтім	PFX, P12
Шифрлау	RSA
Хэштер	MD5/SHA-1/SHA-256/SHA-384/SHA-512
Кілт ұзындығы	512/1024/2048/4096 бит
Жалпы аты	Желі хостының атауы
Ұйым	Қосымша
Құпия сөз *	Құпия сөзді орнату қажет. 32-ге дейін жалғыз байттық алфавиттік-сандық таңбалар

* 64 әріптік-сандық таңбаға дейінгі құпиясөзді орнатуға болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз.

☛ «Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату» 253-б

Конфигурация мәзірі

Бұл тарауда Конфигурация мәзірін және оның функцияларын пайдалану жолы түсіндірілген.

Бұл бөлімде Конфигурация мәзірін пайдалану жолы түсіндірілген.

Қадамдар қашықтан басқару құралына негізделіп түсіндірілгенімен дәл осы әрекеттерді басқару тақтасынан орындауға болады. Қол жетімді түймелерді және олардың әрекеттерін мәзірдегі нұсқаулықтан қараңыз.

1 Конфигурация мәзірінің экранын көрсетіңіз.





2 Жоғарғы мәзір элементін таңдаңыз.





3 Ішкі мәзір элементін таңдаңыз.





4 Параметрлерді өзгертіңіз.







Мәзірдің астындағы бағыттауышта "[Default]: Reset" деп көрсетілген кезде, қашықтан басқару пультіндегі [Default] түймесін бассаңыз, реттеліп жатқан параметрлерді әдепкі мәндеріне қайтарады.

5 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Конфигурация мәзірінің кестесі

Орнатуға болатын элементтер пайдаланылатын үлгіге және проекцияланып жатқан кескін сигналына және көзіне байланысты өзгеріп отырады.

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзірдің атауы	Элементтер немесе параметр мәндері
Image мәзірі ☛ 161-б	Color Mode	Dynamic, Presentation, Natural, Cinema, BT.709, DICOM SIM, Multi-Projection
	Brightness	0 және 100 аралығы
	Contrast	0 және 100 аралығы
	Color Saturation	0 және 100 аралығы
	Tint	0 және 100 аралығы
	Sharpness	Standard, Thin Line Enhancement, Thick Line Enhancement
	White Balance	Color Temp., G-M Correction, Offset R, Offset G, Offset B, Gain R, Gain G, Gain B
	Frame Interpolation	Off, Low, Normal және High
	Image Enhancement	4K Enhancement, Image Preset Mode, Noise Reduction, MPEG Noise Reduction, Super-resolution, Detail Enhancement
	Advanced	Gamma, RGBCMY, Deinterlacing
	Dynamic Contrast	Off, Normal және High Speed
Signal мәзірі ☛ 164-б	Resolution	Auto, Wide, Normal және Manual
	Aspect	Auto, Normal, 4:3, 16:9, Full, H-Zoom, V-Zoom, Native
	Tracking	-
	Sync.	0 және 31 аралығы
	Position	-128 және 127 аралығы
	Auto Setup	On, Off
	Overscan	Auto, Off, 4% және 8%
	Blanking	Top, Bottom, Left және Right
	Advanced	Video Range, Input Signal, Image Processing, EDID, DDC Buffer
	Scale	Scale, Scale Mode, Scale Vertically, Scale Horizontally, Clip Adjustment, Clip Range
Settings мәзірі ☛ 166-б	Geometry Correction	Off, H/V-Keystone, Quick Corner, Curved Surface, Corner Wall, Point Correction, Memory
	Split Screen	-
	Volume	0 және 20 аралығы
	Lock Setting	Control Panel Lock, Lens Lock
	Brightness Settings	Light Source Mode, Brightness Level, Constant Brightness, Estimated Remains
	Remote Receiver	Front/Rear, Front, Rear және Off
	User Button	User Button 1, User Button 2 және User Button 3

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзірдің атауы	Элементтер немесе параметр мәндері
	Test Pattern	Standard, Cross-hatching, Cross-hatching R, Cross-hatching G, Cross-hatching B, Color Bars V, Color Bars H, Grayscale, Gray Bars V, Gray Bars H, Checkerboard 1, Checkerboard 2, White, Black, Aspect Frame
	Memory	Memory, Lens Position, Geometry Correction
Extended мәзірі ☛ 168-б	Home Screen	Home Screen Auto Disp., Custom Function 1, Custom Function 2
	Display	Menu Position, Message Position, Messages, Display Background, Startup Screen, Standby Confirmation, Air Filter Notice, Screen, Panel Alignment, Color Uniformity, OSD Rotation
	User's Logo	-
	Projection	Front, Front/Ceiling, Rear және Rear/Ceiling
	Operation	Direct Power On, Sleep Mode, Sleep Mode Timer, High Altitude Mode, Auto Source Search, Auto Power On, A/V Mute Settings, Advanced, Date & Time, Lens Calibration
	A/V Settings	A/V Output, Monitor Out және Audio Settings
	Standby Mode	Communication On және Communication Off
	HDBaseT	Control Communications, Extron XTP
	Color Calibration	Start Auto Adjustment, Undo, Redo, Color Uniformity
	Multi-Projection	Projector ID, Projector Grouping, Tiling, Geometry Correction, Edge Blending, Black Level, Scale, Screen Matching
	Schedule Settings	-
	Language	27 тіл
Info мәзірі ☛ 187-б	Projector Info	Total Op. Time, Operation Hours, Sources, Input Signal, Resolution, Refresh Rate, Sync Info, Status, Serial Number, Lens Type, Event ID, HDBaseT Signal Level
	Light Source Info	Light Source Hours, Estimated Remains
	Version	Main, Video2
	Status Information	Status Information, Source, Signal Information, Network Wired, Network Wireless, Maintenance, Version
	Voltage Warning Info	-
	Temp Warning Info	-
Reset мәзірі ☛ 188-б	Reset All Memories	-
	Light Source Calibration	Run Now, Run Periodically, Schedule Settings, Last Run
	Reset All Config	-

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзірдің атауы	Элементтер немесе параметр мәндері
	Reset All (Factory Default)	Reset All (Factory Default), Password

Network мәзірі

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзірдің атауы	Элементтер немесе параметр мәндері
Basic мәзірі ☛ 176-6	Projector Name	-
	PJLink Password	-
	Remote Password	-
	Web Control Password	-
	Moderator Password	-
	Projector Keyword	On, Off
	Display Keyword	On, Off
	Display LAN Info.	Text & QR Code, Text
Wireless LAN мәзірі ☛ 178-6	Connection Mode	Quick, Advanced
	Search Access Point	-
	SSID	-
	Security	Open, WPA2-PSK, WPA/WPA2-PSK, WPA2-EAP, WPA/WPA2-EAP
	Passphrase	-
	EAP Method	EAP Type, User name, Password, Client Certificate, Verify Server Cert., CA certificate, RADIUS Serv.Name
	Channel	1ch, 6ch және 11ch
	IP Settings	DHCP, IP Address, Subnet Mask, Gateway Address
	SSID Display	On, Off
	IP Address Display	On, Off
	IPv6 Settings	IPv6, Auto Configuration, Use Temporary Address
Wired LAN мәзірі ☛ 182-6	IP Settings	DHCP, IP Address, Subnet Mask, Gateway Address
	IP Address Display	On, Off
	IPv6 Settings	IPv6, Auto Configuration, Use Temporary Address
Notifications мәзірі ☛ 185-6	Mail Notification	On, Off
	SMTP Server	-
	Port Number	-
	From	-
	Address 1 Setting, Address 2 Setting, Address 3 Setting	Email Address, No Signal, System Error, Laser Error, High Temp Error, Air Filter Error, Laser Warning, High Temp Warning, Air Filter Warning, Air Filter Notice, Constant Bright. End
	SNMP	On, Off

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзірдің атауы	Элементтер немесе параметр мәндері
	Trap IP Address 1/Trap IP Address 2	-
	Community Name	-
	PJLink Notification	On, Off
	Notified IP Address	-
Others мәзірі ☛ 185-б	Secure HTTP	On, Off
	Web Server Cert.	-
	Priority Gateway	Wired LAN, Wireless LAN
	AMX Device Discovery	On, Off
	Crestron RoomView	On, Off
	Control4 SDDP	On, Off
	Art-Net	Art-Net, Net, Sub-Net, Universe, Start Channel
	Message Broadcasting	On, Off

Image мәзірі

Орнатуға болатын элементтер қазіргі уақытта проекцияланып жатқан кескін сигналына және көзге байланысты әр түрлі болады. Параметр мәліметтері әр түс режимі үшін сақталады.

☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б



Ішкі мәзір	Функция
Color Mode	Қоршаған ортаға сай кескін сапасын таңдауға болады. ☛ «Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау)» 84-б
Brightness	Суреттің жарықтығын реттейді.
Contrast	Кескіндердегі жарық пен көлеңке арасындағы айырмашылықты реттейді.
Color Saturation	Кескіндердің түс қанықтығын реттейді.
Tint	Кескін реңкін реттеуге болады.
Sharpness	**Standard**: Кескін анықтығын реттеуге болады. **Thin Line Enhancement**: Бұл параметр оң мәнге орнатылса, шаш немесе мата үлгісі сияқты кішігірім бөліктер күшейтіледі. **Thick Line Enhancement**: Бұл параметр оң мәнге орнатылса, суреттегі нысандардың шеттері, фоны және басқа негізгі бөліктері күшейтіліп, анық көрсетіледі.

Ішкі мәзір	Функция
White Balance	Кескіннің жалпы реңкін реттей аласыз. **Color Temp.**: Кескіннің жалпы реңкін 14 кезең ішінде 3200K бастап 10000K дейін реттеуге болады. Кескін, жоғары мән таңдалғанда көк реңкке, ал төмен мән таңдалғанда қызыл реңкке боялады. **Color Mode** параметрі **Dynamic** күйіне орнатылғанда, Түс температурасы параметрі проектор жарығының нақты Түс температурасы параметрінен өзгешеленуі мүмкін. Бұл мәзірді нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз. **G-M Correction**: Түс реңкі теріс мәнге орнатылған кезде қызыл реңкке боялады және оң мәнге орнатылған кезде жасыл реңкке боялады. **Offset R/G/B**, **Gain R/G/B**: әрбір R (қызыл), G (жасыл) және B (көк) түсінің азаюы мен өсуін бөлек реттеуге болады.
Frame Interpolation *1, 2, 3, 4, 5	Бастапқы кадрлар арасында аралық кадрлар жасау арқылы жылдам қозғалатын кескіндерді біркелкі ойнатуға болады.

Ішкі мәзір	Функция
Image Enhancement	Кескін ажыратымдылығын реттеуге болады. ☛ «Кескін ажыратымдылығын реттеу (Image Enhancement)» 96-б **4K Enhancement***6: (тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U) екі еселенген ажыратымдылықта проекциялауға болады. **Image Preset Mode**: Алдын ала дайындалған бес алдын ала орнатылған параметрлердің ішінен проекцияланған кескінге сәйкес оңтайлы параметрді таңдауға болады. **Noise Reduction***2, 4, 7: Прогрессивті кескіндердің бүдірін жұмсақ етуге болады. **MPEG Noise Reduction***2, 7: MPEG фильмдерін проекциялау барысында нысандардың пішіндерінде пайда болатын нүктені азайтуға және шуылды басуға болады. **Super-resolution***7: айқын кескінді көрсету үшін кескін сигналының ажыратымдылығы масштабталған және проекцияланған кезде пайда болатын бұлдырлықты азайтуға болады. **Detail Enhancement***7: Кескіндегі мәліметтердің контрастын жақсартуға болады. **Reset***7: Таңдалған параметр әдепкі мәніне қайта орнатылады.

Ішкі мәзір	Функция
Advanced	Реттеуді келесі элементтерді таңдау арқылы іске асыра аласыз. **Gamma**: Түсті гамма түзету мәндерінің бірін таңдау арқылы немесе проекцияланған сызбасына қарап таңдай аласыз. **RGBCMY**: Әр R (қызыл), G (жасыл), B (көк), C (көгілдір), M (қызыл күрең), Y (сары) түстің реңкін, қанықтығын және жарықтығын жеке реттей аласыз. **Deinterlacing***4: (Кіріс сигналы тек 480i, 576i, немесе 1080i болған кезде ғана) Кезектескен сигналдарды прогрессивті сигналдарға түрлендіруге болады. (IP түрлендіру) **Off** - қозғалыстың көп мөлшері бар кескіндер үшін, **Video** - жалпы бейне кескіндері үшін және **Film/Auto** - фильмдер, компьютерлік графика және анимация үшін тамаша.
Remote Control Type қолданып отырған қашықтан басқару құралына сәйкес келеді ме?	**Remote Control Type** параметрін конфигурация мәзірінен тексеріңіз. ☛ **Extended** - **Operation** - **Advanced** - **Remote Control Type** 168-б
Проектордың Remote портына қосымша қашықтан басқару кабелі қосылған ба?	Қашықтан басқару кабелі қосылған кезде проектордың қашықтан сигнал қабылдағышы ажыратылады. Қашықтан басқару кабелінің жинағын қолданбаған кезде оны Remote портынан ағытыңыз.
Control Communications немесе **Extron XTP** параметрі **On** күйіне орнатылған ба?	Remote порты ажыратылған. Қашықтан басқару кабелінің жинағын пайдаланған кезде, **Control Communications** немесе **Extron XTP** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ **Extended** - **HDBaseT** 168-б
Қашықтан басқару құралының түймелер құлпы орнатылған ба?	Қашықтан басқару құралының түймелер құлпы орнатылған кезде қашықтан басқару құралының негізгі жұмысына қажет негізгі түймелерден басқа түймелер ажыратылады. Қашықтан басқару құралының түймелер құлпын болдырмау үшін [🏠] түймесін басып ұстап тұрыңыз. ☛ «Қашықтан басқару құралы түймелерін құлыптау» 138-б

Сыртқы мониторда ештеңе көрсетілмейді

Тексеру	Шешім
Кескіндер Computer портынан немесе BNC портынан басқа порттан қабылданады ма?	Computer портынан немесе BNC портынан тек RGB сигналдарын сыртқы мониторда көрсету мүмкін.
Бөлінген экранды проекциялап отырсыз ба?	Computer портынан немесе BNC портынан тек сол жақ экранға проекцияланатын RGB сигналдарын сыртқы мониторда көрсету мүмкін. ☛ «Екі кескінді бір уақытта проекциялау (Split Screen)» 119-б
Проектор күту күйінде ме?	Конфигурация мәзірінен **Standby Mode**, **A/V Output** және **Monitor Out** параметрлерінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. ☛ **Extended** - **Standby Mode**, **A/V Settings** 168-б

Хабарлардың және мәзірлердің тілін өзгерткім келеді

Тексеру	Шешім
Тіл параметрін өзгертіңіз.	Тіл параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Extended** - **Language** 168-б

Тіпті проекторда мәселе орын алса да электрондық пошта алынбайды

Тексеру	Шешім
Standby Mode параметрі **Communication On** күйіне орнатылған ба?	Проектор күту режимінде болғанда Mail Notification функциясын пайдалану үшін Конфигурация мәзірінен **Standby Mode** ішінде **Communication On** күйін орнатыңыз. Сондай-ақ, пайдаланылатын желі ортасына сәйкес **Port** параметрін өзгертіңіз. ☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-б
Проекторға қуат қамтамасыз етілуде ме?	Розетка немесе қуат көзі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
Mail Notification функциясы Конфигурация мәзірінде дұрыс орнатылған ба?	Қате туралы хабарландыру электрондық хабары Configuration мәзіріндегі **Notifications** параметрлеріне сай жіберіледі. Оның дұрыс реттелгенін тексеріңіз. ☛ «Notifications мәзірі» 184-б

"The battery that saves your clock settings is running low." хабары көрсетіледі

Тексеру	Шешім
Сағат параметрлерін сақтайтын ішкі қуат көзі деңгейі төмен.	Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

"The projector did not turn off correctly. An instantaneous voltage drop may have occurred." көрсетіледі

Тексеру	Шешім
Тікелей өшірілген бе немесе кернеу қуат көзінің кенет өшіп қалуына байланысты төмендеді ме?	Күй туралы ақпараттан егжей-тегжейлі журналдарды тексеріңіз. ☛ «Күй дисплейін оқу» 209-б

Егжей-тегжейлі журналдар мен қате туралы хабарлар көрсетілмейді

Тексеру	Шешім
Қоршаған ортаға байланысты, кенеттен кернеудің төмендеуі, өшіп қалуы немесе электр қуатын өшіргеннен кейін проекторды қосқан кезде қателер мен ескертулер көрсетілмеуі мүмкін.	Қуат түймесі арқылы немесе ашаны розеткадан суыру арқылы проекторды өшіргеннен кейін, проекторды қоспас бұрын немесе ашаны розеткаға қайта салмас бұрын, кемінде 10 секунд күтіңіз. Проектор қосылған кезде, күй туралы ақпаратты тексеріңіз.

Веб-браузер көмегімен параметрлерді өзгерту мүмкін емес

Тексеру	Шешім
Қосу керек болған желі құрылғысы іске қосылған ба?	Проектордың **Standby Mode** режимі **Communication On** күту күйінде болғанда, қосылған желі құрылғысы іске қосылғанын тексеріңіз. Желі құрылғысын іске қосып, проекторды қайта іске қосыңыз. ☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-б

Нөмірлерді тексеріңіз, содан кейін келесі шараларды қолданыңыз. Егер мәселені шеше алмасаңыз, желілік әкімшіге хабарласыңыз немесе жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.

☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Event ID	Себеп	Шешім
0432 0435	Желінің бағдарламалық жасақтамасын іске қосу орындалмады.	Проекторды қайта іске қосыңыз.
0434 0481 0482 0485	Желілік байланыс тұрақты емес.	Желілік байланыс күйін тексеріңіз және біраз күткеннен кейін қайта қосылыңыз.
0433	Тасымалданған кескіндерді ойнату мүмкін емес.	Желілік бағдарламалық жасақтаманы қайта іске қосыңыз.
0484	Компьютермен байланыс ажыратылды.	
0483 04FE	Желілік бағдарламалық жасақтамасының жұмысы күтпеген жерден тоқтады.	Желілік байланыстар күйін тексеріңіз. Проекторды қайта іске қосыңыз.
0479 04FF	Проекторды жүйелік қате орын алды.	Проекторды қайта іске қосыңыз.
0891	SSID идентификаторы бірдей кіру нүктесін табу мүмкін емес.	Компьютерді, кіру нүктесін және проекторды бірдей SSID идентификаторына орнатыңыз.
0892	WPA/WPA2 аутентификация түрі сәйкес емес.	Сымсыз жергілікті желінің қауіпсіздік параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 178-б
0893	TKIP/AES шифрлау түрлері сәйкес емес.	
0894	Байланыс ажыратылды, өйткені проектор рұқсат етілмеген кіру нүктесіне қосылған.	Қосымша ақпарат алу үшін желілік әкімшіге хабарласыңыз.
0898	DHCP алу қатесі.	DHCP сервері дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Егер DHCP пайдаланып жатпасаңыз, DHCP параметрін өшіріңіз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 178-б, **Wired LAN** 182-б
0899	Басқа байланыс қателері	Егер проекторды немесе желілік бағдарламалық жасақтаманы қайта іске қосу ақаулықты шешпесе, жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
089A	EAP түпнұсқалық растамасының түрі бірдей емес.	Сымсыз жергілікті желінің қауіпсіздік параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. Сондай-ақ, сертификаттың дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 178-б
089B	EAP серверінің түпнұсқалық растамасы сәтсіз болды.	

Event ID	Себеп	Шешім
089C	EAP клиентінің түпнұсқалық растамасы сәтсіз болды.	
089D	Кілттермен алмасу сәтсіз болды.	
0920	Сағат параметрлерін сақтайтын ішкі қуат көзі деңгейі төмен.	Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Қызмет көрсету

Бұл тарауда проектордың ұзақ уақыт бойы ең жақсы өнімділік деңгейін қамтамасыз етуге арналған қызмет көрсету процедуралары туралы ақпарат берілген.

Лас болса немесе проекцияланған кескіндердің сапасы нашарлай бастаса проекторды тазалау керек.

> **⚠ Абай болыңыз**
>
> Тазалаған кезде қуат кабелін электр розеткасынан суырыңыз. Әйтпесе ол ток соғуына әкелуі мүмкін.

Проектордың бетін тазалау

Жұмсақ шүберекпен сүртіп проектордың бетін тазалаңыз.

Проектор қатты кірлеген болса, шүберекті суға малып, суын қатты сығыңыз және проекторды сүртіңіз. Соңында проекторды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

> **Назар аударыңыз**
>
> Проектордың бетін тазалау үшін балауыз, алкоголь немесе сұйылтқыш сияқты ұшқыр заттарды пайдаланбаңыз. Корпустың сапасы өзгеруі немесе түссізденуі мүмкін.

Объективті тазалау

Объективті жайлап сүрту үшін шыныны тазалауға арналған сатылатын шүберекті пайдаланыңыз.

> **⚠ Ескерту**
>
> Объективтен шаң мен түкті кетіру үшін тұтанғыш газды қамтитын спрейлерді пайдаланбаңыз. Проектор ішкі температураның көтерілуіне байланысты өртене бастауы мүмкін.

> **Назар аударыңыз**
>
> Объективті қатты материалдармен үйкемеңіз немесе объективке соққы әсерлерін болдырмаңыз, өйткені ол оңай зақымдалуы мүмкін.

Ауа сүзгісін тазалау

Төмендегі хабар көрсетілгенде және сүзгі индикаторы сарғылт болып жанғанда, ауа сүзгісі мен ауа сору саңылауын тазалаңыз.

"Time to clean the air filter. Clean or replace the air filter."

"The projector is overheating. Make sure nothing is blocking the air vent, and clean or replace the air filter."

"The air filter is clogged. Clean or replace the air filter."

> **Назар аударыңыз**
>
> - Егер ауа сүзгісінде шаң жиналса, ол проектордың ішкі температурасын арттыруы және бұл жұмыстағы мәселелерге әкелуі және оптикалық механизмнің қызмет көрсету мерзімін қысқартуы мүмкін. Ауа сүзгісін хабар көрсетілгеннен кейін бірден тазалаңыз.
> - Ауа сүзгісін суда шаймаңыз. Жуғыш заттарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.
> - Тазалау үшін щетка қолданатын болсаңыз, қылшақтары ұзын әрі жұмсақ щетканы қолданып, абайлап сыпырыңыз. Тым қатты басып сыпырсаңыз, шаң ауа сүзгісіне сіңіп, оны кетіру мүмкін болмайды.

Ауа сүзгісін тазалау

Ауа сүзгісі тіпті проектор төбеге ілінген болса да ауыстыруға болады.

1. Проектордың қуатын өшіруден және растау зуммері сигнал бергеннен кейін қуат сымын ажыратыңыз.

2 Ауа сүзгісінің қақпағын алыңыз.

Ауа сүзгісі қақпағының тетігін саусақтарыңызбен қысып, жоғары көтеріңіз және тетікті басып тұрып, қақпақты алыңыз.



3 Ауа сүзгісін алыңыз.

Ауа сүзгісінің тетігін ұстап, сүзгіні сыртқа тартыңыз.



4 Ауа сүзгісінің алдыңғы жағын (құлақшалары бар жақ) төмен қаратып, шаңын шығару үшін төрт-бес рет соғыңыз.

Оны аударып, екінші жағын да солай соғыңыз.



Назар аударыңыз

Ауа сүзгісін тым қатты соқсаңыз, ол майысып не шатынап, қолданылмайтын күйге келуі мүмкін.

5 Шаңсорғышпен ауа сүзгісінің алдыңғы жағынан қалған шаңды кетіріңіз.



6 Ауа сүзгісін орнына салыңыз.

Орнына шырт етіп отырғанша басыңыз.



7 Ауа сүзгісінің қақпағын бекітіңіз.



- Егер тіпті тазалаудан кейін де хабар жиі көрсетілсе, ауа сүзгісін ауыстыру керек. Жаңа ауа сүзгісімен ауыстырыңыз.
  ☛ «Ауа сүзгісін ауыстыру» 236-б
- Ауа сүзгісін әрбір 20 000 сағат сайын тазалап тұру керек. Егер проекторды шаң-тозаңы көп жерде пайдаланатын болсаңыз, одан да жиі тазалап тұрыңыз.
- Air Filter Notice параметріне қатысты индикаторлар мен хабарлар тек **Air Filter Notice** параметрі конфигурация мәзірінен **On** мәніне орнатылған болса ғана көрсетіледі.
  ☛ **Extended** - **Display** - **Air Filter Notice** 168-б

Бұл бөлімде ауа сүзгісін қалай ауыстыру керектігі түсіндіріледі.

Ауа сүзгісін ауыстыру

Ауа сүзгісін ауыстыру кезеңі

Егер тіпті ауа сүзгісі тазаланса да хабар жиі көрсетілсе, ауа сүзгісін ауыстырыңыз.

Ауа сүзгісін ауыстыру жолы

Ауа сүзгісі тіпті проектор төбеге ілінген болса да ауыстыруға болады.

1. Проектордың қуатын өшіруден және растау зуммері сигнал бергеннен кейін қуат сымын ажыратыңыз.

2. Ауа сүзгісінің қақпағын алыңыз.
   Ауа сүзгісі қақпағының тетігін саусақтарыңызбен қысып, жоғары көтеріңіз және тетікті басып тұрып, қақпақты алыңыз.



3. Ауа сүзгісін алыңыз.
   Ауа сүзгісінің тетігін ұстап, сүзгіні сыртқа тартыңыз.



4. Жаңа ауа сүзгісін орнатыңыз.
   Орнына шырт етіп отырғанша басыңыз.



5. Ауа сүзгісінің қақпағын бекітіңіз.



Пайдаланылған ауа сүзгілерін жергілікті ережелерге сай дұрыс лақтырыңыз.
Жақтау бөлігінің материалы: Полипропилен
Сүзгі бөлігінің материалы: Полипропилен

Түстің калибрленуі

Әдепкі түс параметрлерінің негізінде бүкіл экранға арналған түс реңкінің нашарлауын автоматты түрде реттейді.

Автоматты реттеу функцияларына арналған жұмыс жағдайлары

Color Calibration автоматты реттеу функциясы мына шарттар бойынша жұмыс істейді:

- Экран беті тегіс және қисық не иілмеген
- Күңгірт ақ түсті диффузиялық экранды пайдалану
- Проекциялау өлшемі - 80-200 дюйм
- Проектордың теңшелуі проекцияланатын бетке параллель

- Мына объективтерді пайдалану кезінде автоматты түрде реттеу қолжетімсіз болады.
  ELPLX02, ELPLX02W, ELPLR04, ELPLL08, ELPLL07
- Color Calibration процесін проекторды қосқан соң немесе A/Б дыбыссыз режимін өшірген соң 20 минуттан кейін орындауды ұсынамыз.
- Реттеу параметрлерінің дәлдігін арттыру үшін, реттеу жұмыстарын жасамас бұрын кескіндерді проекциялау кезінде бөлмені қараңғылап қоюды ұсынамыз.
- Автоматты реттеу процесі проектордың алдына орнатылған камера арқылы орындалады. Камераны немесе проекцияланған кескінді жаппаңыз.
- Автоматты реттеу шамамен бір минут және 30 секунд алады.
- Автоматты реттеу жұмыстарын орындағаннан кейін, Color Uniformity және Color Matching параметрлері өздерінің әдепкі мәндеріне қайтып оралады.
- Жоспарлау функциясын пайдалану арқылы орнатып жатқанда бүкіл экранның түсін автоматты түрде реттей аласыз.
  ☛ «Жоспарлау функциясы» 130-б
- Color Calibration параметрі дұрыс жұмыс істемесе, мынаны көріңіз.
  ☛ «Автоматты реттеу жұмыстары дұрыс орындалмады» 224-б

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** ішінен **Color Calibration** параметрін таңдаңыз.
3. **Start Auto Adjustment** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Реттеу үлгісі көрсетіледі және реттеу жұмысы басталады. Егер проекцияланған кескін реттеу жұмысынан бұрын көрсетілсе, процедура аяқталады.

- Қате пайда болған жағдайда мынаны қараңыз. ☛ «Автоматты реттеу жұмыстары дұрыс орындалмады» 224-6
- Автоматты реттеуден бұрынғы күйге оралу үшін, **Undo** функциясын таңдаңыз. **Undo** функциясын таңдағаннан кейін **Redo** функциясын таңдасаңыз, кескінді автоматты реттеуден кейінгі күйге келтіреді.
- **Color Calibration** параметрін теңшелетін мәніне келтіру үшін, **Reset** түймесін таңдаңыз.

Панельді туралау

СКД панелінің пиксельдік түс жылжуын реттейді. Пиксельдерді тігінен және көлденең ±3 пиксель ауқымында 0,125 пиксель бойынша реттеуге болады.

- СКД туралау әрекетін орындаған соң кескін сапасы нашарлауы мүмкін.
- Проекцияланған экранның жиегінен асатын пиксельдері бар кескіндер көрсетілмейді.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** ішінен **Display** параметрін таңдаңыз.
3. **Panel Alignment** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



4. **Panel Alignment** функциясын іске қосыңыз.



(1) **Panel Alignment** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

5 Реттегіңіз келген түсті таңдаңыз.

(1) **Select Color** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **R** (қызыл) немесе **B** (көк) опциясын таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

(3) Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

6 **Pattern Color** мәзірінде реттеулерді орындаған кезде көрсетілетін тор түсін таңдаңыз.

(1) **Pattern Color** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) Тор түсі үшін R (қызыл), G (жасыл) және B (көк) қосындысын таңдаңыз.

R/G/B: Барлық үш түстің аралас қосынысын көрсетеді: қызыл, жасыл және көк. Тордың өзінің түсі – ақ.

R/G: Бұл **R** опциясы **Select Color** мәзірінен таңдалған кезде қол жетімді болады. Екі түстің аралас қосындысын көрсетеді: қызыл және жасыл. Тордың өзінің түсі – сары.

G/B: Бұл **B** опциясы **Select Color** мәзірінен таңдалған кезде қол жетімді болады. Екі түстің аралас қосындысын көрсетеді: жасыл және көк. Тордың өзінің түсі – көгілдір.

(3) Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

7 **Start Adjustments** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Алдымен **Shift the whole panel** параметрін таңдап, толық СКД панелін реттеңіз. Іске қосуды растау хабары көрсетілген кезде, реттеуді бастау үшін [↵] түймесін басыңыз.

Реттеу барысында кескін бұрмаланған болуы мүмкін. Реттеулер аяқталған соң кескін қалпына келеді.

8 [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланып реттеулерді орындаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

9 Егжей-тегжейлі реттеулер орындау үшін, **Adjust the four corners** таңдап, растау үшін [↵] түймесін басыңыз.

10 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып реттеулерді орындаңыз да, келесі реттелетін жерге жылжу үшін [↵] түймесін басыңыз.

11 Бұрыштардың төртеуін де реттеген соң, **Exit** опциясын таңдап, [↵] түймесін басыңыз.



Төрт жерді де түзетіп болған соң әлі де параметрлерді реттеу керек екенін сезсеңіз, **Select intersection and adjust** таңдап, реттеу жұмыстарын жалғастырыңыз.

Түстің біртектілігі

Толық экранның түсті реңкінің тепе-теңдігін реттейді.

Түс реңкі тіпті түсті біркелкі ету функциясын орындаған соң да бірдей болмауы мүмкін.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Extended** ішінен **Display** параметрін таңдаңыз.

3 **Color Uniformity** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Келесі экран көрсетіледі.



Color Uniformity: Түстің біртектілігін қосады немесе өшіреді.

Adjustment Level: Ақ түстен сұр түске, сондай-ақ, қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әрбір деңгейді бөлек реттей аласыз.

Start Adjustments: Түсті бірыңғай реттей бастайды.

Reset: Барлық **Color Uniformity** реттеулері мен параметрлерін бастапқы мәндеріне қалпына келтіреді.

Color Uniformity параметрін реттеу барысында кескін бұрмаланған болуы мүмкін. Реттеулер аяқталған соң кескін қалпына келеді.

4 **Color Uniformity** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

5 **On** күйіне орнатыңыз да, [Esc] түймесін басыңыз.

6 **Adjustment Level** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

7 Реттеу деңгейін орнату үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

8 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

9 **Start Adjustments** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

10 Реттегіңіз келетін аймақты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Алдымен сыртқы аймақтарды, сосын барып бүкіл экранды реттеңіз.



11 Реттегіңіз келген түсті таңдау үшін [▲][▼] түймелерін басып, реттеу үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

Түс реңкін азайту үшін [◀] түймесін басыңыз. Түс реңкін күшейту үшін [▶] түймесін басыңыз.



12 6-қадамға оралып, әрбір деңгейді реттеңіз.

13 Реттеу орындалғаннан кейін, [Menu] түймесін басыңыз.

Қосымша

Epson Projector Management

Epson Projector Management компьютер мониторында желіге қосылған бірнеше Epson проекторларының күйін тексеру және компьютерден проекторларды басқару сияқты операцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Epson Projector Management бағдарламалық жасақтамасын келесі сайттан жүктеп алыңыз.

http://www.epson.com

Параметрлерді веб-шолғыш арқылы өзгерту(Epson Web Control)

Желідегі проекторға қосылған компьютердің немесе мобильді құрылғының веб-шолғышын пайдаланып функцияларды орнатуға және проекторды басқаруға болады. Бұл функция реттеу және басқару әрекеттерін қашықтан орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бірнеше проекторларды қолданған кезде белгілі бір проекторды басқара аласыз.

Веб-шолғыш ретінде Internet Explorer 9.0 немесе Microsoft Edge шолғышын пайдаланыңыз. OS X үшін Safari бағдарламасын қолданыңыз.

Егер **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатсаңыз, тіпті проектор күту режимінде болса да (қуат өшірулі кезде) веб-шолғышты пайдаланып параметрлерді орнатуға және басқаруды орындауға болады.

☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-б

Epson Web Control экранын көрсету

Epson Web Control экранын көрсету үшін, төмендегі процедураны орындаңыз.

Құрылғыңыз және проектор желіге қосуға дайын екенін тексеріңіз.

Егер веб-шолғыш прокси сервері арқылы қосылатындай етіп орнатылған болса, Epson Web Control экраны көрсетілмейді. Веб-басқару экранын көрсету үшін қосылым үшін прокси-сервер орнатылмайтындай параметрлерді орнату керек.

1 Құрылғыңызды қосылған проекторға сәйкес желіге қосыңыз.

Қосылым әдісі құрылғыға байланысты әртүрлі болады. Толық мәлімет алу үшін, құрылғыңызбен бірге берілетін нұсқаулықты оқыңыз. Мобильді құрылғыны пайдаланғанда, Wi-Fi параметрлерін тексеріңіз.

2 Құрылғыңызда веб-браузерді іске қосыңыз.

3 Веб-шолғыштың URL өрісінде қосылған проектордың мекенжайын енгізу арқылы қосыңыз.

Home экраны көрсетіледі.



❶ **Basic Control**

☛ «Basic Control экраны» 246-б

❷ **OSD Control Pad**

☛ «OSD Control Pad экраны» 247-б

❸ **Test Pattern**

☛ «Сынақ үлгісі операциясы экраны» 249-б

❹ **Remote Camera Access**

☛ «Remote Camera Access экраны» 250-б

❺ **Advanced**

Advanced экранына өтесіз.

❻ **Status Information**

☛ «Status Information экраны» 250-б

❼ **Lens Control**

☛ «Lens Control экраны» 248-б

- Home экранындағы функцияларды орындаған кезде, сізден пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізу сұралуы мүмкін.

  Келесі пайдаланушы аттары және құпиясөздер түрлері қолжетімді.

  Remote: Пайдаланушы аты - "EPSONREMOTE" және әдепкі құпия сөз - "guest".

  Web Control: Пайдаланушы аты - "EPSONWEB" және әдепкі құпия сөз - "admin".
- Пайдаланушы атын өзгерту мүмкін емес. Құпия сөзді Конфигурация мәзіріндегі Network мәзірінен өзгертуге болады.

  ☛ **Network** - **Basic** - **Remote Password**, **Web Control Password** 176-б
- Тіпті құпия сөз өшірулі болса да веб-басқару құпия сөзі үшін пайдаланушы атын енгізуіңіз қажет
- **Advanced** экранынан тек төмендегі элементтерді ғана орната аласыз.

  Monitor Password (16 жалғыз байттық әріптік-сандық таңбаға дейін)

  ☛ **Network** - **Basic** - **Monitor Password**176-б

  IPv6 параметрлері (Қолмен)

  ☛ **Network** - **IPv6 Settings**178-б, 182-б

  HTTP портын қосу (Веб басқару үшін пайдаланылатын порт нөмірі үшін, 80 нөмірінен басқасын пайдалану (әдепкі), 843, 3620, 3621, 3625, 3629, 4352, 4649, 5357, 10000, 10001, 41794)

  ☛ **Network** - **Others**185-б

Basic Control экраны

Негізгі проектор әрекеттерін орындай аласыз.



1. Home screen экранына өткізеді.
2. Проекторды қосады.
3. Мақсатты кескінге ауысады.
4. Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді.
5. Дыбыс деңгейін реттеуге болады.
6. Кіріс сигналын автоматты түрде анықтайды.
7. Проекторды өшіреді.

OSD Control Pad экраны

Проектордың Конфигурация мәзірін пайдалануыңызға болады.



1. Home screen экранына өткізеді.
2. Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады.
3. Конфигурация мәзірін саусағыңызбен немесе тінтуірдің көмегімен басқара аласыз.
   Элементті таңдау үшін шертіңіз және таңдауды растау үшін басыңыз.
4. Configuration мәзірінде "[**Default**] :Reset" хабары көрсетілгенде осы белгішені таңдау арқылы параметрлерді әдепкі мәндеріне келтіруге болады.
5. Конфигурация мәзіріндегі алдыңғы мәзір деңгейіне оралады.
6. OSD Control Pad экранын пайдалану арқылы ақпаратты көрсетеді.

Epson Web Control параметрінде орнатылмайтын Конфигурация мәзірінің элементтері төменде берілген.

- Signal мәзірі- EDID, DDC Buffer
- Settings мәзірі - User Button
- Extended мәзірі - Display - Message Position
- Extended мәзірі - User's Logo
- Extended мәзірі - Operation - Advanced - BNC Sync Termination, AC Voltage Monitoring, Lens Type
- Extended мәзірі - Operation - Lens Calibration
- Extended мәзірі - Language

Әр мәзірдегі элементтер үшін параметрлер проектордың Конфигурация мәзіріндегімен бірдей.

☛ «Конфигурация мәзірі» 156-б

Lens Control экраны

Проектордың объективін басқара аласыз.

Фокустау/бұрмалану операциясы экраны



1. Home screen экранына өткізеді.
2. Фокусты реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз.
3. Фокусты реттеу үшін түймелерді басыңыз.
4. Кескін деформациялануын реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз.*
5. Кескін деформациялануын реттеу үшін түймелерді басыңыз.*
6. Фокустау/бұрмалану әрекеті экранын көрсетеді.
7. Масштабтау әрекеті экранын көрсетеді.
8. Объективті ығыстыру әрекеті экранын көрсетеді.
9. Сынақ үлгісі операциясы экранын көрсетеді.
10. Жад операциясы экранын көрсетеді.

* Бұл ELPLU02 үшін қолжетімді емес.

Масштабтау операциясы экраны

Бұл ELPLX02, ELPLX02W және ELPLR04 үшін қолжетімді емес.



1. Масштабтауды реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз.
2. Масштабты реттеу үшін түймелерді басыңыз.

Объективті ығыстыру операциясы экраны



1. Кескіннің орнын көк шаршы ретінде көрсетеді. Кескіннің орнын жылжытқанда, орналасатын орнында қызыл шаршы көрсетіледі.

② Кескіннің тік қалпын көрсетеді. Кескіннің орнын оны басу арқылы және санды енгізу арқылы тікелей көрсете аласыз.

③ Кескіннің орнын жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжытады.

④ Растау терезесінде **OK** түймесін бассаңыз, объектив орнын бастапқы орынға жылжытады.

⑤ Кескіннің көлденең қалпын көрсетеді. Кескіннің орнын оны басу арқылы және санды енгізу арқылы тікелей көрсете аласыз.

Сынақ үлгісі операциясы экраны



① Сынақ үлгіні көрсетеді.

② Сынақ үлгісін жабады.

Жад операциясының экраны

Жад функциялары туралы мәліметтер алу үшін келесіні қараңыз.

☛ «Жад функциясы» 128-6



① Жадты жүктейді.

② Жадты сақтайды.

③ Жадтардың тізімін көрсетеді.

④ Жадты жояды.

⑤ Жад атауын өзгертеді.

Status Information экраны

Проектордың күйін тексере аласыз. Дисплей туралы мәліметтер алу үшін келесіні қараңыз.

☛ «Күй дисплейін оқу» 209-6



1. Home screen экранына өткізеді.
2. Элемент атауын көрсетеді.
3. Әр элементтің күйін көрсетеді.
4. Санатты келесіден таңдайды.
   Status Information, Source, Signal Information, Network Wired, Network Wireless, Maintenance, Version, Air Temp Info, Voltage Warning Info

Remote Camera Access экраны

Проекцияланған кескінді суретке түсіріп алуға болады.



1. Түсірілген кескінді көрсетеді.
2. Проекцияланған кескінді суретке түсіріп алу үшін **Shoot** басыңыз.
3. Суретке түсіру кезінде түрін реттейді.
4. Түсірілген кескінді үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Проекцияланған кескінді қашықтағы жерден тексеру

Проекцияланған кескінді қашықтағы жерден түсіру арқылы, оны пайдаланылып жатқан құрылғыдан тексеруге болады.

- **Network** - **Others** мәзіріндегі **Secure HTTP** функциясы **On** күйіне орнатылғанын тексеріңіз.
- ELPLX02/ELPLX02W бекітілген кезде оны пайдалану мүмкін емес.
- Камераға қашықтан қатынасу функциясы келесі функцияларды пайдаланану кезінде қолжетімді емес.
  - Орнатылған камераны пайдалану кезінде (мозаика, экранды сәйкестендіру, түсті калибрлеу)
  - Объективті калибрлеу
  - Epson Projector Management бағдарламалық жасақтамасындағы Message Broadcasting мүмкіндігі
- Камераға қашықтан қатынасу функциясын пайдалану кезінде келесі функциялар жойылады.
  - Split Screen
  - A/V Mute
  - Бастапқы экран дисплейі
  - On-Screen Display (хабар жасырылған кезде)

1 **Password Protection** экранындағы **Remote Camera Access** функциясын **Off** күйіне орнатыңыз.

☛ «Password Protection орнату» 135-6



2 **Network** мәзірінен **Remote Camera Access** функциясын таңдаңыз.



3 **Password** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Құпиясөзге 32 жалғыз байттық алфавиттік-сандық таңбаға дейін (* : және бос орындарды қолдану мүмкін емес) орнатуға болады.



4 **Remote Camera Access** функциясын **On** күйіне орнатыңыз.



5 Желіге қосылған компьютерде немесе мобильді құрылғыда веб-шолғышты іске қосыңыз.

6 Epson Web Control экранына қосылу үшін шолғыштың мекенжайды енгізу өрісінде проектордың IP мекенжайын енгізіңіз.

7 **Remote Camera Access** функциясын таңдаңыз.

Жүйеге кіру экраны көрсетілгенде, пайдаланушы аты мен құпиясөзіңізді енгізіңіз. (Пайдаланушы аты – EPSONWEB және әдепкі бойынша құпия сөз – admin.)



8 **Shoot** түймесін басыңыз.



9 Құпиясөз экраны көрсетілсе, **Remote Camera Access** - **Password** мәзіріне арналған 3-қадамда орнатылған құпиясөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескінде хабар көрсетіліп, суретке түсіру басталады. Кескін алу үшін шамамен алты секунд қажет.

- Түрін қажетінше реттеңіз. Қандай да бір реттеулер жасасаңыз, суретке қайта түсіріп, реттелген кескінді тексеріңіз.
- Суретке түсіру кезінде, проекторды өшіруден басқа ешбір әрекеттерді орындау мүмкін емес.
- Ескертуді немесе ескерту хабарын суретке түсіріп алу мүмкін емес.

Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату

Проектордың қауіпсіздік параметрлері ретінде электронды куәлікті пайдалана аласыз.

Электронды куәлікті проектордың Network мәзірінен орната аласыз. Алайда, міндетті түрде тек бір рет қана тіркеліңіз, әйтпесе куәлік дұрыс орнатылмауы мүмкін.

☛ «Сымсыз желінің қауіпсіздігін орнату» 148-б

1 Проектор қолдау көрсететін куәлікті дайындаңыз.

2 Проектордың қосылғанына көз жеткізіңіз.

3 Желіге қосылған компьютерде немесе мобильді құрылғыда веб-шолғышты іске қосыңыз.

4 Epson Web Control экранына қосылу үшін шолғыштың мекенжайды енгізу өрісінде проектордың IP мекенжайын енгізіңіз.

Epson Web Control экраны көрсетіледі.



5 **Advanced** экранын таңдаңыз.

Кеңейтілген экранды көрсету үшін жүйеге кіру қажет. Жүйеге кіру экраны көрсетілгенде, пайдаланушы аты мен құпиясөзіңізді енгізіңіз. (Пайдаланушы аты – EPSONWEB және әдепкі бойынша құпия сөз – admin.)

6 **Network** мәзірінен **Certificate** таңдаңыз.

7 **Choose File** түймесін басыңыз, куәлік файлын таңдаңыз.

8 **Password** өрісінде құпиясөзді енгізіп, **Send** түймесін басыңыз.

9 Параметрлерді орнату аяқталғаннан кейін **Apply** түймесін басыңыз.

Мәселелер туралы есеп беру үшін Mail Notification функциясын пайдалану

Mail Notification функциясын орнатқанда, проекторда мәселе немесе ескерту орын алса, алдын ала орнатылған электрондық пошта мекенжайларына хабарландыру хабарлары жіберіледі. Бұл операторға тіпті проекторлардан алыста болғанда да проекторлардағы мәселелер туралы хабарлар болуға мүмкіндік береді.

☛ **Network** - **Notifications** - **Mail Notification** 184-б

- Ең көбі үш хабарландырудың мақсатты орындарын (мекенжайларды) тіркеуге болады және хабарландыру хабарлары бірден бүкіл үш мақсатты орынға жіберіле алады.
- Егер проекторда өте маңызды мәселе пайда болса және кенет жұмыс істемей қалса, ол операторға мәселе туралы хабарлайтын хабарды жібере алмауы мүмкін.
- Егер **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатсаңыз, проекторды тіпті күту режимінде (қуат өшірулі) болса да басқара аласыз.

☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-б

Қате туралы хабарландыру электрондық хаттарын оқу

"Поштамен хабарландыру" функциясы On күйіне орнатылған болса және проекторда мәселе немесе ескерту орын алса, келесі электрондық хабар жіберіледі.

ЖІберуші: **From** өрісінде белгіленген электрондық пошта мекенжайы

Тақырып: EPSON Projector

1-жол: Мәселе орын алған проектордың атауы

2-жол: Мәселе орын алған проектор үшін орнатылған IP мекенжайы.

3-жол және басқалары: Мәселенің мәліметтері

Мәселенің мәліметтері бөлек-бөлек жол түрінде тізіледі. Негізгі хабар мазмұны төменде тізімделеді.

- Clean Air Filter
- Constant brightness expired (Constant Bright. End)
- Internal error
- Fan related error

- Sensor error
- Laser error (Laser Error/Laser қосылмайды)
- Laser warning
- Retardation Plate Error
- Internal temperature error
- High-speed cooling in progress
- Low Air Flow
- Low Air Flow Error
- No-signal
  Проекторға сигнал кірмейді. Қосылым күйін тексеріңіз немесе сигнал көзінің қуаты қосулы екенін тексеріңіз.
- Lens shift error
- No lens

Мәселелерді немесе ескертулерді шешу үшін мыналарды қараңыз.

☛ «Көрсеткіштерді оқу» 201-б

SNMP пайдаланып басқару

Конфигурация мәзірінде **SNMP** параметрін **On** күйіне орнатса, мәселе немесе ескерту орын алғанда көрсетілген компьютерге хабарландыру хабарлары жіберіледі. Бұл функция проектордан алыс бір жерде жүрсеңіз де, проекторлардағы мәселелерді тексеруге мүмкіндік береді.

☛ **Network** - **Notifications** - **SNMP** 184-б

- SNMP желілік әкімші немесе желімен таныс біреу басқаруы керек.
- Проекторды бақылау үшін SNMP функциясын пайдалану үшін компьютерде SNMP реттегіш бағдарламасын орнату керек.
- Осы проектор үшін SNMP агенті 1 (SNMPv1) нұсқасына сай.
- SNMP пайдаланып басқару функциясын Quick қосылым режимінде сымсыз жергілікті желі бойынша пайдалану мүмкін емес.
- Екіге дейін мақсатты IP мекенжайларын сақтауға болады.

ESC/VP21 пәрмендері

Проекторды ESC/VP21 қызметін пайдаланып сыртқы құрылғыдан басқаруға болады.

Пәрмендер тізімі

Проекторға қуатты ҚОСУ пәрмені жіберілгенде, қуат қосылады және ол қыздыру режиміне кіреді. Проектордың қуаты қосылғанда, қос нүкте ":" (3Ah) қайта көрсетіледі.

Пәрмен енгізілгенде проектор пәрменді орындайды және ":" қайтарады, содан кейін келесі пәрменді қабылдайды.

Егер өңделіп жатқан пәрмен әдеттен тыс аяқталса, қате туралы хабар және ":" көрсетіледі.

Негізгі мазмұны төменде тізімделеді.

Элемент		Пәрмен
Қуатты ҚОСУ/ӨШІРУ	On	PWR ON
	Off	PWR OFF

Элемент			Пәрмен
Сигналды таңдау	Computer	Auto	SOURCE 1F
		RGB	SOURCE 11
		Component	SOURCE 14
	BNC	Auto	SOURCE BF
		RGB	SOURCE B1
		Component	SOURCE B4
	HDMI		SOURCE 30
	LAN		SOURCE 53
	SDI (тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/ EB-L1490U)		SOURCE 60
	DVI-D		SOURCE A0
	HDBaseT		SOURCE 80
A/V дыбыс өшіруді қосу/ өшіру	On		MUTE ON
	Off		MUTE OFF

Әр пәрменнің соңына жылжыма бөлікті қайтару (CR) кодын (0Dh) қосыңыз және жіберіңіз.

Қосымша мәліметтер алу үшін жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.

☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Кабель орналасулары

Бірізді байланыс

- Қосқыш пішіні: D-Sub 9 істік (аталық)
- Проектор кіріс портының атауы: RS-232C

<Проекторда> <Компьютерде>



<Проекторда> (ДК сериялық кабелі) <Компьютерде>



Сигнал атауы	Функция
GND	Сигнал сымын жерге тұйықтау
TD	Деректерді тасымалдау
RD	Деректерді алу

Байланыс протоколы

- Әдепкі бодпен көрсетілген деректерді тасымалдау жылдамдығының параметрі: 9600 б/сек
- Деректердің ұзындығы: 8 бит
- Жұптық: Жоқ
- Тоқтату биті: 1 бит

• Ағынды басқару: Жоқ

PJLink туралы

PJLink құралын JBMIA (Жапондық көшіру құрылғыларын өндірушілер қауымдастығы) бақылау протоколдарын бір жүйеге келтіруге тырысқан ниеттерінің бөлігі ретінде желімен үйлесімді проекторларды бақылауға арналған қалыпты протокол ретінде бекіткен.

Проектор JBMIA бекіткен PJLink Class2 стандартына сәйкес келеді.

PJLink іздеу функциясымен пайдаланылатын порт нөмірі – 4352 (UDP).

PJLink пайдаланудан бұрын желі параметрлерін орнату қажет. Желі параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін төмендегіні қараңыз.

☛ «Network мәзірі» 174-б

Ол төменде көрсетілгендерден өзге PJLink Class2 белгілеген барлық пәрмендермен және PJLink стандартты бейімділік тексерісімен расталған келісімшартпен үйлесімді.

URL: http://pjlink.jbmia.or.jp/english/

• **Үйлесімді емес пәрмендер**

Функция		PJLink пәрмені
Өшіру параметрлері	Кескін дыбысын өшіруді орнату	AVMT 11
	Аудио дыбысын өшіруді орнату	AVMT 21

• **Енгізу порттары мен сәйкес енгізу көзінің нөмірі**

Енгізу портының атауы	Енгізу көзінің нөмірі
Computer	11
BNC	13
DVI-D	31
HDMI	32
SDI (тек EB-L1755U/EB-L1750U/EB-L1505UH/EB-L1500UH/EB-L1495U/EB-L1490U)	34
LAN	52
HDBaseT	56

• "Өндіруші аты туралы ақпаратты сұрау" үшін көрсетілетін өндіруші аты
EPSON

• "Өнім атауы туралы ақпаратты сұрау" үшін көрсетілетін үлгі атауы
EPSON L1755U/L1750U
EPSON L1505UH/L1500UH
EPSON L1495U/L1490U
EPSON L1715S/L1710S
EPSON L1515S/L1510S

Crestron RoomView® туралы

Crestron RoomView® - Crestron® ұсынған жетілдірілген басқару жүйесі. Ол желіге қосылған бірнеше құрылғыларды бақылау және басқару үшін қолданылады.

Проектор басқару протоколына қолдау көрсетеді және сол себепті оны Crestron RoomView® арқылы құрылған жүйеде пайдалануға болады.

Crestron RoomView® туралы толық ақпарат алу үшін Crestron® веб-сайтына кіріңіз. (Тек ағылшын тілді дисплейлерге қолдау көрсетіледі.)

http://www.crestron.com

Төменде Crestron RoomView® қызметіне жалпы шолу ұсынылған.

- **Веб-шолғышты пайдаланып қашықтан жұмыс істеу**
  Қашықтан басқару құралын пайдаланғандай проектормен компьютерден жұмыс істей аласыз.
- **Қолданбаның бағдарламалық жасақтамасын пайдаланып бақылау және басқару**
  Crestron RoomView® Express немесе Crestron RoomView® Crestron арқылы берілген серверлік нұсқаны® жүйедегі құрылғыларды басқару, анықтама үстелімен байланысу және апат хабарларын жіберу үшін пайдалануға болады. Толық ақпарат алу үшін төмендегі веб-сайтқа кіріңіз.
  http://www.crestron.com/getroomview

Бұл нұсқаулықта компьютерде веб-шолғышты пайдаланып әрекеттер орындау жолдары сипатталған.

- Тек қана бір биттік әріптік-сандық таңбалар мен белгілерді енгізе аласыз.
- Келесі функцияларды Crestron RoomView® қызметін пайдалану кезінде қолдануға болмайды.
  ☛ «Параметрлерді веб-шолғыш арқылы өзгерту(Epson Web Control)» 244-6
  Epson Projector Management бағдарламалық жасақтамасындағы Message Broadcasting мүмкіндігі
- Егер **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатсаңыз, проекторды тіпті күту режимінде (қуат өшірулі) болса да басқара аласыз.
  ☛ **Extended** - **Standby Mode** 168-6

Проекторды компьютерден басқару

Жұмыс терезесін көрсету

Кез келген әрекетті орындамас бұрын келесілерді тексеріңіз.

- Компьютер және проектор желіге қосылғанын тексеріңіз.
- **Network** мәзірінен **Crestron RoomView** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Network** - **Others** - **Crestron RoomView** 185-6

1. Компьютерде веб-браузерді іске қосыңыз.
2. Веб-шолғыштың мекенжай өрісінде проектордың IP мекенжайын енгізіп, пернетақтадағы Enter пернесін басыңыз.
   Жұмыс терезесі көрсетіледі.

Жұмыс терезесін пайдалану



❶ Түймелерді басқанда келесі әрекеттерді орындай аласыз.

Түйме	Функция
Power	Проекторды қосады немесе өшіреді.
Vol-/Vol+	Дыбыс деңгейін реттейді.
A/V Mute	Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 123-б

❷ Таңдалған кіріс көзіндегі кескінге ауысады. Көздер тізімінде көрсетілмеген кіріс көздерін көрсету үшін, жоғары не төмен айналдыру үшін (a) не (b) түймелерін басыңыз. Ағымдағы бейне сигналының кіріс көзі көк түспен көрсетіледі.

Қажет болса, кіріс көзі атауын өзгерте аласыз.

❸ Түймелерді басқанда келесі әрекеттерді орындай аласыз. Source List тізімінде көрсетілмеген түймелерді көру үшін солға не оңға жылжу үшін (c) не (d) түймесін пайдаланыңыз.

Түйме	Функция
Freeze	Суреттер кідіртіледі немесе кідірту болдырылмайды. ☛ «Кескінді қатыру (Freeze)» 124-б
Contrast	Кескіндердегі жарық пен көлеңке арасындағы айырмашылықты реттейді.
Brightness	Суреттің жарықтығын реттейді.
Color	Кескіндердің түс қанықтығын реттейді.
Sharpness	Суреттің анықтығын реттейді.
Zoom	Проекциялау өлшемін өзгертпей кескінді үлкейту үшін, [⊕] түймесін басыңыз. [⊕] түймесі арқылы үлкейтілген кескінді кішірейту үшін, [⊖] түймесін басыңыз. Үлкейтілген кескіннің орнын өзгерту үшін, [▲] [▼] [◀] [▶] түймелерін басыңыз. ☛ «Кескіннің бір бөлігін үлкейту (E-Zoom)» 125-б

❹ [▲] [▼] [◀] [▶] түймелері қашықтықтан басқару пультіндегі [▲] [▼] [◀] [▶] түймелерімен бірдей операцияларды орындайды. Өзге түймелерді басқанда келесі әрекеттерді орындай аласыз.

Түйме	Функция
OK	Қашықтан басқару пультіндегі [↵] түймесімен бірдей әрекетті орындайды. ☛ «Қашықтықтан басқару пульті» 23-б
Menu	Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады.

Түйме	Функция
Auto	Computer портынан аналогтық RGB сигналдарын проекциялау кезінде бассаңыз, Tracking, Sync. және Position параметрлерін автоматты түрде оңтайландыруға болады.
Search	Суретті жіберетін келесі кіріс көзіне ауыстырады. ☛ «Кіріс сигналдарды автоматты түрде анықтау және проекцияланған кескінді өзгерту (Source Search)» 68-б
Esc	Қашықтан басқару пультіндегі [Esc] түймесі орындайтын әрекетпен бірдей әрекетті орындайды. ☛ «Қашықтықтан басқару пульті» 23-б

❺ Қойындыларды басқанда келесі әрекеттерді орындай аласыз.

Қойынды	Функция
Contact IT Help	Анықтама қызметі терезесін көрсетеді. Crestron RoomView® Express қызметін пайдаланып әкімшіге хабарлама жіберу және одан хабарлама алу үшін қолданылады.
Info	Ағымда қосылған проектор туралы ақпаратты көрсетеді.
Tools	Ағымда қосылған проектор параметрлерін өзгертеді. Келесі бөлімді қараңыз.

Құралдар терезесін пайдалану

Жұмыс істеу терезесіндегі **Tools** қойындысын басқанда келесі терезе көрсетіледі. Ағымда қосулы тұрған проектор параметрлерін өзгерту үшін осы терезені пайдаланыңыз.



❶ **Crestron Control**
Crestron® орталық контроллерлеріне арналған параметрлерді орнатыңыз.

❷ **Projector**
Келесі элементтерді орнатуға болады.

Элемент	Функция
Projector Name	Ағымда қосулы тұрған проекторды желідегі өзге проекторлардан ажырата алу үшін оның атауын енгізіңіз. (Атау 15 бір биттік әріптер мен сандық таңбаны қамти алады.)
Location	Желіге ағымда қосылған проекторға арналған орнату орнының атауын енгізіңіз. (Атау 32 бір биттік әріптер мен сандық таңба мен белгіні қамти алады.)
Assigned To	Проектор үшін пайдаланушы атын енгізіңіз. (Атау 32 бір биттік әріптер мен сандық таңба мен белгіні қамти алады.)

Элемент	Функция
DHCP	DHCP пайдалану үшін **Enabled** ұяшығына құсбелгі қойыңыз. DHCP қосылған болса, IP мекенжайын енгізе алмайсыз.
IP Address	Ағымда қосылған проекторға тағайындау үшін IP мекенжайын енгізіңіз.
Subnet Mask	Ағымда қосылған проектор үшін желі бүркенішін енгізіңіз.
Default Gateway	Ағымда қосылған проектор үшін шлюз мекенжайын енгізіңіз.
Send	**Projector** өрісінде жасалған өзгертулерді растау үшін осы түймені басыңыз.

❸ **Admin Password**
Tools терезесін ашу үшін құпиясөздің талап етілуін орнату үшін **Enabled** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.
Келесі элементтерді орнатуға болады.

Элемент	Функция
New Password	Tools терезесін ашу үшін құпия сөзді өзгерту кезінде жаңа құпия сөзді енгізіңіз. (Атау 26 бір биттік әріптер мен сандық таңбаны қамти алады.)
Confirm	**New Password** өрісінде енгізілген құпия сөзді енгізіңіз. Егер құпия сөздер бірдей болмаса, қате көрсетіледі.
Send	**Admin Password** өрісінде жасалған өзгертулерді растау үшін осы түймені басыңыз.

❹ **User Password**
Компьютерде жұмыс терезесін ашу үшін құпия сөздің талап етілуін орнату үшін **Enabled** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.
Келесі элементтерді орнатуға болады.

Элемент	Функция
New Password	Жұмыс терезесін ашу үшін құпия сөзді өзгерту кезінде жаңа құпия сөзді енгізіңіз. (Атау 26 бір биттік әріптер мен сандық таңбаны қамти алады.)
Confirm	**New Password** өрісінде енгізілген құпия сөзді енгізіңіз. Егер құпия сөздер бірдей болмаса, қате көрсетіледі.
Send	**User Password** өрісінде жасалған өзгертулерді растау үшін осы түймені басыңыз.

Art-Net

Art-Net - TCP/IP протоколдарына негізделген Ethernet байланыс протоколы.

Проекторды DMX контроллері немесе қолданба жүйесі арқылы басқара аласыз.

Арна анықтамалары

Төмендегі ақпарат проекторды Art-Net ішінде басқару кезінде қолданылатын арна анықтамаларын түсіндіреді.

Channel	Функция	Operation		Параметрлер	Әдепкі мән	Жұмыс мазмұны
1	Жарықты реттеу (көмескілену)	0% - 100%		0 - 255	0	Кескіннің жарықтығын орнатады.
2	Жапқыш бақылауы	Жапқыш	Ашық	0 - 63	128	A/V Mute режимін қосады/өшіреді.
		Жұмыс істемейді		64 - 191		
		Жапқыш	Жабық	192 - 255		
3	Көзді ауыстыру	Жұмыс істемейді		0 - 7	0	Көрсетілген көзді ауыстырады.
		HDMI		8 - 15		
		Жұмыс істемейді		16 - 23		
		HDBaseT		24 - 31		
		DVI-D		32 - 39		
		Жұмыс істемейді		40 - 47		
		SDI		48 - 55		
		Computer		56 - 63		
		Жұмыс істемейді		64 - 71		
		BNC		72 - 79		
		LAN		80 - 87		
		Жұмыс істемейді		88 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 - 255		

Channel	Функция	Operation		Параметрлер	Әдепкі мән	Жұмыс мазмұны
4	Объектив позициясы	Жұмыс істемейді		0 - 31	0	Объектив ысырмасын бастапқы орнына жылжытады.
		Бастапқы позицияға жылжыту		32 - 63		
		Жұмыс істемейді		64 - 255		
5	Объективті көлденең жылжыту	(+) объектив реттеуі	Қозғалыс - Үлкен	0 - 31	128	Көрсетілген қозғалыс мөлшерінің көмегімен объективті көлденең жылжытады.
			Қозғалыс - Орташа	32 - 63		
			Қозғалыс - Кішкентай	64 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 -159		
		(-) объектив реттеуі	Қозғалыс - Кішкентай	160 - 191		
			Қозғалыс - Орташа	192 - 223		
			Қозғалыс - Үлкен	224 - 255		
6	Тік объектив ығысуы	(+) объектив реттеуі	Қозғалыс - Үлкен	0 - 31	128	Көрсетілген қозғалыс мөлшерінің көмегімен объективті тігінен жылжытады.
			Қозғалыс - Орташа	32 - 63		
			Қозғалыс - Кішкентай	64 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 -159		
		(-) объектив реттеуі	Қозғалыс - Кішкентай	160 - 191		
			Қозғалыс - Орташа	192 - 223		

Channel	Функция	Operation		Параметрлер	Әдепкі мән	Жұмыс мазмұны
			Қозғалыс - Үлкен	224 - 255		
7	Электрондық масштаб	(+) объектив реттеуі	Қозғалыс - Үлкен	0 - 31	128	Көрсетілген қозғалыс мөлшерінің көмегімен электрондық масштабтау жұмысын орындайды.
			Қозғалыс - Орташа	32 - 63		
			Қозғалыс - Кішкентай	64 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 -159		
		(-) объектив реттеуі	Қозғалыс - Кішкентай	160 - 191		
			Қозғалыс - Орташа	192 - 223		
			Қозғалыс - Үлкен	224 - 255		
8	Электрондық фокус	(+) объектив реттеуі	Қозғалыс - Үлкен	0 - 31	128	Көрсетілген қозғалыс мөлшерінің көмегімен электрондық фокустау жұмысын орындайды.
			Қозғалыс - Орташа	32 - 63		
			Қозғалыс - Кішкентай	64 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 -159		
		(-) объектив реттеуі	Қозғалыс - Кішкентай	160 - 191		
			Қозғалыс - Орташа	192 - 223		
			Қозғалыс - Үлкен	224 - 255		

Channel	Функция	Operation		Параметрлер	Әдепкі мән	Жұмыс мазмұны
9	Электрондық бұрмалану	(+) объектив реттеуі	Қозғалыс - Үлкен	0 - 31	128	Көрсетілген қозғалыс мөлшерінің көмегімен электрондық бұрмалану жұмысын орындайды.
			Қозғалыс - Орташа	32 - 63		
			Қозғалыс - Кішкентай	64 - 95		
		Жұмыс істемейді		96 -159		
		(-) объектив реттеуі	Қозғалыс - Кішкентай	160 - 191		
			Қозғалыс - Орташа	192 - 223		
			Қозғалыс - Үлкен	224 - 255		
10	Объектив жадын жүктеу	Жұмыс істемейді		0 - 15	0	Көрсетілген объектив жадын жүктейді.
		1-ші объектив жадын жүктеу		16 - 31		
		2-ші объектив жадын жүктеу		32 - 47		
		3-ші объектив жадын жүктеу		48 - 63		
		4-ші объектив жадын жүктеу		64 - 79		
		5-ші объектив жадын жүктеу		80 - 95		
		6-ші объектив жадын жүктеу		96 - 111		
		7-ші объектив жадын жүктеу		112 - 127		
		8-ші объектив жадын жүктеу		128 - 143		
		9-ші объектив жадын жүктеу		144 - 159		
		10-ші объектив жадын жүктеу		160 - 175		
		Жұмыс істемейді		176 - 255		
11	Қуатты басқару	Қуатты өшіру		0 - 63	128	Проекторды қосады немесе өшіреді.
		Жұмыс істемейді		64 - 191		

Channel	Функция	Operation	Параметрлер	Әдепкі мән	Жұмыс мазмұны
		Қуатты қосу	192 - 255		
12	Геометриялық түзету	Off	0 - 15	255	Геометриялық түзетуді орындайды.
		Көлденең/тік бұрмалану (трапециялық)	16 - 31		
		Quick Corner	32 - 47		
		Point Correction	48 - 63		
		Curved Surface	64 - 79		
		Corner Wall	80 - 95		
		1-ші геометриялық түзету жадын жүктеу	96 - 111		Геометриялық түзету жадын жүктейді.
		2-ші геометриялық түзету жадын жүктеу	112 - 127		
		3-ші геометриялық түзету жадын жүктеу	128 - 143		
		Жұмыс істемейді	144 - 175		
13	Құлыптау	Басқару мүмкін емес	0 - 127	0	Art-Net жұмыстарын қосады/өшіреді.
		Басқаруға болады	128 - 255		



Проекторды Art-Net көмегімен басқарған кезде және операцияларды қашықтықтан басқару пультімен немесе басқару панелімен орындап жатқанда, DMX контроллері немесе қолданбаның бағдарламалық жасақтамасы арқылы жасалған параметрлер нақты проектор күйінен өзгешеленуі мүмкін. Проекторға барлық арнаны басқару элементтерін қолданғыңыз келгенде, 13-ші арнаны "Басқару мүмкін емес" күйіне орнатыңыз, содан кейін қайта "Басқаруға болады" күйіне орнатыңыз.

Келесі қосымша қосалқы құралдар және шығын материалдары қол жетімді. Бұл өнімдерді қажет кезде сатып алыңыз. Келесі қосалқы керек-жарақтар және шығын материалдарының тізімі ағымдағы болып саналады: тамыз 2017. Керек-жарақтардың бөлшектері ескертусіз өзгертіледі және қолжетімділігі сатып алынған елге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Қосымша қосалқы құралдар

Объектив құрылғысы
ELPLX02, ELPLX02W, ELPLU03, ELPLU04, ELPLW05, ELPLW06, ELPLW08, ELPLM10, ELPLM11, ELPLM15, ELPLL08
Әрбір объективке қатысты проекция қашықтығы туралы қосымша ақпарат алу үшін төмендегіні қараңыз.
☛ «Экран өлшемі және проекциялау қашықтығы» 268-б

Компьютер кабелі ELPKC02
(1,8 м - шағын D-Sub15 істік/шағын D-Sub 15 істік үшін)

Компьютер кабелі ELPKC09
(3 м - шағын D-Sub15 істік/шағын D-Sub 15 істік үшін)
Компьютер кабелі ELPKC10
(20 м - шағын D-Sub15 істік/шағын D-Sub 15 істік үшін)

Бөлек бейне сигнал кабелі ELPKC19
(3 м - шағын D-Sub 15 істік/RCA аталық×3 үшін)
Component Video көзін қосу үшін пайдаланыңыз.

Қашықтан басқару кабелінің жинағы ELPKC28
(10 м, 2 дана жинағы)
Оны қашықтан басқару құралының алыстан жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолданыңыз.

HDBaseT Transmitter ELPHD01
